

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ
2016 ЖЫЛҒЫ

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



1-БӨЛІМ

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ»
ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ
2016 жылғы ҚЫЗМЕТІ





«Біз «ресурстар экономикасынан» «білім мен инновациялар экономикасына» біржола өтудеміз...

Біріншіден, біз дамушы және ең кедей елдердегі **адами капиталдың дамуына** басты назар аударуымыз керек. Ешқандай мемлекет сауатты, білімді, дені сау және іскер адамдарсыз дами алмайды. Біз білім беру мен денсаулық сақтаудың тиімді жүйесін құрудың қаншалықты қиын екенін өз тәжірибемізден білеміз - бұл шыдамдылықты, білімді және үлкен инвестицияларды қажет етеді.

Біз үшін **адами капиталға инвестициялар салу** басты басымдықтар болды және болып қалып отыр, ...

Біз әлеуметтік-қоғамдық салада **адами капиталды дамытуға инвестиция салуды** белсенді түрде жалғастырамыз.

Қазақстан Президенті
Н. Назарбаевтың IX Астана
экономикалық форумында сөйлеген сөзі
26.05.2016 ж.


МАЗМҰНЫ

	ДББҰ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАЙЫМЫ КҮЛӘШ ШАМШИДИНОВАНЫҢ ЖОЛДАУЫ	5
	ФИЛИАЛДАР ЖӘНЕ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАР ТІЗІМІ	6
	ӨЗЕКТІ ОҚИҒАЛАР мен КӨРСЕТКІШТЕР	10
	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЛАР МЕН ОЛИМПИАДАЛАРДЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ	14
1-ТАРАУ	БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ	17
2-ТАРАУ	БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ	19
2.1.	БІЛІМ АЛУШЫЛАР ЖЕЛІСІ МЕН КОНТИНГЕНТІ	20
2.2.	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ	20
2.3	ВИРТУАЛДЫҚ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ МЕКТЕП	24
3-ТАРАУ	ПЕДАГОГ КАДРЛАР	25
3.1.	ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ	26
3.2.	ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ	27
3.3	ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТІЛ ЖӘНЕ АКТҚҰЗЫРЕТТІГІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ	28
3.4.	БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ (БАЖ)	29
3.5.	ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ	33
3.6.	ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ	34
4-ТАРАУ	БІЛІМ МАЗМҰНЫ	37
4.1.	БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ	38
4.2.	ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ	46
4.3.	ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ	48
4.4.	МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ	52
4.5.	БІЛІМ БЕРУ КУРСТАРЫ	53
5-ТАРАУ	ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ	59
6-ТАРАУ	БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ	65
6.1.	БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ БАСТАПҚЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ	66
6.2.	КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ	77
6.3.	10 ЖӘНЕ 12-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ	78
6.4.	ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІ АККРЕДИТТЕУ	83
7-ТАРАУ	ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ	87
7.1.	ҮЛГЕРІМ МЕН БІЛІМ САПАСЫ	88
7.2.	ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАРҒА, ҒЫЛЫМИ БАЙҚАУЛАРҒА, КОНФЕРЕНЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСУ НӘТИЖЕЛЕРІ	89
7.3.	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАНДАР НӘТИЖЕЛЕРІ	92
7.4.	ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ТҮСУ	94
	ҚОСЫМШАЛАР	97



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 2016 жылғы 25 наурыздағы Парламенттің алтыншы шақырылымының бірінші сессиясының ашылымында: «Мен Қазақстанда 20 зияткерлік мектептің құрылысы туралы жариялаған болатынмын. Бүгін олардың барлығы салынып бітті. Бұл - мектеп біліміндегі өте маңызды серпін. Аталған мектептерде жаңартылған білім мазмұны апробациядан өтуде. Қазірдің өзінде жақсы нәтижелерге қол жеткізілді...», - деп баяндады.

«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАЙЫМЫ КҮЛӘШ ШАМШИДИНОВАНЫҢ ЖОЛДАУЫ



Құрметті әріптестер, ата-аналар, серіктестер!

2016 жылы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының (ДББҰ) қызметі Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында жүзеге асырылды.

2008 жылдан бастап ДББҰ өзінің қалыптасу жолын жүріп өтті: Зияткерлік мектептер құрылды, ең үздік отандық және халықаралық тәжірибелерге сүйеніп, жаңартылған білім мазмұны, бағалау жүйесі, мұғалімдерді кәсіби дайындау жүйесі әзірленді.

Негізгі инфрақұрылым Зияткерлік мектептер желісін мемлекеттің бүкіл аймақтарында 2015 жылы іс жүзінде аяқтау, дербес ұйымның тұрақты дамуына өту және тәжірибені еліміздің білім беру жүйесіне ауқымды тарату мүмкіндігін берді.

Астана қаласындағы екі Зияткерлік мектептің "Council of International Schools" атты Халықаралық аккредитациясын алғанын, сонымен қатар 13 мектептің «Аккредитациядан өтуге үміткер» мәртебесіне ие болғанын атап өту қажет. Бұл халықаралық стандарттарға сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің жоғары сапасының дәлелі болып табылады. Біздің мектептердің түлектері ең беделді қазақстандық және халықаралық жоғарғы оқу орындарына түседі.

Тәжірибені тарату шеңберінде ДББҰ елімізде білім беру мазмұнын жаңарту жұмыстарын жүргізуде. Біздің мамандарымыз ең үздік қазақстандық ғалымдармен және тәжірибелі мұғалімдермен бірлесе отырып, жаңа Стандарт пен оқу бағдарламаларын әзірледі.

Білім мазмұнын ойдағыдай жаңарту мақсатында 85000-нан астам мұғалім кәсіби біліктілігін көтерді. Робот техникасы бойынша таңдау курсы өткізу мақсатында 80 тренер мен жалпы білім беретін мектептерден 3000 мұғалім дайындалды.

2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап еліміздің мектептерінде жаңартылған білім мазмұнын енгізу жүріп жатыр. Жалпы білім беретін 7160 мектепте бірінші сыныптың оқушылары осы бағдарламамен оқуды бастады.

Білім беру бағдарламаларын салыстыру бойынша бірізділікті қамтамасыз ету мақсатында ЖОО-мен өзара әрекеттестік жүзеге асырылуда. Зияткерлік мектеп директорлары ЖОО-ның Қадағалау кеңесінің құрамына кірді.

Аймақтарда білім беру мазмұнын жаңарту орталықтарына айналған Зияткерлік мектептердің тәжірибесін тарату үшін жергілікті атқарушы органдармен серіктестік нығайтылуда.

ДББҰ атынан серіктестерге ынтымақтастықтары үшін, Зияткерлік мектептер тобына – адалдықтары мен кәсіпқойлықтары үшін ризашылығымды білдіремін!



«НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ» ДЕРБЕС БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

1	«Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесі	Астана қаласы, 31-көше, 37а ғимарат; 8 (7172) 23-57-50 сайты: www.cpm.kz
2	«Білім беру ресурстары орталығы» жекеменшік мекемесі	Астана қаласы, 31-көше, 37а ғимарат; Тел.: 8 (7172) 23-57-73 сайты: erc-nis.kz
3	«Салынып жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептер дирекциясы» жекеменшік мекемесі	Астана қаласы, 31-көше, 37а ғимарат; Тел.: 8 (7172) 23-58-24
4	Білім беру бағдарламалары орталығы	Астана қаласы, 31-көше, 37а ғимарат; Тел.: 8 (7172) 42 10 11 сайты: www.ccp.nis.edu.kz
5	Педагогикалық өлшеулер орталығы	Астана қаласы, 31-көше, 37а ғимарат; Тел.: 8 (7172) 23-57-66 сайты: cpi-nis.kz
6	Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Алматы қаласы, Жамақаев көшесі, 145 8 (727)3 31-01-04 Веб-сайты: fmalm.nis.edu.kz
7	Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Алматы қаласы, Елібаев көшесі, 2 Тел.: 8 (727)3 31-01-10 Веб-сайты: hbaln.nis.edu.kz
8	Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Астана қаласы, 31-көше, 37 8 (7172) 55-98-01 Веб-сайты: ast.nis.edu.kz
9	Астана қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Астана қаласы, №31, 37 8 (7172) 55-80-33 Веб-сайты: nisa.edu.kz
10	Ақтау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Ақтау қаласы, 33-ықшам- ауданы Тел.: 8 (7292) 70-10-66 Веб-сайты: akt.nis.edu.kz

11	Ақтөбе қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Ақтөбе қаласы, Батыс ықшам ауданы Тел.: 8 (7132) 70-47-80 Веб-сайты: akb.nis.edu.kz
12	Атырау қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Атырау қаласы, «Нұрсая» ықшам ауданы, 11-көше, №22 ғимарат Тел.: 8 (7122) 55-85-51 Веб-сайты: atr.nis.edu.kz
13	Қарағанды қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Қарағанды қаласы, Кеншілер даңғ., 62 Тел.: 8 (7212) 55-88-80 Веб-сайты: krg.nis.edu.kz
14	Көкшетау қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Көкшетау қаласы, Мирзоян көшесі, 59 Тел.: 8 (7162) 25-31-40 Веб-сайты: kt.nis.edu.kz
15	Қостанай қаласы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Қостанай қаласы, Гагарин көшесі, 239-ғимарат. Тел.: 8 (7142) 999-747 Веб-сайты: kst.nis.edu.kz
16	Қызылорда қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, 8 Тел.: 8 (7242) 55-11-51 Веб-сайты: kzl.nis.edu.kz
17	Павлодар қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Павлодар қаласы, Усолка ықшам ауданы, Ткачев көшесі 16/2 Тел.: 8 (7182) 733-000 Веб-сайты: pvl.nis.edu.kz
18	Петропавл қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Петропавл қаласы, Ы.Ыбраев көшесі, 22 а Тел.: 8 (7152) 55-97-22 Веб-сайты: ptr.nis.edu.kz
19	Талдықорған қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Талдықорған қаласы, Қаратал көшесі, 47 Тел.: 8 (7282) 21-98-62 Веб-сайты: tk.nis.edu.kz



20	Тараз қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Тараз қаласы, Арай 2, Домалақ Ана көшесі, 266 Тел.: 8 (7262) 99-98-55 Веб-сайты: trz.nis.edu.kz
21	Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Семей қаласы, Қабылбаев көшесі, 32 Тел.: 8 (7222) 53-24-33 Веб-сайты: sm.nis.edu.kz
22	Орал қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Орал қаласы, Мәскеу көшесі, 16 Тел.: 8 (7112) 22-27-04 Веб-сайты: ura.nis.edu.kz
23	Өскемен қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Өскемен қаласы, Комсомол көшесі, 43/1 Тел.: 8 (7232) 60-40-03 Веб-сайты: ukk.nis.edu.kz
24	Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Шымкент қаласы, Ақжайық ықшам ауданы, Элиталық қалашық, 6-құрылыс. Тел.: 8 (7252) 29-30-06 Веб-сайты: fmsh.nis.edu.kz
25	Шымкент қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі	Шымкент қаласы, Нұрсәт ықшам ауданы, 1-А. Тел.: 8 (7252) 42-51-70, 8 (7252) 42-50-96 Веб-сайты: hbsh.nis.edu.kz
26	Астана қаласы халықаралық мектебі	Астана қаласы, Түркістан көш., 32/1 8 (7172) 91-61-77 Веб-сайты: isa.nis.edu.kz
27	«Республикалық Физика-математикалық мектеп» коммерциялық емес акционерлік қоғамы	Астана қаласы, Түркістан көшесі, 2/1 Тел.: 8 (717) 2 79-72-74 Алматы қаласы, Бұқар жырау көшесі, 36 Тел.: +7 (727) 3 95-01-83; 3 95-01-85; 3 95-01-77 Веб-сайты: www.fizmat.kz, www.izho.kz





2016 ЖЫЛҒЫ ӨЗЕКТІ ОҚИҒАЛАР МЕН КӨРСЕТКІШТЕР



ДББҰ «Республикалық физика-математика мектебі» (РФММ) коммерциялық емес акционерлік қоғамының 50% акциясын иеленді.



Мемлекет басшысы Н. Назарбаев Ақтөбе қаласындағы Зияткерлік мектепке барды.



Астана қаласындағы Халықаралық мектептің ғимараты пайдалануға берілді.

ҚАҢТАР

НАУРЫЗ

ҚЫРКҮЙЕК

Астана қаласы Зияткерлік мектебі халықаралық аккредиттелуі туралы ресми шешім алды және Халықаралық мектептер Кеңесінің (CIS) мүшесі мәртебесіне ие болды.



Астана қаласында «РФММ» КЕА филиалы ашылды.





Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектебі халықаралық аккредиттелуі туралы ресми шешім алды және Халықаралық Мектептер Кеңесінің (CIS) мүшесі мәртебесіне ие болды.



Қызылорда қаласындағы Зияткерлік мектеп мұғалімі Әжібаева Жадыра Сәлімжанқызына «Үздік педагог–2016» атағы берілді.




Семей қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің жаңа ғимараты пайдалануға берілді.

ҚАЗАН

2016 жылғы 27-28 қазанда ДББҰ-ның «Білім берудегі өзгерістер аясын кеңейту: апробация мен тарату» атты VIII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

Конференцияға 190 қазақстандық және 15 елдің халықаралық білім беру ұйымдарынан 750-ден астам адам қатысты.



ҚАРАША

Робот техникасы бойынша ұлттық құрама тобының «Жер айналасы орбитасындағы ғарыштық қоқысты жоюға арналған роботталған орбиталық станция» жобасы Нью-Дели (Үндістан) қаласында өткен "Creativity Award" WRO халықаралық байқауында ең шығармашыл әрі инновациялық жоба деп танылды.



ЖЕЛТОҚСАН

Зияткерлік мектептерде ашық есік күні өткізілді.

4000 оқушы мен олардың ата-аналары үшін мынадай бағыттар бойынша таныстыру экскурсиялары мен шығармашылық үйірмелері ұйымдастырылды: ғылым, технология, математика, өнер, инженеринг.





ДЕРЕКТЕР



13 824

білім алушы
оқиды



2 071

түлек
оқуды аяқтады



Оқушылардың
үлгерімі

100%



Білім сапасы

92,4%

Зияткерлік мектептердің **2071** түлегі IELTS емтиханын тапсырды.

Барлық түлектердің **52%** -ы 6 және одан жоғары балл алды.

11% -ы - өте жоғары нәтижелерге ие болып, 7 және одан жоғары балл алды.

SAT-1

32% Емтихан тапсырған түлектердің 19-ы 1800 және одан жоғары балл алды.

50% Емтихан тапсырған түлектердің 32-сі 1600-ден жоғары балл алды.

SAT-2

6% Түлектердің 10-ы (6%) ықтимал 800 балдан 800 балл жинады.

1814 (88%)

түлек беделді қазақстандық және халықаралық жоғарғы оқу орындарына Грант бойынша түсті. Олардың ішінен 179 білім алушы – әлемнің 22 еліндегі халықаралық гранттарға ие болды.

401 (19,4%)

түлек Назарбаев Университетіне түсті, оның 36-ы Foundation курсына тоқталмай, бірден бірінші курсқа қабылданды. Әрбір екінші грантқа Зияткерлік мектеп түлегі ие болды.

224 (11%)

түлек таяу және алыс шетелдің жоғарғы оқу орындарына түсті.



2016 жылы 85 мұғалім тренер сертификатын алды.

Барлығы 454 сертификатталған тренер бар.





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙҚАУЛАР МЕН ОЛИМПИАДАЛАР ЖЕҢІМПАЗДАРЫ




**АЙБЕК
ТҮГЕЛБАЕВ**

(Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектеп) – «Feeling Good – Feeling Bad» анимациялық фильмдер мен бейнербаяндардың халықаралық байқауында «Moments of happiness... or periods of unhappiness» номинациясындағы марапат иегері (Вена, Аустрия).



**АНТОН
МОРГУНОВ**

(Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектеп) - химия пәні бойынша Халықаралық олимпиаданың (IChO) күміс медаль иегері. Сонымен қатар ол химия пәні бойынша оқушылардың 50-Халықаралық Менделеев олимпиадасында (Мәскеу қ., Ресей) қола медальға ие болды.



**АРТЕМ
ФЕДОРОВСКИЙ**

(Павлодар қаласындағы Зияткерлік мектеп) – «Нанотехнологиялар – болашаққа талпыныс» атты X Бүкілресейлік оқушылар олимпиадасының тапсырмаларын сырттай және тікелей орындау кезеңдерінен өтіп, бірінші орынға ие болды.



**ЖАЛҒАС
ЖҰМАБАЕВ**

(Астана қаласындағы ФМБ Зияткерлік мектебі) - «Космонавтика» - ғаламшараралық ұшулар және ғарыштық жобалар» секциясындағы XVII ғылыми-зерттеу және оқу-зерттеу жобалары олимпиадасының бірінші орын иегері (Королев қ., Ресей).



**ИБРАЕВ
ТЕҢГІЗ**

(Семей қаласындағы Зияткерлік мектеп) - XII Халықаралық Жәутіков олимпиадасында физика пәнінен қола медальға ие болды және Математика, информатика, физика және химия пәндерінен «Туймаада-2016» XXIII Халықаралық олимпиадасында құрмет грамотасын алды.



**ҚАЖЫМҰРАТ
АҚНАЗАР**

Ақназар (Алматы қаласындағы Зияткерлік мектеп) - XII Халықаралық Жәутіков олимпиадасында физика пәнінен күміс медальға ие болды. Сонымен қатар ол «Bernstein Sato polynomials in algebraic geometry» ғылыми мақаласының әзірлеушісі болып табылады. Абстракт Еуропалық математикалық конгресс – Еуропаның жетекші математиктер құрылтайын ұйымдастырушыларымен қабылданып, өз жұмысын VII Еуропалық Математиктер конгресінде таныстыруға шақырту алды (Берлин қ., Германия).



**ЛАТЫШ
ӘБІЛПӘСІМ**

(Қызылорда қаласындағы Зияткерлік мектеп) – Ү.Жолдасбеков атындағы механика және математика бойынша зерттеу жұмыстарының халықаралық байқауының жүлдегері. Ол геометриялық пішіндердің жұмысын зерттеп, математика саласында түрлі теңдеулер көмегімен жобалау және үлгілеу мәселелерін шешу мүмкіндігін беретін жаңа математикалық үлгіні шығарған жұмысын ұсынды.



**ОЛЖАС
СЕЙІЛХАНОВ**

(Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектеп) - IX I-SWEEEP-2016 халықаралық олимпиадасында «Honorable mention» құрметті дипломант атағына ие болды (Хьюстон қ., АҚШ).



**ОРАЗҒАЛИЕВА
АНЕЛЬ**

(Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектеп) - Биология пәнінен IBO-2016 27-Халықаралық олимпиадада 2-орынға берілген күміс медаль иегері (Ханой қ., Вьетнам). Анель Абу-Даби қаласындағы Нью-Йорк университетінде тегін білім алуға ресми шақыру алды. Олимпиадаға 65 елден 252 оқушы қатысты.



**ПАК
ГЕОРГИЙ**

(Талдықорған қаласындағы Зияткерлік мектеп) – XII Халықаралық Жәутіков олимпиадасында математика пәнінен күміс медальға және математика, информатика, физика және химия пәндерінен «Тұймаада-2016» XXIII Халықаралық олимпиадасында қола медальға ие болды.




**СЕЙДАЛЫ
СҰЛТАНӘЛИ**

(Астана қаласындағы Зияткерлік мектеп) - математика, информатика, физика, химия пәндерінен «Тұймаада-2016» XXIII Халықаралық олимпиадасында құрмет грамотасын алды.



**ТАЛАПОВ
ӘЗИЗ**

(Орал қаласындағы Зияткерлік мектеп) - «Архимед-2016» XIX Халықаралық өнертабыстар мен инновациялық технологиялар салонында «Жел ағынын тарамды шоғырлаушы бар жел агрегатының қолданыстағы зертханалық макетін» ойлап шығарғаны үшін күміс медальға ие болды (Мәскеу қ., Ресей). Сонымен қатар мектеп жасындағы өнертапқыштарға арналған арнайы жүлдемен марапатталды.



**ТҮЛЕНОВ
ДИЯР**

(Павлодар қаласындағы Зияткерлік мектеп) - Математика, информатика, физика және химия пәндерінен «Тұймаада-2016» XXIII Халықаралық олимпиадасында қола медальға және физика пәнінен жасөспірімдер арасында 13-ші халықаралық олимпиадада (USO) қола медальға ие болды.



1-ТАРАУ.

БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ





1-ТАРАУ. БАСҚАРУ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ

ДББҰ қызметінің тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында есеп беру кезеңінде:

- ▶ ДББҰ Қамқоршылық кеңесінің ДББҰ қызметіне қатысты мәселелер қарастырылған 5 отырысы өткізілді;
- ▶ ДББҰ Басқармасының 371 мәселе қарастырылған 54 отырысы өткізілді;
- ▶ Директорлар кеңесінің және Қамқоршылық кеңестерінің қызметі ұйымдастырылды;
- ▶ 19-дан астам ДББҰ-ның құқықтық актісі бекітілді;
- ▶ ДББҰ-ның 54 құқықтық актісіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілді;
- ▶ жеке және заңды тұлғалардың 86 өтініші қарастырылды;
- ▶ «сенім телефоны» арқылы 1 430 қоңырау бойынша көмек берілді;
- ▶ БАҚ-та ДББҰ және оның филиалдарының қызметі туралы 696 материал жарияланды: баспа БАҚ-та – 173 жарияланым (24,9%); теледидарға, радиоға шыққан материалдар – 260 хабарлама (37,4%); интернет басылымдарында, жаңалық порталдарында жарияланған материалдар – 263 хабарлама (37,8%);
- ▶ ДББҰ меншігіне³ Зияткерлік мектеп мәртебесіне ие болған⁴ «РФММ» КЕАҚ акцияларының 50%-ы табысталды.

3 ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №25 қаулысы

4 «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 2) тармағына сәйкес

2-ТАРАУ.

БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ





2-ТАРАУ. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ



2.1. БІЛІМ АЛУШЫЛАР ЖЕЛІСІ МЕН КОНТИНГЕНТІ

2016 жылдың 20 желтоқсанына дейінгі дерек бойынша барлық облыс орталықтарында және Астана, Алматы, Семей қалаларында **13 824** оқушы оқитын **20 Зияткерлік мектеп** жұмыс істейді.

2016 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 1612 (12,1%) бала - көпбалалы және жағдайы төмен отбасыларынан, 2097 (16,1%) бала - толық емес отбасыларынан, 383 (1,6%) баланың ата-аналары - зейнеткер, 280 (2,1%) баланың ата-аналары - мүгедек.

Оқушылар арасында – 30 (0,2%) мүгедек бала, қамқорлыққа алынған 28 (0,2%) бала, балалар үйінен 1 бала.

2667 (19,9%) бала - ауылдық жерлерден, шағын қалалардан және аудан орталықтарынан.

Астана қаласындағы Халықаралық мектепте 998 оқушы оқиды. «РФММ» КЕАҚ-та **1 794** оқушы, оның 921-і Астана қаласындағы филиалда оқиды.

2.2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

2016 жылы Cito және СТУ стратегиялық серіктестерімен бірігіп ҚР жалпы білім беретін мектептің 6-сынып оқушылары Көкшетау және Талдықорған қалалары Зияткерлік мектептеріне **16 052** оқушыға 20 Зияткерлік мектептің 7-сыныптарына оқу үшін конкурстық іріктеу жүргізілді. Олардың ішінен 3 085 оқушы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының «Өркен» білім беру грантының (бұдан әрі – Грант) иегерлері болды.

Конкурстық іріктеуді жүргізу мақсатында оқушылардың білімін, функционалдық сауаттылық дағдыларын, сандық сипаттамаларды пайдалану мен кеңістіктік ойлау қабілетін анықтауға бағытталған **932 тестілік тапсырма** әзірленді.

Сонымен қатар, 2016 жылы оқушыларды қабылдауға **6 қосымша конкурстық іріктеу** жүргізілді:

- ▶ Көкшетау және Талдықорған қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 1-сыныптарына қабылдау үшін байқауға 439 үміткер қатысты, олардың 80-і байқаудан өтті;
- ▶ Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектептің 4-сыныптарына қабылдау үшін байқауға 28 үміткер қатысты, олардың 8-і байқаудан өтті;
- ▶ Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектептің 9-сыныптарына қабылдау үшін арналған байқауға 22 үміткер қатысты, олардың 8-і байқаудан өтті;
- ▶ Астана, Атырау, Қостанай, Павлодар, Өскемен қалаларындағы 5 Зияткерлік мектептің 10-сыныптарына қабылдау үшін байқауға 17 үміткер қатысты,
- ▶ олардың 17-сі (ақылы негізде) байқаудан өтті;
- ▶ Астана, Атырау, Қарағанды, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Семей, Тараз қалаларындағы 4 Зияткерлік мектептің 11-сыныптарына қабылдануға байқауға 22 үміткер қатысты, олардың 22-сі (ақылы негізде) байқаудан өтті.

Конкурстық іріктеуге барлығы **16 580 үміткер** қатысты, олардың ішінен әр түрлі сыныптарға – 3 220 оқушы (19,4%) өтті.


Назарбаев Зияткерлік мектептерінің үміткерлеріне тең құқықтарды қамтамасыз ету

ДББҰ саясаты үміткерлер үшін тең құқықтарды, олардың конкурстық іріктеуге қолжетімділігін және оның үдерістерінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

- ▶ ДББҰ ресми сайтында (www.nis.edu.kz) жалпыға қолжетімді хабарландырулар мен оқушыларды конкурстық іріктеуді жүргізу үдерісі, білім беру грантын беру ережелері мен тест нәтижелері орналастырылады.
- ▶ Тестілеу халықаралық стандарттарға сәйкес мемлекеттің барлық аймақтарында бір мезгілде өткізіледі.



- ▶ Тестілеу нәтижелерін автоматтандырылған жасақтамалық бағдарламаның көмегімен психометриялық өңдеу үміткерлердің жұмыстарын тексерудің бірыңғай шарттарын қамтамасыз етеді: Үміткерлердің ЖСН-ін, тест нұсқасын, оқыту тілін, жынысын және таңдаған жауаптар нұсқасын аты-жөнін көрсетпей оқып алу бағалау әділдігіне кепіл болып, шағым жасау қажеттілігін болдырмайды.
- ▶ 7-сыныпқа конкурстық іріктеу кезінде қабілеттіліктер тестін тапсыру барысында үміткерлерге тең жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында бейне-нұсқаулық әзірленді.
- ▶ 6- сынып оқушыларын 7- сыныптарға конкурстық іріктеуге дайындауға жағдай жасау үшін төрт пән бойынша байқау тестілері әзірленді. Интернет порталы арқылы заңды тұлғалар байқау тестілеуінің шарттарымен және форматымен таныса алады, конкурсқа қатысушыны тіркеуге және тестілеу нәтижелерімен танысуға мүмкіндік алады.





7-сынып оқушыларын конкурстық іріктеу бойынша 2015-2016 жылғы тест нәтижелері

Зияткерлік мектепке оқуға талаптанған үміткерлер санының жыл сайын артуы байқалуда. Жеке аймақтарда (Қызылорда, Шымкент, Астана, Тараз, Алматы) бір орынға 10-17 оқушыдан келеді.

Кесте. Зияткерлік мектептердің 7-сыныптарына іріктелетін үміткерлер санының өсу динамикасы


Конкурстық іріктеу өткізу жылы	Үміткерлер саны	Бір орынға конкурс
2014	14 458	5,8
2015	13 540	6,1
2016	16 052	6,7



Пәндік тест нәтижелері

Пәндік тест бойынша барлық үміткерлердің арасындағы орташа ең жоғары ықтимал балл 1 000 балдан 543 балды құрады. Грант иегерлерінің арасындағы ең жоғары орташа балды (855) - Астана қаласындағы Физика-математикалық бағытындағы Зияткерлік мектеп жинады.

Үміткерлер арасында ең жоғары балды (985) Астана қаласындағы үміткер жинады. Грант иегерлері арасында ең жоғары төмен балды (804) Алматы қаласындағы үміткер жинады. Грант иегерлері арасында ең төменгі төмен балды (465) Петропавл қаласындағы үміткер жинады.




Пәндер бойынша ең жоғары балдарды:

- ▶ математика пәні бойынша (400 балл) - Алматы қаласынан 15 үміткер;
- ▶ қазақ және орыс тілдері бойынша (200 балдан) - Алматы қаласынан тиісінше 23 және 34 үміткер;
- ▶ ағылшын тілінен (200 балл) - Астана қаласынан 34 үміткер жинады.

Қабілеттілік тестінің нәтижелері

Барлық үміткерлер арасында қабілеттілік тесті бойынша орташа балл ең жоғары ықтимал 134 балдан 57 балды құрады. Грант иегерлері арасында ең жоғары орташа балды (93) - Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектеп жинады. Ең жоғары балды (128) Алматы қаласындағы үміткер жинады. Грант иегерлері арасында ең жоғары төмен балды (60) Астана қаласындағы үміткер жинады. Грант иегерлері арасында ең төменгі төмен балды (37) Ақтөбе қаласындағы үміткер жинады.

Диаграмма. Мектептер мен тілдер бойынша үміткерлердің қабілеттілігін бағалау тестінің нәтижелері бойынша ақпарат



Қабілеттілік тестінің ең жоғары балдары:

- ▶ сандық сипаттамалар бөлімі бойынша 60 балдан 56 балды Астана және Алматы қалаларындағы үміткерлер жинады;
- ▶ кеңістіктік ойлау бөлімі бойынша 74 балды Астана қаласындағы үміткер жинады.


Қабілеттілік тестінің нәтижелері бойынша оқушылар келесі топтарға сараланды: 6,1% - қабілеттілік деңгейі өте жоғары, 27,4% - жоғары, 62,9% - орташа және 3,6% - жеткілікті.

Бұл ақпарат мектептерге оқушылардың дербес даму жолын қамтамасыз ету мақсатында білім беру үдерісін саралап ұйымдастыру мүмкіндігін береді.

Есеп берген осы жылда үміткерлердің пәндік тест бойынша орта балының 16 балға өсуі, ал 2016 жылы қабілеттілік тесті бойынша орташа балдың 10,2 балға төмендеуі байқалады.



Диаграмма. 2014, 2015, 2016 жылдардағы пәндік тест және қабілеттілік тестілерінің орташа балдары




Жаратылыстану-математикалық ғылымды оқуға қабілетті оқушыларды конкурстық іріктеудің сенімділігін бағалау мақсатында бірнеше жылдың конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша зерттеу жүргізілді. Бұл зерттеу нәтижелері оқушыларды конкурстық іріктеу жүйесінің жоғары сенімділігін растады.

Оқушыларды конкурстық іріктеу жүйесінің ерекшеліктері, деректерді психометриялық өңдеу және тест тапсырмаларының сапасын көрсететін сенімділікті зерттеу нәтижелері Еуропалық білім беруді бағалау қауымдастығының (АЕАЕ) халықаралық конференциясында (Кипр), Халықаралық білім беруді бағалау қауымдастығының (IAEA) конференциясында (Оңтүстік Африка) және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның «Білім берудегі өзгерістер аясын кеңейту: апробация мен тарату» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында ұсынылды.

2.3. ВИРТУАЛДЫҚ ЖӘНЕ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ МЕКТЕП

2016 жылы облыстық (қалалық) білім беру басқармаларымен ынтымақтасып, жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына конкурстық іріктеуге дайындалу мүмкіндігін беретін «Виртуалдық мектеп» және «Демалыс кезіндегі мектеп» жобаларын жүзеге асыру жұмысы жалғасын тапты.



ВИРТУАЛДЫҚ МЕКТЕП

2016 жылдың наурыз айында жалпы білім беретін мектептердің 5-сынып оқушыларын, ал қыркүйек айында 6-сынып оқушыларын тіркеу жүзеге асырылды.

Есепті кезеңде Виртуалдық мектеп жұмысына орта білім беру ұйымдарының 4519 оқушысы қатысты.

ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕГІ МЕКТЕП

Виртуалдық мектептің тапсырмаларын ойдағыдай орындаған оқушылар аймақтық Зияткерлік мектептегі "Демалыс кезіндегі мектепке" математика, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша күндізгі сабақтарға қатысуға шақырылады.

Осылайша, Виртуалдық мектептің 5-сынып қатысушыларының 84,9%-ы демалыс кезіндегі мектепке өтті.

Демалыс кезіндегі мектепке жалпы білім беретін мектептердегі 5-сыныптың 1 236 оқушысы, ал 6-сыныптың 2 285 оқушысы қатысты.

ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫС НӘТИЖЕСİNДЕ:

- ▶ Виртуалдық мектепке қатысқан 6-сыныптың 2627 білім алушысы 7-сыныпқа оқу үшін конкурстық іріктеуге қатысты;
- ▶ «Виртуалдық мектеп» қатысушыларының ішінен 23%-дан астамы (592 адам) Зияткерлік мектепке түсті;
- ▶ «Демалыс кезіндегі мектеп» қатысушылары ішінен 28%-дан астамы (519 адам) Зияткерлік мектепке түсті;

3-ТАРАУ.

ПЕДАГОГ КАДРЛАР





3-ТАРАУ. ПЕДАГОГ КАДРЛАР

3.1. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

Зияткерлік мектептерде 2512 қазақстандық және 208 шетелдік мұғалім қызмет етеді.

Зияткерлік мектептерде педагог қызметкерлер құрамы конкурстық негізде қалыптасады.

2015 жылы іріктеу үдерісі үміткерлердің пәндік білімін компьютерлік тестілеу түрінде бағалау тұрғысынан автоматтандырылған болса, 2016 жылы үміткерлерді электрондық тіркеу жүйесі енгізіліп, апробациядан өтті, ақпараттық қауіпсіздік жүйесі жетілдірілді.

Қазақстандық мұғалімдерді конкурстық іріктеу

Есепті жылда Зияткерлік мектептерге жетіспейтін кадрларды қабылдау жұмысы жалғаса түсті.

Есепті кезеңде конкурстық іріктеуге барлығы **3 673 адам** қатысты. **472** адам Зияткерлік мектептерде жұмыс істеуге ұсынылды (**337 адам** мұғалім лауазымына ұсынылды), **415** адам – бос жұмыс орындарын уақытылы толтыру мақсатында резервке енгізілді.

Конкурсқа бір бос жұмыс орнына 7 адамнан қатысты.

Конкурстық іріктеудің өткізілген мониторингі қазақстандық еңбек нарығында педагог кадрлардың тапшылығын тағы да дәлелдеді. Демек, Зияткерлік мектептерге конкурстық іріктеуден өткен мұғалімді қажетті сауаттылық деңгейіне дейін жетілдіру, конкурстық

іріктеуден өткен мұғалімдердің нақты мүмкіндіктері мен Зияткерлік мектептердің инновациялық үлгілерінің талаптары арасындағы «алшықтықты» қысқарту шараларын жалғастыру қажет (көптілділікті енгізу, ақпараттық-коммуникациялық ортаны пайдалану).

Шетелдік педагогтарды іріктеу

Үштілді оқу ортасын қолдау, шетелдік педагогтарды тарту арқылы жергілікті кадрлардың пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемелері бойынша жұмыстар жүргізілді.

Шетелдік педагогтарды іздестіру қызметкерлерді жалдаумен айналысатын Teach Away Inc. (Канада), Teachanywhere – Ranstad Education Ltd. (Ұлыбритания), Search Associates (Ұлыбритания) және Teacher International Consultancy Ltd (Ұлыбритания) стратегиялық серіктестерімен ынтымақтасып, жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, ДББҰ сайтына шетелдік үміткерлердің сауалнамасын қабылдауға арналған парақша енгізілді: <http://careers.nis.edu.kz>.

Зияткерлік мектептер туралы ақпаратты халықаралық қоғамдастықта кеңінен тарату мақсатында халықаралық университеттер сайттарында Зияткерлік мектептердің жеке парақшалары жасалып, педагогикалық қауымдастықтар мен шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарында хабарламалар орналастырылды.

Есепті кезең ішінде шетелдік педагогтардың **600-ден астам** сауалнамасы **қарастырылды, шамамен 200 сұхбат жүргізілді**, үміткерлердің **жүзден астамының** жеке тәжірибесі тексерілді.

Барлығы **208** шетелдік педагог тартылды, олардың ішінен қазіргі құрамдағы 133 адаммен еңбек қарым-қатынастары ұзартылды, 75 адам мектептерге оқытушылық қызметке алғаш рет шақырылды.

3.2. ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КАДРЛАРДЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Мұғалімдердің сапалық құрамының көрсеткіштері жылдан-жылға жақсарып келеді. Магистр және ғылым кандидаты дәрежесіне ие педагог қызметкерлер қатарының бірте-бірте артуы байқалуда.

Кесте. Зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлерінің сапалық құрамы.

Академиялық дәрежесі	2014	2015	2016
Доктор	-	2	2
Ғылым кандидаты	15	15	19
Магистр	351	582	648

Жас шамасы бойынша құрамы:

- ▶ 30 жасқа дейін – 978 (39%);
- ▶ 31-40 жас – 710 (28%);
- ▶ 41-50 жас – 498 (20%);
- ▶ 51 және одан жоғары - 326 (13%).

Педагогикалық жұмыс өтілі:

- ▶ жұмыс өтілінсіз – 152 (6%),
- ▶ 10 жылға дейін – 1 188 (47%),
- ▶ 10 жылдан 20 жылға дейін – 573 (23%),
- ▶ 21 жылдан 30 жылға дейін – 447 (18%),
- ▶ 31 жылдан 40 жылға дейін – 146 (5,8%),
- ▶ 41 жыл және одан жоғары – 6 (0.2%).

Талдауға сәйкес Зияткерлік мектептерде жас мамандар (жұмыс өтілі 10 жылға дейін – 47%) мен тәжірибелі педагогтардың (жұмыс өтілі 11 жыл және одан жоғары – 47%) арасында тепе-теңдік сақталып келеді. Мұғалімдердің 6%-ы өздерінің педагогикалық қызметін Зияткерлік мектептерде бастады.

Жыныстық құрамы:

- ▶ Ер адамдар – 671 адам (27%);
- ▶ Әйел адамдар – 1 841 адам (73%).

Кадрлар құрамындағы жыныстық құрылымның 2015 жыл мен 2016 жылдағы арасалмағы – өзгеріссіз қалуда. Осы ретте, ер мұғалімдердің ең басым бөлігі Алматы және Шымкент қалаларындағы мектептерге келетінін айтып өткен жөн.

ШЕТЕЛДІК КАДРЛАРДЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

Жыл сайын Зияткерлік мектептер желісінде бірнеше жыл бойы жұмыс істеген шетелдік мұғалімдердің саны артып келеді:

- ▶ 5-6 жыл жұмыс істеген – 7 адам;
- ▶ 4 жыл жұмыс істеген – 19 мұғалім;
- ▶ 3 жылдан астам жұмыс істеген – 50 мұғалім;
- ▶ 1-2 жыл жұмыс істеген – 132 мұғалім.

Шақырылған мұғалімдердің жартысынан астамы Ұлыбритания, АҚШ, ОАР, Канада, Аустралия және Океания, Азиялық құрлық тәрізді елдерден келген.

№	Академиялық дәрежесі	Саны (адам)	Пайыз (%)
1	Доктор	3	1,4 %
2	Магистр	88	42%
3	Postgraduate Certificate in Education (PGCE)	74	35,5 %
4	Оқыту бойынша халықаралық сертификаттар (IBDP, TESOL, ESL, TEFL, IELTS емтиханын қабылдаушылар) CELTA, DELTA	79	38 %
5	сертификаттарының иегерлері	19	9,1 %



Шетелдік мұғалімдердің педагогикалық жұмыс өтілі (барлығы – 208 адам):

- ▶ 10 жылға дейін – 70 (33%),
- ▶ 11 жылдан 20 жылға дейін – 93 (44%),
- ▶ 21 жылдан 30 жылға дейін – 32 (16%),
- ▶ 31 жыл және одан жоғары – 13 (7%).

2016 жылы мектептердің CIS Халықаралық мектептер кеңесінің (Council of International Schools) аккредиттеуінен өту тұрғысынан шетелдік педагогтардың функционалы кеңейтілді. Мектептер өз беттерімен қатарынан екінші жыл шетелдік мұғалімдер үшін қызметкерлерді өндірістен қол үзбей лауазымға енгізу мүмкіндігін беретін бағдарлы апталар ұйымдастыруда.

3.3. ПЕДАГОГТАРДЫҢ ТІЛ ЖӘНЕ АКТ ҚҰЗЫРЕТТІГІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

ҚАЗАҚ ТІЛІН БІЛУ ДЕҢГЕЙІ

Тұлғаны көпұлтты мемлекеттің азаматы ретінде қалыптастыруда қазақ тілін білудің маңызы зор.

2016 жылы Зияткерлік мектептерінің педагог қызметкерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарына педагог қызметкердің деңгейлес және сатылас өсуіне міндетті компонент болып табылатын қазақ тілін меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар енгізілді.

Қазақ тілін білу деңгейін анықтау Қазтест жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

****Қазтест – TOEFL, IELTS, DALF/D ELF, DSH, CELI, TÖMER, ТРКИ халықаралық тіл білімін бағалау жүйелерінің қағидаттарына негізделген, мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін бағалау. ҚАЗТЕСТ төрт блоктан тұрады: тыңдалым, лексика-грамматикалық блок, оқылым, жазылым. Шекті балл жинағандар тестті ойдағыдай тапсырды деп саналады: тыңдалым блогы бойынша – 18 балл, лексика-грамматика - 42 балл, оқылым - 30 балл.**

Осылай, Қазтест жүйесі бойынша тестке қатысқан 1330 қатысушы арасынан қазақ тілін «Орта» деңгейден «Жоғары» деңгейге дейін білетінін 82%-ды құрайтын 1089 педагог растады. Оның ішінде:

- ▶ 260 адам (19%) - «жоғары деңгей»;
- ▶ 567 адам (43%) - «ортадан жоғары»;
- ▶ 262 адам (20%) - «орта»;
- ▶ 159 адам (12%) - «негізгі»;
- ▶ 82 адам (6%) - «қарапайым».

АҒЫЛШЫН ТІЛІН БІЛУ ДЕҢГЕЙІ

Қазақ тілін білумен қатар біліктілік талаптарына ағылшын тілін білу деңгейі бойынша критерий енгізілген.

Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің тілдік құзыреттіктерін дамыту педагогтар қатарынан ішкі ресурстардың: «Болашақ» бағдарламасы, Назарбаев Университі магистратурасы түлектерінің көмегімен, сонымен қатар ТКТ (Teaching Knowledge Test), CLIL (Content and language integrated learning), CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults), DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Зияткерлік мектептердің сертификатталған тренерлерінің күшімен жүзеге асырылады.

Ағылшын тілінде оқытылатын бейінді пәндер мұғалімдерін дайындауды жүзеге асыратын мемлекеттің жоғарғы оқу орындарымен жұмыс жалғастырылды. Зияткерлік мектептерге кейіннен жұмысқа қабылданып, педагогикалық тәжірибе алу үшін студенттер шақырылатын ынтымақтастық келісім шарттары бекітілді. Тәжірибеден өтушілердің біраз бөлігі конкурстық іріктеуден сәтті өтіп, еңбек жолдарын Зияткерлік мектептерде бастап жатыр.

Мұғалімдерге ағылшын тілін үйрету келешекте шетелдік мұғалімдердің орнын басу мақсатында өз пәнін ағылшын тілінде оқытуға қабілетті мамандарды дайындауға бағытталған. **Кәсіби даму нәтижесінде деңгейі 5 және одан жоғары балл болатын IELTS сертификаты бар мұғалімдер саны артты.**

2016 жылы педагог қызметкерлердің ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру нысаналы топтар бойынша жүзеге асырылды. Осылайша, есепті жылдың нәтижелері бойынша ағылшын тілін:

► **IELTS 5.5/B2/TOEFL IBT 65-71 және одан жоғары деңгейде:**

86% (304 адам) ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері;

► **5.0/B1/TOEFL IBT 59-64 және одан жоғары деңгейде:**

88% (56 адам) жаһандық перспективалар мен зерттеулер пәнінің мұғалімдері;

45% (66 адам) информатика пәнінің мұғалімдері;

41% (79 адам) биология пәнінің мұғалімдері;

41% (77 адам) химия пәнінің мұғалімдері;

36% (81 адам) физика пәнінің мұғалімдері;

36% (134 адам) математика пәнінің мұғалімдері;

47% (14 адам) экономика және драма пәндерінің мұғалімдері;

► **3.0/A2/TOEFL IBT 30-34 және одан жоғары деңгейде:**

49% (461 адам) барлық басқа пәндердің мұғалімдері меңгерді.

Мұндай нәтижелер ДББҰ-ның шетелдік педагогтарды жалдау стратегиясының көрсеткіштерін мерзімінен бұрын орындап, шетелдік жұмыс күшінің орнын қазақстандық кадрлармен басу үдерісін алдын ала бастау мүмкіндігін береді.

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІ

2016 жылы 2004 педагог АКТ-құзыреттік деңгейін анықтау тестінен өтті, олардың ішінде:

- 1 159 адам (58%) – жоғары деңгейді;
- 675 адам (34%) – орташа деңгейді;
- 170 адам (8%) – төмен және нашар деңгейлерді көрсетті.

Мұғалімнің АКТ-құзыреттіктері нәтижелерін салыстырмалы талдау АКТ-құзыреттігінің деңгейі жоғары мұғалімдер үлесі 2015 жылы 57%-дан (989 адам) 2016 жыл нәтижелері бойынша 58%-ға (1 159 адам) дейін өскенін көрсетті.

3.4. БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ (БАЖ)

2016 жылы педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру:

► **5674 адам үшін төрт модуль бойынша мектеп ішіндегі курстар:**

«Педагогикалық білім» модулі - 2 697 адам;

«Қазақ тілі» модулі - 652 адам;

«Ағылшын тілі» модулі - 1 507 адам;

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» модулі - 818 адам;

► **2 340 адам үшін мемлекет ішіндегі 20 курс;**

► **1 280 адам үшін Кембридж Халықаралық емтихан кеңесі (КХЕК) кеңесшілерінің қатысуымен мемлекет ішіндегі 7 курс;**

► **60 адам үшін 6 шетелдік курс арқылы жүзеге асырылды.**

Біліктілікті арттыру курстарында оқудан барлығы **9 354 адам өтті**. Әрбір мұғалім 3-4 курстан өтті.

Біліктілікті арттырудың негізгі бағыттары:

Пәндік, кәсіби дағдыларды және құзыреттерді дамыту

Бұл бағыт Зияткерлік мектептердің әрбір педагогының кәсіби дамуының дербес бағытын құруға мүмкіндік береді. Бұл оқушының басты қабілеті – білім алуды үйренуді толық қалыптастыруды қамтамасыз ету мақсатында педагогтардың ақпарат ағынын дұрыс пайдалану, түрлі педагогикалық жағдайларда дұрыс шешімдер қабылдау, пәндік білім деңгейін тұрақты арттыру қабілеті мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.



Оқытуды тиімді ұйымдастыруға, оқу үдерісіне психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге қажетті кәсіби және жеке тұлғалық құзыреттілік пен көшбасшылықты дамыту

Осы бағыт аясында білім беру үдерісіне барлық деңгейлерде және субъектілік топтарда кешенді психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге жәрдемдесетін заманауи теориялар мен тәжірибелер зерттелді.

Мұғалімдердің тілдік құзыреттіктерін дамыту және бақылау

Мұғалімдердің кәсіби маңызды тілдік құзыреттіктерін дамыту пәндерді оқудағы шет тілінің функциональдық рөлі бойынша сараланған. Тілді негізгі деңгейде білу шетелдік педагогтармен қатынасу, шетелдік дереккөздерді зерттеу мүмкіндігін береді. Оқытуды ағылшын тілінде жүзеге асыратын педагогтар тілді ілгері деңгейде үйренеді. Биыл жоғары халықаралық стандарттар деңгейінде сертификатталған педагогтар саны көбейді – 19 CELTA сертификаты және 3 DELTA дипломын алды.

АКТ-құзыреттіктерін дамыту және бақылау, сонымен қатар білім беру үдерісінде жаңа технологиялық құралдарды қолдану

АКТ-құзыреттіктерін дамыту қазіргі заманғы мұғалімнің кәсіби қабілеттері мен дағдыларын дамытудағы міндетті компонент болып табылады. Мұғалімдерді бұл бағытта тәуелсіз бағалау және оқыту тұрақты түрде жүзеге асырылады.

Кембридж халықаралық емтихан кеңесі консультанттарының қатысуымен біліктілікті арттыру курстары

Кіріктірілген білім беру бағдарламасына қатысты мәселелер бойынша біліктілікті арттыру бағыты еліміздің білім беру жүйесіне ойдағыдай енгізу мен таратудың міндетті талабы болып табылады.

ПЕДАГОГТАРДЫ НЫСАНАЛЫ ДАЙЫНДАУ

ДББҰ педагог қызметкерлерді Назарбаев Университетінің магистратурасына оқуға, «Балашақ» бағдарламасы және «ДББҰ педагог қызметкерлерінің тағылымдамасы» жобасы бойынша қысқа мерзімді тағылымдамаларға жібереді.

Жыл сайын педагог қызметкерлер еліміздің және әлемнің жетекші білім беру ұйымдарында біліктілігін көтереді.

№	Оқыту бағдарламасы	Қатысушылар саны	Оқыту мерзімі
1.	«ДББҰ педагог қызметкерлерінің тағылымдамасы»	52	2016
2.	Назарбаев Университетіндегі магистратура	23	2016-2018
3.	«Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдама	22	2016
4.	«Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдама	3	2016-2017

ДББҰ педагог қызметкерлерінің тағылымдамасы

28 педагог қызметкер британдық білім беру жүйесінің орта мектебі деңгейінде CLIL-оқытуының ұстанымдары мен оны тәжірибеде қолдануды үйрену, сонымен қатар пән мен тілді кіріктіріп оқыту бойынша өз тренерлерін дайындау мақсатында «CLIL (Content and language integrated learning - пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісі) әдістемесін қолданып, Ұлыбританияның орта мектептерінде тәжірибе алу» тағылымдамасынан өтті.

Кембридж Университетінің Білім беру факультетімен бірігіп, Зияткерлік мектептердің педагог қызметкерлеріне тағылымдаманың екі бағдарламасы бойынша оқыту жүргізілді:

- ▶ Астана, Талдықорған, Өскемен, Көкшетау қалаларындағы Зияткерлік мектептердің бейінді пәндері мұғалімдерінің Кембридж, SUPER серіктес мектептеріндегі тағылымдама – 12 адам;
- ▶ Зияткерлік мектептердің жаңадан тағайындалған басқарушы қызметкерлеріне арналған «Тәжірибені іс жүзінде зерттеу» (Action Research) тағылымдамасы – 12 адам.

«Болашақ» бағдарламасының шеңберінде

2016 жылы **22 педагог қызметкер** «Болашақ» қысқа мерзімді тағылымдама бағдарламасы бойынша оқытуды ойдағыдай аяқтады, олардың ішінен:

- ▶ 11 адам - Сассекс Университеті, Ұлыбритания;
- ▶ 9 адам - Кембридж Университеті, Ұлыбритания;
- ▶ 2 адам - JAMK Университеті, Финляндия.

Сонымен қатар, қазан айында **3 педагог қызметкер** шәкіртақыға ие болды. Қазір олар алты айлық «Болашақ» тағылымдамасы бағдарламасы бойынша Кембридж Университетінде оқып жатыр.

Назарбаев Университетінде

Назарбаев Университетінде оқу мұғалімдерге өздерінің академиялық дәрежелерін арттырып, өндірістен қол үзбей, магистр дәрежесін алу мүмкіндігін береді.

2016 жылы Назарбаев Университетінің магистратурасына **«Білім беру саласындағы басқару» және «Көптілді білім беру» мамандықтары бойынша 23 педагог қызметкер түсті.**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫНЫҢ (ПШО) БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

2016 жыл ішінде Зияткерлік мектептердің 1025 педагог қызметкері ПШО біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша оқудан өтті:

- ▶ Педагогикалық қауымдастықтағы мұғалімнің жетекшілігі – 95 адам
- ▶ Мұғалімнің мектептегі жетекшілігі – 227 адам
- ▶ Тиімді оқыту – 703 адам

Сонымен қатар, Зияткерлік мектептер басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасы бойынша 17 адам оқытылды.

ПШО тренерлері педагог қызметкерлерге қолдау көрсетті:

- ▶ 22 шеберлік сыныбы, 6 оқу семинары өткізілді;
- ▶ 262 сабаққа қатысып, оларды қадағалау жүргізілді;
- ▶ Зияткерлік мектептердің 17 басшысына тәлімгерлік көрсетілді;
- ▶ 384 педагогқа жоспарлау, сабақтарды қадағалау, оқу мақсаттары және белсенді оқыту әдістері бойынша 151 кеңес берілді.

СЕРТИФИКАТТАЛҒАН ТРЕНЕРЛЕР

Бүгінгі күні мұғалімдерді мектеп ішінде коучинг және менторинг арқылы оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыруға бағытталған адами және әлеуметтік ресурстар қалыптастырылды.

Сертификатталған тренерлер кластері Зияткерлік мектептердің негізгі ішкі дамыту ресурстарының бірі болып табылады. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру жүйесі шеңберінде оқытудан өткен тренерлер қатарынан барлығы **454 тренер** жұмыс істейді («Сертификатталған тренерлер кластерінің құрамы» қосымшасы), олардың ішінен 85 мұғалім 2016 жылы тренер сертификатын алды.



№	Бағдарламаның/оқу курсының атауы	Саны	2016 жылы түскен жаңа адамдар саны
1	«Балалардың бойындағы дарынды дамыту» бағдарламасының тренерлері, Джон Хопкинс университеті	43 адам	-
2	«Балалардың бойындағы дарынды дамыту» бағдарламасын бағалау сарапшылары, ДББҰ Педагогикалық өлшемдер орталығы	9 адам	-
3	Педагогикалық шеберлік орталығының деңгейлік бағдарламаларын бағалау сарапшылары, ДББҰ Педагогикалық шеберлік өлшемдері	57 адам	-
4	Педагогикалық шеберлік орталығының деңгейлік бағдарламаларын бағалау сарапшылары, ДББҰ Педагогикалық шеберлік өлшемдері	10 адам	-
5	«Робот техникасы негіздері» бағдарламасының тренерлері, Назарбаев Университеті	9 адам	-
6	«Сыни тұрғыдан ойлау» курсының тренерлері, CICTT Cambridge International Certificate for Teachers and Trainers	27 адам	-
7	Teaching Knowledge Test тренерлері, TKT	7 адам	-
8	«Таратылған көшбасшылық» бағдарламасының тренерлері, Пенсильвания университеті	33 адам	-
9	Тест тапсырмаларын әзірлеуші-тренерлер, Cito Педагогикалық өлшеулер орталығы	62 адам	-
10	PISA тренерлері, Pearson	24 адам	-
11	Microsoft тренерлері, Microsoft компаниясы	11 адам	-
12	Тілдік құзыреттіктер дағдыларын дамыту тренерлері (4 дағды), ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	27 адам	-
13	«Робот техникасы» бағдарламасының тренерлері, ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	49 адам	49
14	«Робот техникасы» бағдарламасының тренерлері, Малайя университеті, Малайзия	13 адам	-
15	CELTA сертификатының иегерлері, Кембридж университетінің ағылшын тілінен емтихандар, тапсыру департаменті	19 адам	4
16	DELTA сертификатының иегерлері, Кембридж университетінің ағылшын тілінен емтихандар тапсыру департаменті	33 адам	2
17	CLIL әдісі бойынша тренерлер, Docetis International	47 адам	28
18	Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру жөніндегі білім беру бағдарламаларының тренерлері, ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы	34 адам	-
19	Халықаралық бакалавриат бағдарламасының тренерлері, International Baccalaureate Organisation, IBO	12 адам	2
Тренерлердің жалпы саны:		454 адам	85 адам

Тренерлердің басты міндеті – әріптестерге оқыту мен тәлімгерлік арқылы қолдау көрсету. Осылайша, өмір бойы білім алу, ынтымақтастық, ізденіс пен кәсіби сұхбат ұстанымдарына негізделіп құрылған, өздігінен дамитын педагогикалық қауымдастықтың үлгісі құрылады.

МҰҒАЛІМДЕРДІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ КЕҢІСТІГІНЕ ЕНГІЗУ

Мұғалімдердің ғылыми-зерттеушілік әлеуетін дамыту мен білім сапасын арттыру мақсатында Зияткерлік мектептердің педагогтары халықаралық конференцияларға, форумдар мен семинарларға қатысады.

2015 жылмен салыстырғанда халықаралық конференциялар мен кездесулерге қатысқан мұғалімдердің саны екі есе артты.

Кесте. 2016 жылғы халықаралық конференцияларға қатысушылар

№	Қатысушылар	Атауы
1	Демеубаева Ж. (Өскемен қ.); Иманкенова Г. (Өскемен қ.); Исламова Л. (Ақтөбе қ.)	Microsoft компаниясының «Educator Exchange» атты инновациялық мұғалімдер форумы 7-11 наурыз 2016 ж., Будапешт, Мажарстан
2	Тен А.А. (Шымкент қ., ХББ)	Ағылшын тілі мұғалімдерінің халықаралық «TESOL Arabia» атты білім беру конференциясы 10-12 наурыз 2016 ж., Дубай, БАӘ
3	Паневина А.С. (Павлодар қ.)	Менеджмент, көшбасшылық және басқару бойынша ICMGL халықаралық конференциясы 12-14 сәуір 2016 ж., Санкт-Петербург, Ресей
4	Аксенова И. В. (Тараз қ.); Базарбаева Г.Ж. (Астана қ., ФМБ); Жұмабаев Р.Н. (Ақтау қ.); Исабекова Б. М. (Павлодар қ.); Сейтинбетова А. Ж. (Тараз қ.); Сосин В.Н. (Талдықорған қ.)	Білім беру саласындағы зерттеушілердің Еуропалық ECER конференциясы 22-26 тамыз 2016 ж., Дублин, Ирландия
5	Иманшәріпова А.Ж. (Астана қ., ХБ); Машинац Т.В. (Астана қ., ХБ); Сейсенбаева Ж.Ш. (Астана қ., ХБ);	WALS International Conference 2016 (World Association of Lesson Studies) 3-6 қыркүйек 2016 ж., Экзетер, Ұлыбритания
6	Байназаров Т.Б. (Қарағанды қ.)	Азия-Тынық мұхиттық аймақтық ЮНЕСКО білім беру бюросының форумы 5-7 қазан 2016 ж., Бангкок, Тайланд

Халықаралық конференцияларға қатысушылар байланыс орнатып, халықаралық әріптестермен ғылыми ынтымақтастық жүргізеді.

Форумдар мен халықаралық конференцияларға қатысқан әр мұғалімнің жобасы мектеп кітапханаларына көбейтіліп енгізіледі. Әріптестердің арасындағы тәжірибе алмасу оқытушылар ұжымының әлеуетін ұлғайтуға жағдай жасайды.

Мектептерді халықаралық білім беру ортасына кіріктіру мұғалімге өзін-өзі таныту, өз ойын білдіру мүмкіндігін береді, педагогтың шығармашылық белсенділігінің дамуына жағдай жасайды. Сонымен қатар, оның арқасында білім беру мекемелері мен ұйымдарымен қызмет байланыстары ұлттық және халықаралық деңгейде ұлғаяды, оқыту-тәрбиелік үдерістерінің технологиялары мен педагогикалық әдістердің дамуына жол ашылады.

3.5. ПЕДАГОГ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫН БАҒАЛАУ

2016 жылы аттестациялауға Зияткерлік мектептердің 173 педагог қызметкері мен оларға теңестірілген тұлғалары қатысты, олардың ішінде:

- 154 адам (89%) мәлімделген деңгейге сәйкестігін дәлелдеді;
- 15 адам (8,7%) мәлімделген деңгейге сәйкестігін дәлелдей алмады;
- 4 адам (2,3%) дәлелді себептермен аттестациялаудан өткен жоқ (ауырып қалғандықтан аттестациялаудың соңғы кезеңіне қатыса алмаған).

Мәлімдеген деңгейді дәлелдеп шыққан 154 адамның ішінде: 5 адам «мұғалім» педагогикалық шеберлік деңгейіне аттестацияланды, 110-ы (олардың ішінде 79 адам өз деңгейін арттырды) – «мұғалім-модератор» деңгейіне, 37-сі (олардың ішінде 13 адам өз деңгейін арттырды) – «мұғалім-сарапшы» деңгейіне, 2-уі – «бірінші деңгей» деңгейіне аттестацияланды.



2015 жылмен салыстырғанда педагогикалық шеберлік деңгейлері бойынша педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың жалпы саны:

Жыл	Педагогикалық шеберлік деңгейлері										Барлығы
	Барлығы	Оның ішінде алты деңгей бойынша:					Барлығы	Оның ішінде екі деңгей бойынша:			
		зерттеуші	сарапшы	модератор	мұғалім	тағылымгер		бірінші	негізгі	деңгейсіз	
2015	2 677	6	178	383	1 657	453	1 156	50	717	389	3 833
2016	2 779	6	191	462	1 573	547	907	52	409	446	3 686

Мектептердің ұсыныстары мен ескертулерін есепке алып, педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестациялаудың жаңа үлгісі бекітілді. Жаңа үлгіде негізгі екпін мұғалімнің қызметін бағалауда елеулі рөл атқаратын мұғалімнің сабағына қойылады.

Мұғалім оқу жылына өзінің даму бағытын анықтайды, жартыжылдық бойынша өзінің жұмысын талдайды, қажетті жағдайда бағытын түзетеді. Аттестациялау мақсатында да, үздіксіз кәсіптік даму мақсатында да мектепте бағалау кезеңі мұғалім тәжірибесінің жақсаруына көмектеседі.

Бағалау үлгісін сәтті енгізу мақсатында директорлардың орынбасарлары мен әдістемелік бірлестік жетекшілері үшін мектеп бағалауын орындау бойынша тренингтер өткізілді, мектеп бағалауы бойынша әдістемелік ұсыныстар мен сабақ бойынша рефлексивті есепті бағалау құралдары әзірленді.

3.6. ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Қызылорда қаласындағы Зияткерлік мектептің мұғалім-модераторы **Әжібаева Жадыра Сәлімжанқызы** Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің жыл сайын мұғалімдер арасында өтетін «Үздік педагог - 2016» байқауының иегері болды. Оған «Білім беру ұйымының үздік педагогы» төс белгісі мен «Үздік педагог - 2016» атағын растайтын куәлік берілді.

Байқауда Жадыра Әжібаева өзінің кәсіпқой біліктілігімен және зерттеу жұмысының нәтижелерімен көзге түсті.

2015 жылы ол қазақ тілін оқытудағы жаңа ұстанымдарды қолдану бойынша әдістемелік құралдар шығарды.

Сонымен қатар, 2016 жылы ДББҰ мен оның филиалдарының **29 қызметкері** келесі атақтар мен марапаттарға ие болды:

- ▶ «Ы. Алтынсарин» төс белгісі – 8 адам;
- ▶ «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісі - 5 адам;
- ▶ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің құрмет грамотасы – 11 адам;
- ▶ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің алғыс хаты – 5 адам.

Мұғалімдердің кәсіби өсуі және шығармашылық жағынан өз-өзін танытуы мақсатында, Зияткерлік мектептердің мұғалімдері мен жетекшілерінің жаңашылдық тәжірибелерін зерттеп, тарату мақсатында Алматы қаласында ҚР БҒМ мен «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен **«Педагогикалық идеялар фестивалі»** атты байқау өтті.

Фестиваль кәсіби қоғамдастықпен табысты педагогикалық тәжірибесімен бөлісуге дайын, сондай-ақ өзінің зияткерлік еңбегінің нәтижесін қалың қоғамға паш еткісі келетін белсенді және шығармашыл мұғалімдерге бағытталған.

Фестивальға Зияткерлік мектептердің 59 мұғалімі қатысты, олардың ішінде 23 адам жүлделі орынға ие болды: I орын - 5 адам, II орын - 7 адам, III орын - 11 адам, 8 адам мақтау қағазбен марапатталды.



Зияткерлік мектептердің оқытушылары арасында «Әлемді өзгертетін идеялар» атты байқау өткізілді. Бұл байқау Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің бастамалары мен идеяларын зерттеудің жаңашыл түрлері мен әдістерін анықтауға және оларды білім беруде қолдануға бағытталған.

Байқауда 67 жобалық жұмыс ұсынылды, олардың ішінде 10 жұмыс ақырғы кезеңге өтті.

Үздік жобалар үшін жүлделі орындарды Астана, Көкшетау және Павлодар мектептерінің мұғалімдері иеленді:

III орын иегері - Амангелді Сатиев, Көкшетау қаласындағы Зияткерлік мектептің тарих пәні мұғалімі;

II орын иегері - Татьяна Машинец, Астана қаласындағы Зияткерлік мектептің ағылшын тілі пәні мұғалімі;

I орын иегері - Нұрболат Теміров, Павлодар қаласындағы Зияткерлік мектептің тарих пәні мұғалімі.



4-ТАРАУ.

БІЛІМ МАЗМҰНЫ





4- ТАРАУ. БІЛІМ МАЗМҰНЫ

4.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Дербес білім беру ұйымында екі білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда:

- ▶ Халықаралық Бакалавриат бағдарламалары;
- ▶ Кіріктірілген білім беру бағдарламасы.

4.1.1. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАКАЛАВРИАТ БАҒДАРЛАМАСЫ

Есепті кезеңде Астана қаласындағы Зияткерлік мектеп DP мен МҮР бағдарламалары бойынша балаларды оқытуды жалғастырды, оқытудың мақсаттары мен міндеттері туралы ДББҰ-ның 2014 жылғы есебінен толығымен танысуға болады.

2015 жылдың қараша айынан бастап мектеп DP бағдарламасы аясында **«Қазақ тілі» мен «Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы» пәндері бойынша аккредитациядан өтті, соның арқасында алғаш рет қазақстандық пәндер халықаралық бакалавриат тізіміне енгізілді.** Ресми түрде аккредитацияны иелену негізінде бұл пәндерді әлемнің кез келген оқушысы таңдап, оқи алады, ал Астана қаласындағы Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің онлайн түрде оқытып, емтихан қабылдаушы болу мүмкіндіктері бар. Соның арқасында әлемдік деңгейге жол ашылады.

Есепті кезеңде DP мен МҮР³ бағдарламаларын дамыту және кәсіптік шеберлік деңгейін

3 2013 жылдың сәуір айында Астана қаласындағы Зияткерлік мектеп DP бағдарламасы бойынша Халықаралық Бакалавриат авторизациясын, ал 2015 жылдың қараша айында – МҮР бағдарламасының авторизациясын алды.

жоғарылату мақсатында халықаралық бакалавриатпен 1, 2, 3 санат бойынша мақұлданған мектеп мұғалімдері 47 біліктілікті арттыру курсынан өтті.

Астана қаласындағы Зияткерлік мектептің ХБ бағдарламасы бойынша тәжірибе Астана қаласының Халықаралық мектебіне таралуда. Ол өз кезегінде бастауыш мектеп бағдарламасын авторизациялауға үміткер (PYP IB) және қазіргі таңда Халықаралық бакалавриат бағдарламасына үміткер дәрежелеріне ие.

4.1.2. КІРІКТІРІЛГЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ (КБББ)

19 Зияткерлік мектепте КБББ бойынша оқыту жалғастырылуда⁴.

2016 жылы еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне арналған оқу бағдарламасын әзірлеу барысында КБББ оқу бағдарламасын басқа да әр түрлі деңгейдегі бағдарламалармен салыстырмалы талдау жалғасын тапты. Талдауға сәйкес жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша оқу бағдарламалары халықаралық дәрежеде кең танылған A-level, O-level, IB бағдарламаларымен және SAT, SET және т.б. халықаралық емтихандар мазмұнымен сәйкес келеді. Барлық пәндердің оқу бағдарламалары ҚР МЖМББС-тың мазмұнын қамтиды, сонымен қатар белгілі бір тақырыптарды тереңдетіп оқу және бірқатар бөлімдер мазмұнын кеңейту қарастырылған.

4 КБББ жайындағы ақпаратпен nis.edu.kz сайтында таныса аласыз

Есепті кезеңде КБББ-ны енгізу мен жүзеге асыру тиімділігін аттыру мақсатында келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді:

- ▶ жаңа оқу бағдарламаларының апробациясы;
- ▶ КБББ енгізу мониторингі;
- ▶ жаңа оқу бағдарламаларын және жоспарларын қайта қарастыру;
- ▶ КБББ-ны енгізу барысында мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету.

ЖАҢА ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ АПРОБАЦИЯСЫ

КБББ енгізу бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр.

2015-2016 оқу жылында 3 және 10-сыныптардың барлық пәндері бойынша сондай-ақ 8-12-сыныптардағы «Дене шынықтыру» оқу бағдарламаларының апробациясы жүзеге асырылды.

2016-2017 оқу жылында Талдықорған және Көкшетау қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 4-сыныбы үшін оқу бағдарламаларының апробациясы жүргізіліп жатыр.

Кесте. КБББ-ны енгізу кестесі.

Оқу жылы	Сыныптар											
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
2012-2013												
2013-2014												
2014-2015												
2015-2016												
2016-2017												
2017-2018												
2018-2019												

КБББ (100%) 2018 жылы оқу үдерісі 1-сыныптан 12-сыныпқа дейін кіріктірілген оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылған кезде толығымен енгізіледі.

КІРІКТІРІЛГЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНГІЗУГЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Оқу бағдарламалары мен жалпы оқыту үдерісін 2016 жылы одан әрі жақсарту мақсатында жаңа және қайта қарастырылған оқу бағдарламаларын енгізуге жоспарлы мониторинг жүргізілді.

Ақпарат жинау сабақтарды 3,7,10-сыныптарда қадағалау, мектеп әкімшілігімен, КБББ-ны енгізу үйлестірушілерімен сұхбаттар, мұғалімдермен және оқушылармен баяндамалық сұхбаттар, мұғалімдер мен оқушыларға онлайн сауалнамалар, мұғалімдерге жазбаша сауал-сұрақ жүргізу арқылы жүзеге асырылды.

Алынған деректер контент-талдама (оның ішінде NVivo бағдарламалық жасақтама көмегімен), деректерді триангуляциялау және проблемаларды санаттарға бөлу арқылы өңделді.

Мониторинг шеңберінде **3, 7 және 10-сыныптарда 250 сабаққа** қатысу жүзеге асырылды. Зияткерлік мектептердің әкімшілігімен 16 және оқушыларымен 16 кездесу өткізілді.

1 116 мұғалім мен **2 678 оқушы** қатысқан онлайн-сауалнама үйреншікті деректер жинаудың тағы бір құралы болып табылады.



МОНИТОРИНГТІҢ ІС ЖҮЗІНДЕГІ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ МЕН ЖОСПАРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАСТЫРУ,

КБББ-ны енгізу мен жүзеге асыру тиімділігін арттыру мақсатында ұсынымдарды, жүйелі іс-шараларды әзірлеу, Зияткерлік мектептер мұғалімдерінің пәндері мен қызмет бағыттары бойынша тақырыптық әдістемелік құралдарды басып шығару жатады.

129 оқу бағдарламасы мен жоспарына түзетулер енгізілді.

Барлығы 129 құжат қайта қарастырылды

33 оқу бағдарламасы

9-БМ, 15-НМ, 9-ОМ

96 оқу жоспары

8-1 сн, 8-2 сн, 11-3 сн, 9-4 сн, 15-7 сн,
17-8 сн, 5-9 сн, 11-10 сн, 8-11 сн,
4- 12 сн

БАСТАУЫШ МЕКТЕП

Оқу бағдарламалары мен соларға сәйкес пән бойынша оқу жоспарлары қайта қаралды: «Ғылымға кіріспе», «Жаратылыстану», «Қазақ тілі және әдебиеті (бірінші тіл ретінде – Т1)», «Қазақ тілі (екінші тіл ретінде – Т2)», «Орыс тілі және әдебиеті (бірінші тіл ретінде – Т1)», «Орыс тілі (екінші тіл ретінде – Т2)», «Математика». Бұл бағдарламалар мен оқу жоспары мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты бойынша жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сынып оқу бағдарламаларына сәйкестендіріліп жасалды.

НЕГІЗГІ МЕКТЕП

Оқушылардың білімі мен дағдыларының бірізділігі мен үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында негізгі мектептің 6-10-сыныптарына арналып ертеректе әзірленген оқу бағдарламалары 2015 жылдан бастап кезең-кезеңмен қайта қарастырылып, негізгі мектепте 4 жыл бойы оқу мерзімін (7-10-сыныптар) есепке алып, оқу үдерісіне енгізіле бастады.

Есепті жыл бойы келесі пәндер бойынша 8-сыныпқа арналған оқу бағдарламалары мен жоспарлары қайта қаралып, оқу үдерісіне енгізілді: «Математика», «Физика», «Химия»,

«Биология», «География», «Қазақ тілі (бірінші тіл ретінде-Т1)», «Кіріктірілген қазақ тілі және әдебиеті (екінші тіл ретінде - Т2)», «Қазақ әдебиеті» «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Орыс тілі (бірінші тіл ретінде – Т1)», «Кіріктірілген орыс тілі және әдебиеті (екінші тіл ретінде – Т2)».

2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 7-сыныпта «Химия» пәні бойынша апталық жұмыс мөлшері ұлғайды – аптасына 2 сағат.

Тарих бағытындағы пәндер бойынша кейбір тұжырымдамалар (фокустар) анықталып, толықтырылды. Бұл тұжырымдамалар бойынша оқыту үдерісі ұйымдастырылуы тиіс: түзетулер мен сабақтастық, себеп және салдар, дәлел, салыстыру, маңыздылық пен интерпретация. Әр бөлек тақырыпты меңгеру мақсатында басты тұжырымдама (фокус) анықталды. Бұл тұжырымдама дағдыларды жүйелірек нығайту мүмкіндігін береді.

Мониторинг нәтижелері бойынша «Дене шынықтыру» пәні бойынша бастауыш, негізгі және жоғары мектептің оқу бағдарламаларына және бүкіл сыныптардың оқу жоспарларына түзетулер енгізілді: бөлімдер саны 3-ке дейін («Қимыл іс-әрекеті», «Қимыл тұрғысындағы

шығармашылық қабілеттер мен әлеуметтік дығдылар», «Денсаулық пен жақсы хал-жағдай») және тиісті 13 бөлімшеге дейін қысқартылды. Теориялық материалды меңгеруге бағытталған оқу мақсаттары алып тасталды. 4-11-сыныптардың оқу жоспарларына шаңғы, коньки және кросс дайындығы жаттығулары енгізілді. Ұсынылатын тапсырмаларды өзара алмастыруға болады, соның арқасында сабақтарды аймақтардың климаттық жағдайларына сәйкес өткізу қарастырылған.

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП

Жоғары сынып оқушыларының жүктемесін төмендету және күтілетін оқу нәтижелерін оқушыларды ұлттық қорытынды аттестациялаумен (зияткерлік мектептер түлектерінің ҰБТ тапсыру туралы шешімі) сәйкестендіру мақсатында жоғары сынып үлгісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Қазақ/орыс тілі (Т1)» пәні типтік оқу жоспарының вариативтік бөлігінен міндетті компонентке ауыстырылды. Жаңа форматтың бастапқы талаптарына және 2017 жылдың ҰБТ мазмұнына сәйкес бұл пәндердің оқу бағдарламалары мен жоспарлары қайта әзірленді.

Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру, қорытынды аттестациялауға дайындалуға қосымша уақыт босату мақсатында «Ғаламдық перспективалар мен жобалық жұмыс» пәнінің оқу ұзақтығы бір жарым жылдан бір жылға дейін қысқартылып, 11-сыныпта оқытылады. Осыған орай, бұл пәннің оқу бағдарламасы мен орта мерзімді жоспары толығымен қайта қарастырылды.

2015 жылы қайта қарастырылған «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» пәнінің оқу бағдарламасы Ақтау, Петропавл және Алматы қалаларында қайта қарастырылып, 2016-2017 оқу жылында барлық мектептерде енгізілетін болады.

Жоғары мектептегі «Физика» пәнінің бағдарламасына 12-сыныпта соңғы жаңалықтар негізінде Ғаламның және галактикалардың пайда болуына және дамуына заманауи көзқарасты зерттейтін «Космология» тақырыбы енгізілді. Ол оқушыларға әлемнің физикалық бейнесін тереңірек түсіну мүмкіндігін береді.

КІРІКТІРІЛГЕН ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНГІЗУ БАРЫСЫНДА МҰҒАЛІМДЕРГЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

Зияткерлік мектеп мұғалімдеріне КБББ-ны енгізуде қолдау көрсету үшін жыл сайын оқытудың жаңа әдістері бойынша, сондай-ақ оқу бағдарламалары мен жоспарлары, оқу мақсаттарына қол жеткізудегі стратегиялар бойынша оқыту өткізіледі.

БББО қызметкерлері **338** мұғалімге **19** пән бойынша **23** пәндік оқыту тренингін өткізілді, оның ішінде:

- ▶ **4-сынып** мұғалімдеріне «Өнер» және «Ағылшын тілі» пәндері бойынша **2** тренинг;
- ▶ **7-10-сыныптардың** мұғалімдеріне «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «География» және «Өнер» пәндері бойынша **4** тренинг;
- ▶ қазақ тілінде оқытатын **11-12-сыныптардың** мұғалімдеріне «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» пәні бойынша **тренинг**;
- ▶ орыс тілінде оқытатын **11-12-сыныптардың** мұғалімдеріне «Экономика», «Информатика» пәндері бойынша **2** тренинг;
- ▶ қазақ және орыс тілдерінде оқытатын **11-12-сыныптардың** мұғалімдеріне «Химия», «Биология», «Физика», «Математика» пәндері бойынша **8** тренинг;
- ▶ **7-12-сыныптардың** мұғалімдеріне «Орыс тілі (бірінші тіл ретінде – Т1)», «Орыс тілі және әдебиеті (екінші тіл ретінде – Т2)», «Қазақ тілі (бірінші тіл ретінде – Т1)», «Қазақ тілі және әдебиеті (екінші тіл ретінде – Т2)», «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті», «Ағылшын тілі» пәндері бойынша **5** тренинг;
- ▶ **11-сынып** мұғалімдеріне «Жаһандық перспективалар мен жобалық жұмыс» пәні бойынша **тренинг** өткізілді.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне Кембридж халықаралық емтихан кеңесінің кеңесшілері қатысқан оқу семинары өткізілді. Ол STEM білім берудің негізгі ережелерін ашуға, пәнаралық тақырыптар және оқу ресурстарымен (ОӘК) жұмыс жасай білу дағдыларын дамытуға бағытталған.



12-сынып оқушыларын сыртқы бағалау бойынша қорытындылары (2014 ж., 2015 ж.), сондай-ақ мониторинг нәтижелерінің талдауы оқушылардың биология, физика, химия пәндері емтихандарының тәжірибелік бөлігіне келгенде білімдері мен дағдыларының жеткіліксіз екенін көрсетті. Зерттеу болжамын жасауда қол жеткен деректерді график, диаграмма, кесте ретінде беруде қиындықтар туындады. Осыған байланысты Зияткерлік мектептердің 151 мұғаліміне **жаратылыстану-ғылым бағытындағы пәндерден тәжірибелік жұмыс пен зерттеу өткізу бойынша КХЕК** кеңесшілері қатысқан біліктілікті арттыру курсы ұйымдастырылды.

Семинарға қатысушылар каскад әдісін қолданып, 48 оқу семинарын өткізді. Нәтижесінде 19 Зияткерлік мектептің физика, химия, биология пәндерінің 334 мұғалімі оқытылды. Мұғалімдер зертханалық және тәжірибелік жұмыстар жасауға қажетті біліммен, дағдылармен және материалдармен бөлісті. Өткізілген семинарлар бойынша фото-бейне-мәтіндік есепті БББО-ның онлайн форумынан табуға болады.

Мұғалімдерге қосымша оқу-әдістемелік көмек пен ақпараттық-ресурстық қолдау көрсету үшін есепті жылда **үш бағыт бойынша 15 әдістемелік нұсқаулық** әзірленіп, таратылды: оқу бағдарламалары мен жоспарларын енгізу, үш тілде оқу моделі мен тілдік ортаға ену тәсілін жүзеге асыру.

4.1.3. ҮШТІЛДІ ОҚЫТУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

ДББҰ-да үштілді білім берудің негізгі мақсаты түлекті үш тілді меңгерген, сол тілдерде пәндік салаларды білетін, түрлі қызмет салалары бойынша тиімді диалог жүргізе алатын, өз халқының мәдениетін бағалайтын, сонымен қатар басқа халықтардың мәдениетін құрмейттейтін көптілді тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады.

Зияткерлік мектептерде КБББ шеңберінде үштілді білім берудің екі моделі қолданылады:

- Бірінші модель үштілділік (аддитивті) ұстанымдарына негізделіп, 19 Зияткерлік мектептің негізгі және жоғары мектептерінде жүзеге асырылады.
- Үштілді білім берудің екінші моделі тек қазақ тілді ортаға ерте ену кезеңімен ерекшеленіп, эксперименттік болып табылады. Ол бастауыш мектептері бар Талдықорған және Көкшетау қалаларындағы екі Зияткерлік мектепте қолданылады.

Зияткерлік мектептердегі үштілді білім берудің БІРІНШІ МОДЕЛІ қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бөлек пәндер ретінде деңгейлеп, жеке пәндерді екінші және үшінші тілдерде оқуды, сонымен қатар сыныптан тыс жұмысты үш тілде ұйымдастыруды көздейді.

Үштілді білім беру моделін жүзеге асырудың тиімділігін анықтау үшін 2016 жылы "Білім беру бағдарламалар орталығы" келесі зерттеулерді өткізді:

1. «Орыс тілі сабағында жазылым дағдысын дамытуда орын алатын мәселелерді зерттеу».

Енгізілген оқу бағдарламаларын жыл сайын бақылау арқылы тіл пәндері мұғалімдерінің оқушылардың сауатты жазу дағдысын дамытуға қиналатынын анықтады. Мұның негізгі себебі жалпы елімізде қазақ және орыс тілін оқытуда коммуникативті әдісті қолдану жаңашылдығы болуы мүмкін. Зерттеу нәтижесінде мына салалар бойынша мұғалімдерге көмек беру қажеттігі анықталды: сөйлеу дағдысын дамыту барысында грамматиканы оқытуды кіріктіру; жазбаша тіл дағдыларын дамытудың стратегиялары мен әдістері; жазуға дайындау кезеңдері; оқушылардың жазу дағдыларын бағалау; оқылым мен жазылымды оқытуды кіріктіру.

Зерттеу нәтижелері бойынша Зияткерлік мектептердің тілдік пән мұғалімдеріне арналған біліктілікті арттыру тренингтерінің мазмұны, сондай-ақ 2017 жылы әзірленетін нұсқаулықтардың тақырыптары қайта қарастырылды.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері негізінде оқу бағдарламалары мен жоспарлары қайта қарастырылды: тіл пәндерінің оқу мақсаттары нақтыланды, оқу жоспарларына оларды жүзеге асыру бойынша қосымша ұсыныстар мен маңызды оқу ресурстары енгізілді.

2. «Қазақстан тарихы» пәнін қазақ тілінде (Т2) оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері».

Зерттеудің басты нәтижесі – оқушылардың пәнді қазақ тілінде оқуға деген қызығушылығы. Бұл, сонымен қатар, оқушылардың пән бойынша жетістіктерін сыртқы бағалау нәтижелерімен дәлелденеді. 10-сынып оқушыларының барлығы емтиханның бірінші компонентінің тапсырмасын 44%-ға, екінші компонент тапсырмаларын 51%-ға орындады, яғни Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнын айтарлықтай жоғары деңгейде меңгерген. Дегенмен, сабақтарды бақылау барысында оқушыларға мұғалім тарапынан көбірек қолдау қажет екені анықталды.

3. «Зияткерлік мектептерде үштілді білім беруді жүзеге асыру үдерісін зерттеу».

Зерттеу Зияткерлік мектептерде үштілді білім беруді жүзеге асыруға ықпалдасатын және керісінше, бөгет болатын факторларды анықтауға бағытталған. Мұндағы мақсат – ұсыныстар даярлау арқылы қолданыстағы үштілді білім беру саясатын жетілдіру. Зерттеудің концептуалдық негізі ауызекі тіл (BICS, basic interpersonal communicative skills – күнделікті тілдің негізгі коммуникативті дағдылары) мен ғылыми тілдің (CALP, cognitive-academic language proficiency – ғылыми-танымдық тілдік құзыреттігі) айырмашылығын көрсететін Камминстің мұзтау теориясы (1999) болып табылады (төмендегі суретке қараңыз). Бұл теория бойынша жоғары деңгейде ойлау қабілетіне жататын талдау, синтез, бағалау сияқты тілдік ғылыми-танымдық дағдылардың дамуына белгілі бір жағдай мен уақыт қажет.



Сурет. Мұзтау теориясы (Камминс, 1999).

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес үштілді білім беру моделі оқушыларға күнделікті өмірде үш тілде сөйлеудің негізгі барлық коммуникативті дағдыларын тез арада дамыту мүмкіндігін береді. Атап айтқанда, зерттеу нәтижелері тілдік емес пәндерді екінші/үшінші тілде оқыту жоғары деңгейде ойлау дағдысын дамытатынын, сондай-ақ тілдің семантикалық және қызметтік мағыналарын түсінуді арттыратынын растады. Оқушылар тілді тек тілдік пәндерде ғана емес, тілдік емес пәндерде де оқиды. Себебі олар үлкен көлемдегі тілдік материалды пәннің мазмұны арқылы өздерінен өткізеді. Оған қоса, оқушылардың тілдік қоры пән терминологиясы арқылы байиды, сондай-ақ әр түрлі мәнмәтінде ғылыми тілді тікелей қолдану мүмкіндіктері кеңейеді.

Бұл пайымдау керісінше бағытта да қолданбалы: екінші/үшінші тілдегі пәндерде тілді меңгеру деңгейі екінші/үшінші тілдерде оқытылатын тілдік емес пәндердің материалын меңгеру деңгейіне тікелей әсер етеді. Осылайша, мұғалімдердің тәжірибесі көрсеткендей, тілдік пәндерді тиімді оқыту оқушылардың тілдік деңгейін дамытады және ақпарат қабылдауын жеңілдетеді.

Сонымен қатар, зерттеу мұғалімдері CLIL-ды (Content and Language Integrated Learning - тіл мен пәнді кіріктіріп оқыту әдісі) жетік меңгерген оқушылар екінші/үшінші тілде оқытылатын тілдік емес пәндерді оқуға көбірек ынта көрсетеді.




2016 жылы Зияткерлік мектеп мұғалімдеріне арналған үштілді білім беру бойынша біліктілікті арттыру курстары мазмұнын анықтау барысында зерттеу нәтижелері ескерілді, сондай-ақ CLIL тренерлерін даярлау бойынша жүйелі әрі ұзаққа созылған жұмыстың бағытын анықтау мүмкіндігі туды.

ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУЫ

Есепті кезеңде 344 тілдік және тілдік емес пән мұғалімдеріне тілдер бойынша үйлестірушілер мен қызметкерлерге арналған 8 семинар өткізілді. Оның ішінде:

- 239 тілдік және тілдік емес пәндердің мұғалімдеріне келесі тақырыптар бойынша 4 семинар өткізілді: тілдік пәндер мұғалімдеріне арналған «Екінші және үшінші тілді үйренудегі коммуникативті тәсіл – оқушыларды түсінуге және сөйлеуге қалай үйретуге болады?» және тілдік емес пәндер мұғалімдеріне арналған «Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту»;

Диаграмма. Үштілді білім берудің түрлі аспектілері бойынша дайындықтан өткен ДББҰ мұғалімдері мен қызметкерлерінің саны.



ҮШТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕКІНШІ МОДЕЛІ. КБББ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЕНУ ЖОБАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ (бұдан әрі – ЖОБА)

Тілдік ортаға ену топтары мен сыныптарында мектепке дейінгі ұйымдардан 80 бала, ал Талдықорған мен Көкшетау қалаларындағы Зияткерлік мектептердің бастауыш мектептерінен 115 оқушы білім алуда.

- тілдік пәндер бойынша 17 үйлестірушіге арналған семинар;
- CLIL бойынша 42 мұғалім-тренерге арналған семинар;
- БББО және ДББҰ-ның басқа бөлімдерінің 27 қызметкеріне арналған семинар;
- CLIL бойынша 31 мұғалім-тренерге және БББО қызметкерлеріне арналған семинар.


73 қатысушы «Пәндік және тілдік біріктірілген оқу (CLIL)» тәсілі бойынша дайындықтан өтті және келешекте мектеп тренерлері ретінде өз әріптестерін оқыта алады.

Экспериментке қатысушылардың алғашқы тобы (әр түрлі ұлт оқушылары: қазақтар, орыстар, шешендер, ингуштар, татарлар, украиндер, кәрістер, ұйғырлар және т.б.) ағымдағы жылда 4-сыныпта оқып жатыр.


Тілдік ортаға ену топтары мен сыныптарындағы оқушылардың қазақ тілін меңгеру деңгейін талдауға сәйкес коммуникативті тәсіл тәжірибеде белсенді қолданылады және ауызша сөйлеу тілінің жоғары деңгейде дамуымен, орфоэпиялық нормалардың сақталуымен, тілдің грамматикалық санаттарын дұрыс қолданумен расталады.

Сөйлеу әрекеті дағдыларының даму диагностикасының нәтижелері бойынша үш оқу жылы ішінде жүргізілген салыстырмалы талдау қазақ тілін меңгерудегі тұрақты динамиканы көрсетеді.

Көкшетау қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің ортаға ену сыныптары оқушыларының қазақ тілін меңгеруі бойынша деректер (%)



Талдықорған қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептің ортаға ену сыныптары оқушыларының қазақ тілін меңгеруі бойынша деректер (%)





Тілді өз бетімен үйренуге қажеттілікті дамытудың негізгі шарты тілдік ортаға ену сыныптарында қызығушылықты дамытуға бағытталған білім беру ортасын жасау болып табылады. Білім беру ресурстарының алуан түрлері, оның ішінде медиа ресурстар, көркем-әдістемелік басылымдар бар. Тілдік ортаға ену сабағының міндетті компоненті болып табылатын белсенді оқыту формалары қолданылады. Есепті кезеңде әдістемелік қолдау көрсету мақсатында 3 және 4-сыныптарға пәнаралық тақырыптар бойынша постерлер, 4-сынып үшін оқу хрестоматиясы, мектепке дейінгі ұйымдардың әр түрлі жастағы білім алушыларына арналған үш дидактикалық әдістемелік құрал әзірленді.

Бұл Жобаның ерекшелігі – ата-аналардың тең құқықты серіктес ретінде қатысуы.

Осылай, есепті кезеңде INNOVE (Эстония) тілдік ортаға ену орталығымен бірлесе отырып «Шегі жоқ тілдік ортаға ену» жаздық мектебінде Нелиярве қаласындағы қазақстандық және эстондық тілдік ортаға ену сыныптары ата-аналарының кездесуі ұйымдастырылды.

Жыл сайын мониторинг жасау жобаның ажырамас бөлігі болып табылады. Оның барысында зерттеудің түрлі тәсілдері қолданылады.

Мониторинг нәтижелері бойынша педагогтар тілдік ортаға ену тәсілдерін жеткілікті деңгейде меңгергендіктері және тәжірибеде сәтті қолданып жүргендіктері анықталды.

Жалпы, Жобаны жүзеге асыру кезеңінде мұғалімдер берілген әдістеменің тиімділігін атап өтті. Бұл әдістеме оқушылардың қазақ тілін үйренудегі қызығушылығын, ата-аналардың сенімділігін арттырады. Жылдың қорытындылары бойынша «Оқушыларды қазақ тілді ортаға енгізу негізінде мемлекеттік тілді дамыту» зерттеу есебі даярланды. Онда қазақ тілді ортаға енгізу жобасы бойынша тәжірибелік нәтижелер келтірілген.

Қазақстан және Эстония эксперименттік сыныптар педагогтарының тәжірибесі Талдықорған және Көкшетау қалаларында өткен «Қазақ тілді ортаға ерте жастан енгізу моделі мемлекеттік тілді меңгерудегі тиімді құрал ретінде» тақырыбы бойынша аймақтық конференцияда таныстырылды. Бұл конференцияға түрлі өңірлерден келген білім беру саласының 200 қызметкері қатысты.

4.2. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

2016 жылы тәрбие жұмысы Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында жүргізілді. Педагогтар Қазақстанның тарихи мұрасын насихаттау, Елбасы

Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің тәуелсіздігін нығайтудағы рөлін және елді дамытудың бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді қызметін дәріптеу мақсатында іс-шаралар кешенін әзірледі.

Бір жыл ішінде **азаматтылық және патриотизмді қалыптастыруға** бағытталған, барлық Зияткерлік мектептердің оқушыларын қамтыған патриоттық және әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды.

«Жаһандық перспективалар» пәні бойынша «Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бітімгершілік бастамалары» тақырыбы бойынша Елбасының жаһандық бастамалары галереясын ұйымдастыра отырып, оқушылар үшін 1 626 сабақ өткізілді.

Мемлекеттік рәміздерге ұқыпты қарауды дамыту мақсатында 4 175 оқушының қатысуымен мемлекеттік рәміздерді білуге қатысты байқау өтті, **Зияткерлік мектептердің** 9-11-сыныптарының 1 332 оқушысы арасында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің жетістіктерін білуге қатысты **«Эрудит» байқауы** өтті.

Тұңғыш Президент - Ұлт көшбасшысының кітапханасында Елбасының идеялары мен бастамаларына, оның республиканың қалыптасуы мен дамуындағы рөліне арналған **«Әлемді өзгертетін идеялар»** әлеуметтік жобасы шеңберінде Зияткерлік мектептердің 40 оқушысы мен 20 педагог қызметкері курсқа қатысты, сондай-ақ Елбасы еңбектерін оқу үдерісінде пайдалану бойынша әдістемелік әзірлемелердің республикалық байқауына қатысты.

«Бірыңғай ашық есіктер күні» шеңберінде Зияткерлік мектептерге жалпы білім беретін мектептердің 4 000 оқушысы келді. Олар үшін ғылым, технология, математика, өнер, инжиниринг бағыттары бойынша **таныстыру экскурсиялары мен шығармашылық үйірмелер** ұйымдастырылды, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларынан шыққан 100 оқушы үшін ЕХРО-2017 көрмесіне бару және Астана қаласының мектеп базасында жазғы лагерге бару үшін қаражат жинау мақсатында бірыңғай қайырымдылық жәрмеңкелері ұйымдастырылды.

Қазақстанның табиғаты, Қазақстанның Экономикасы, Қазақстанның дамуына еңбегі сіңген тұлғалар, Қазақстанның флорасы мен фаунасы, сондай-ақ әлеуметтік жобалар мен тәжірибелер бойынша: «Туған елге тағзым», «Ата-ана жұмысындағы 10 күн», «Екі апта ауылда» тақырыптары бойынша **«Үлкен ел – Үлкен отбасы» фотолар экспозициясы** ұйымдастырылды. Іс-шараға 1840 оқушы қатысты.

«Бейбітшілік пен Жасампаздықтың 25 жылдығы» атты **жетістіктерге арналған тұрақты презентациялық-көрме кешендері** ұйымдастырылды. Аталған көрмеде тарихи-мәдени мұралар, Қазақстанның заманауи жетістіктері мен жедел жобалары көрсетілді.

Барлық Зияткерлік мектептерде 6 405 оқушының қатысуымен қайырымдылық науқандары, мәдени шаралар, танымал қоғам қайраткерлерімен, ғалымдармен, спортшылармен кездесулер өткізілді.

Өз халқының мәдени мұрасына ортақтастық сезімін қалыптастыру үшін еліміздің қалалары мен облыстарының сауда үйлерінде 1 750 оқушының қатысуымен 1 000 домбырашы «Сарыарқа», «Балбырауын» күйлерін орындаған **«Біз – Ұлы Дала балаларымыз!» атты флешмоб ұйымдастырылды.** Астана қаласындағы Зияткерлік мектеп оқушылары (1000 оқушы) аталған науқанды Ұлттық мұражайда өткізді. Сондай-ақ 4 000-нан астам оқушының қатысуымен 25 санын құра отырып, Қазақстан туралы патриоттық әндер айтылған **жастарға арналған флешмобтарды** өткізді.

7 246 оқушы арасында **«Қазақстан туралы 25 үздік әуен» - «Әнім саған арналады» желілік науқаны ұйымдастырылды.** Науқан еліміз туралы үздік қазақ әндерін қолдау мен көрсетуге арналған. Әндер өз үйіне, қаласына, Отанына деген шынайы сезімге толы.

«2 апта ауылда» тәжірибесінің **нәтижелері бойынша** оқушылардың 100 үздік эссе жинағы шығарылды, сондай-ақ 30 таңдаулы эссе республикалық БАҚ көздерінде жарияланды, бұл - әлеуметтің Зияткерлік мектептер оқушыларының сабақтан тыс қызметіне қызығушылық танытатындығының дәлелі.

Он Зияткерлік мектепте Қазақстанның географиялық, биологиялық және тарихи ерекшеліктерін оқыған және зерттеген 260 үздік оқушы мен 40 мұғалімнің қатысуымен **«Туған елге тағзым»** дәстүрлі жобасы табысты өткізілді. Оқушылар көшпелі экологиялық экскурсиялар жасады. Мемлекеттік Ұлттық Табиғи саябақтармен, тарихи ескерткіштермен, еліміздің тарихи нысандарымен танысты.

Тараз қаласындағы Зияткерлік мектептің 116 оқушысы «Баласағұн» мәдениет сарайында екі балалар үйі, мүгедектер үйі, ардагерлер үйі, «Ана мен бала», Қамқоршы кеңесі, сынамалы мектептер мұғалімдері үшін **«Тамыры терең, тұғыры биік - Тәуелсіздік»** атты концерт өткізді. Концертте Қазақ хандығының құрылуынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі еліміздің құрылу тарихы көрсетілді.



Мемлекет тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай мыңдаған оқушы, ата-ана, аймақтық қоғам тартылған Зияткерлік мектептердің желілік іс-шараларының жоғары деңгейі Зияткерлік мектеп оқушыларының тәуелсіздіктің елшілеріне, жасампаз идеялар ойлап шығарушыларына, еліміздің нағыз патриоттарына айналғанын көрсетті.

Есепті кезеңде «Ғылым. Технология. Инжиниринг. Математика» тақырыбына **VI Наурыз кездесулері** өтті. Кездесуге Зияткерлік мектептер мен жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді оқуға қабілеті жоғары **160 оқушы** қатысты.

Екі күн бойы Назарбаев Университетінің, Ұлыбританияның Корольдық институтының, Германия, Оңтүстік Корея, Ресей Федерациясының ғалымдары «Инжиниринг», «Электр моторлары», «Медицина», «Биотехнология», «STEAM-білім беру», «Мүмкін болмаған нәрсенің физикасы», «Молекулалық физика», «Математиканың заманауи бағыттары» тақырыптары бойынша 8 дәрісханада ғылыми тәжірибе көрсетіп, шеберлік сыныптарын өткізді.

Бұл кездесулер шеңберінде төрт секцияда STEM инновациялық идеялары бойынша оқушылар келесі тақырыптарға өздерінің **53 жобалық жұмысын қорғады**: «EXPO-2017: Баламалы қуат көздері», «STEM идеялары: инновациялық ойлау, жаңа технологиялар, шығармашылықты дамыту», «Мүмкін болмаған нәрсенің физикасы», «Өмірді өзгертетін технологиялар». Жобалық жұмыстар тәуелсіз қазылар алқасымен бағаланды. Әдетте, Наурыз кездесулері жалпы білім беретін мектептер оқушыларының ғылыми жобаларға және техникалық шығармашылыққа қатысуына септеседі.

2016 жылы оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыратын жаңа жобалар енгізілді:

- **«100 күйдің тарихы»**, бұл жоба шеңберінде шамамен 2 мың оқушы музыкалық туындылардың пайда болу тарихын зерттеп, олардың авторлары туралы мәлімет жинайды;
- **«Википедия монументтерді қорғайды»** – «Туған елге тағзым» экспедициясының 358 қатысушысы мен біздің жас википедияшылдарымыз тарихи маңызы бар нысандардың фотосуреттерін онлайн-энциклопедияға жүктеп, миллиондаған адамдарға өз елінің тарихи-мәдени мұрасын білу мүмкіндігін тудырады.

4.3. ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ

Оқушылардың білімін тереңдету және қабілеттерін дамыту мақсатында Зияткерлік мектептерде таңдамалы курстар, жаздық мектептер ұйымдастырылды және оқушыларға сабақтан тыс уақытта кең мүмкіндіктер беретін серіктес мектептермен өзара ынтымақтастық жөнге салынды.

4.3.1. ТАҢДАМАЛЫ КУРСТАР

Математикалық үлгілеу дағдыларын, шығармашылық, инженерлік, кәсіпкерлік, дизайн тұрғысынан ойлау, шығармашылық жазу қабілетін, жобалық қызметін, бағдарламалық жасақтаманы, процестер алгоритмін жобалау, жасанды ақылды үлгілеу қабілетін дамыту мақсатында танымал жетекші білім беру және ғылым ұйымдарында есепті жылда 132 оқушының қатысуымен 5 курс өткізілді.

Кесте. Мектептен тыс таңдамалы курстардың атаулары

№	Мектептен тыс таңдамалы курстар	Оқушылар саны
1.	Джон Хопкинс Университетінің (АҚШ) дарынды жастар Орталығындағы жаратылыстану-математика ғылымдары бойынша курстар: биология, химия, физика, биомедицина, математикалық логика, электртехника, криптология	20
2.	Стэнфорд Университетінің (АҚШ) Жастар бағдарламасы бойынша курстар: ғылым, технология, инженерия, кәсіпкерлік, көшбасшылық, мәселелерді бірігіп шешу	40
3.	Колумбия Университетінің (АҚШ) «Оқуға ену» курстары: молекулярлық биология, физика, химия, кәсіпкерлік, бағдарламалау, тұрақты даму	10
4.	«Ноттингем Университетінің негізіндегі STEM» жазғы лагерь курстары, Ноттингем, Малайзия: биоғылым, биомедицина, фармацевтика, информатика және инжиниринг	42
5.	«STEM Besant Hill school», (АҚШ) жазғы лагерь курстары: ғылым, технология, инженерия, математика, зерттеу жұмысы	20

Тұңғыш рет:

- **60 оқушы үшін Стэнфорд Университеті** бағдарламасы бойынша Алматы, Астана қалаларындағы Зияткерлік мектептерде оқушылардың IT технологиялар саласындағы білімі мен дағдыларын, шығармашылық жазуы мен шағырмашылық ойлау қабілетін дамытатын «Шығармашылық жазу», «Бейне-ойындарының дизайнын жасау» бағдарламалары бойынша **таңдамалы курстар ұйымдастырылды;**
- Астана, Алматы және Шымкент қалаларындағы мектептерде **363 оқушы үшін кәсіпкерлік курстары ұйымдастырылды.** Олар балаларға өз бойларындағы көшбасшылық әлеуетін ашып, кәсіпкерге өз компаниясын ашуға қажетті дағдыларды дамыту мүмкіндігін берді. Курстың соңына қарай оқушылар өздерінің бизнес-нұсқаларын әзірлеп, қорғады.

Мектептен тыс курстар біткеннен кейін, оқушылар шағын зерттеулер мен құрдастарына сабақ өткізу арқылы үйренген дағдыларын қолданады.





4.3.2. ЖАЗҒЫ МЕКТЕП

Жазғы мектептердің бағдарламалары әлемнің жетекші Университеттерімен әзірленді. Бұл бағдарламалар заманауи білім беру технологияларын кеңінен қолдануды қамтамасыз етеді, оқушылардың зияткерлік, шығармашылық, эмоциялық дамуына жағдай жасайды, олардың ақпараттық және коммуникативтік құзыреттігін арттырады, оқуға деген жағымды ынта тудырады, оқушының өз тағдырын шешуге және болашақ мамандық таңдауға себептеседі.

Зияткерлік мектептердің 7-11-сыныптарының 5 686 оқушысы үшін математика, физика, химия, биология, информатика, дизайн және технология кіріктіруін ескере отырып, келесі 8 бағыт бойынша жаздық мектеп ұйымдастырылды: «Инженерия», «Сабын шығару және оның дизайны», «Биотехнология және биоинженерия», «Топырақ және оның бірегей қасиеттері», «Робот техникасы», «Science sparks», «STEM (Эко үй)», «Фармакон».

Жазғы мектептер шеңберінде оқушылардың зияткерлік және шығармашылық белсенділігіне қолдау көрсетілуде, зерттеу мен тәжірибелік дағдыларын тереңдетуге мүмкіндік берілуде, тілдік дағдылар мен шығармашылық ойлау дағдылары дамытылуда.



4.3.3. СЕРІКТЕС МЕКТЕПТЕР

Зияткерлік мектептер оқышыларды алмасу бағдарламасы жүзеге асырылатын «Серіктес мектептер» жобасын жалғастыруда.

2016 жылдың қаңтар айында Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепте малайзиялық PERMATApintar Дарынды балаларға арналған орталығының оқушыларын оқыту ұйымдастырылды.

**PERMATApintar мектебін Малайзия Үкіметі дарынды оқушылардың әлеуетін дамыту, оқушыларды STEM (Ғылым, Технология, Инженерия және Математика) оқуға және зерттеулерге ынталандыру мақсатында ашқан.*





Оқушылар сабақтарға, үйірме жұмыстарына, сыныптан тыс іс-шараларға, шеберлік сыныптарына қатысты, Назарбаев Университетіне, Ұлттық мұражайға, «Астана Опера» театрына және қаланың басқа да көрікті жерлеріне барды, «Еркем-ай» халық әнін домбырада ойнауды үйренді.

2016 жылдың қазан айында Ақтау қаласындағы Зияткерлік мектептің 13 оқушысы the Nueva School, АҚШ, Калифорния штаты, Сан-Матео қаласына сапармен барды.

** The Nueva School - 7 жастан 18 жасқа дейінгі дарынды балаларға арналған инновациялар, рефлексивті тәжірибе және зерттеулерге ынталандыратын мектеп.*



Оқушылар Стэнфорд университетімен бірігіп жұмыс жасады, Кремний алабындағы әлемдік компанияларға, университеттерге, ғылыми орталықтарға, мұражайларға сапармен барды, дизайндік ойлау курстарына, STEM жобаларына, the Nueva School мектебі студенттерімен бірге математикалық квестке қатысты.

"the Nueva School" мектебімен жұмыс 2017 жылдың жазғы айларында жалғасады, шетел оқушыларының Ақтау қаласындағы Зияткерлік мектептерде оқытылуы, Астана қаласында ЭСКПО - 2017 халықаралық көрмесіне қатысуы, сондай-ақ Жібек жолының тарихымен танысуы мақсатында Түркістан қаласына бару жоспарланып отыр.



2016 жылдың желтоқсан айында Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектептің 15 оқушысы «Айб Білім хабы» (Армения) халықаралық қорында оқыды, ал 2017 жылдың қыркүйек айында армян оқушылары Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектепке келеді.

** Мектеп 2011 жылы ашылды және Арменияның жалпы білім беру бағдарламасына халықаралық стандарттарды енгізу мақсатында бірегей білім технологиясын пайдаланады.*



Сондай-ақ, Павлодар қаласындағы Зияткерлік мектеп оқушыларының А.Н. Колмогоров атындағы Мамандандырылған оқу-ғылыми орталығына (Ресей Федерациясы) сапары жоспарланып отыр.

** А.Н. Колмогоров атындағы Мамандандырылған оқу-ғылыми орталығын танымал математик және физик ғалымдары жаратылыстану ғылымдарын оқуға бейімділік танытқан жоғары сынып оқушыларын оқыту үшін 1963 жылы құрды.*

4.4. МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

20 Зияткерлік мектепте «Педиатрия» мамандығы бойынша және 19 мектепте «Стоматология» мамандығы бойынша лицензиясы бар мамандар медициналық көмек көрсетеді.

Зияткерлік мектептерде 141 медициналық қызметкер: 19 дәрігер-педиатр, 18 дәрігер-стоматолог, 40 мектеп мейірбикесі, интернатта 44 мейірбике, 20 диеталық мейірбике жұмыс істейді.

Медициналық қызмет тұрақты түрде оқушылардың профилактикалық тескерісін, мезгілдік және созылмалы аурулардың алдын алу шараларын (санитарлық-гигиеналық және сауықтыру шаралары) жүзеге асырады. 2016 жыл бойы оқушылардың 100%-ы педиатрия мен стоматология бағыттары бойынша алдын ала тексерістен өтті.

Аурудың алдын алу екпелерінің Ұлттық күнтізбесіне сәйкес, Зияткерлік мектептер оқушыларына тұмау, қызылша, қызамық, дифтерия, сіреспе және туберкулез ауруларына қарсы вакцинация жасалды.

Пән мұғалімдері мен тәлімгерлер біріге отырып, оқушыларды салауатты өмір-салтына (дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану, бұлшық етті нығайту, көздің көру қабілеті және т.с.с.) баулуға қатысты іс-шаралар мен тақырыптық сабақтар әзірлеп, өткізді.

Медициналық қызметкерлердің жүрек тоқтағанда алғашқы реанимациялық көмек көрсете алу біліктілігін тұрақты түрде арттыру мақсатында оларға "Ана мен бала" ұлттық орталығының «University Medical Center» корпоративтік қорында Америка жүрек қауымдастығы (American Heart Association) әзірлеген бағдарлама бойынша оқыту ұйымдастырылды. Оқыту нәтижесінде педиатр-дәрігерлер дәл осындай тренинг пен нұсқаманы 11-12-сынып оқушылары, мұғалімдері және тәлімгерлері арасында өткізді.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Білім беру бағыттарын дараландыру, оқушылардың психикалық денсаулығын нығайту, психологиялық тұрғыдан қауіпсіз және жайлы білім ортасын қалыптастыру оқыту үдерісінде маңызды орын алады.

Зияткерлік мектептердің психологиялық қызметтерінде 56 педагог-психолог жұмыс істейді.

Педагог-психологтардың қызметін талдау негізінде психологтардың біліктілігін арттыру қажеттілігі анықталды.

Психологиялық қызметтерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында Зияткерлік мектептердің білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тұжырымдамасы, Зияткерлік мектептердің Психологиялық қызметінің жұмысын ұйымдастыру бойынша нұсқаулық (әдістемелік ұсыныстар), Зияткерлік мектептердің білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламалары жинағы, Педагог-психологтың кәсіби дамуын психологиялық сүйемелдеу моделі әзірленді.

Оқу семинарлары мен тренингтері ұйымдастырылды.

Дюссельдорф қаласының Халықаралық білім беру және ғылыми ақпарат орталығында «Германиядағы білім берудің психологиялық қызметі жұмысының қолданбалы аспектілері» курстары өткізілді. Дайындық нәтижесінде педагог-психологтар терапевтік жұмыс дағдыларын зерттеді, психологиялық қызметтердің

құжаттамасын ұйымдастыру, диагностика жасау және т.б. бойынша тәжірибе алды. Осы тәжірибенің негізінде психологиялық қызметтердің құжаттамасы қайта қарастырылды, психологиялық қызмет кабинеті жөнінде ереже әзірленді.

«ТОЧКА ПСИ» психологиялық көмек көрсету орталығы» автономиялық коммерциялық емес ұйымының қызметкерлері (Мәскеу қаласы) «Оқушылармен және педагогтармен жұмыс жасау барысындағы үлкен психологиялық ойын: ойынның дамытушы, түзетуші, диагностикалық және жобалық мүмкіндіктері» тақырыбы бойынша семинар өткізді. Семинарға қатысудың арқасында оқушылар мен оқытушылар ұшырасатын жеке тұлғалық, әлеуметтік және оқуға қатысты қиындықтарды ықшамдау мүмкіндігін беретін жобалау дағдысы жаттықтырылып, ойын түріндегі әдістердің қолданылуы қамтамасыз етілді.

"Intellekt" оқу орталығының (Эстония, Таллин) қызметкерлері мен Санкт-Петербург психологиялық ұйымының мүшесі, EMDR-терапия бойынша когнитивтік-мінез-құлық терапевт маманы Зияткерлік мектептердің 20 педагог-психологы мен тәрбие жұмысы директорларының 20 орынбасарына «Эмоциялық ақыл. Дарынды балаларды қолдау» атты семинар өткізді. Қатысушылар кәсіби қызметтің күрделі жағдайларында өзін-өзі реттеу және эмоциялық күйді басқару технологиясын пайдалану туралы хабардар болды.

2016 жылдың қазан айында Зияткерлік мектептердің педагог-психологтары үшін халықаралық табыстылықты бағалау сарапшысы болып табылатын Пенсильвания Университетінің (АҚШ) психология ғылымдарының докторы Алехандро Адлер Браунның қатысуымен «Оқушылардың табыстылығын арттыруға және академиялық жетістіктерге жетуге қажетті өмірлік дағдыларды оқыту» семинары өткізілді. Семинар нәтижелері бойынша қатысушылар оқушылардың позитивтік ойлау қабілетін қалыптастыру шеңберінде және «Сиқырлы шеңбер» технологиясын пайдалануға бағытталған «мықты тұлғаны» дамыту идеясында негізделген позитивтік психология техникалары жайлы ақпарат алды.

Ағымдағы жылдың қазан-желтоқсан айларында Зияткерлік мектептердің 55 педагог-психологын «Күйзеліссіз мектеп: Білім беру тәжірибесіндегі ықпалдастық кинесиологиясы» бағдарламасы бойынша 2-модульді оқыту жүзеге асырылды.

Ықпалдастық кинесиологиясын оқыту баланы сауықтыратын және оның психофизикалық денсаулығын қалпына келіретін заманауи тәжірибелердің бірі болып табылады.

Психологтың жұмысы мектепте білім беру үдерісін басқару жүйесінің қажетті элементіне айналды, өйткені оның қызмет нәтижелері мектептегі білім беру сапасын арттыруға бағытталған.

2016 жыл ішінде педагог-психологтар оқушылар, ата-аналар және педагог қызметкерлерге **8 746** жеке және топтық кеңес берді.

4.5. БІЛІМ БЕРУ КУРСТАРЫ

4.5.1. КБББ БОЙЫНША НЕГІЗГІ МЕКТЕП ҮШІН ОӘК ӘЗІРЛЕУ

КБББ бойынша оқу үдерісін білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету мақсатында оқу-әдістемелік кешендерін (ОӘК) әзірлеу жұмысы жүргізілуде.

Есепті кезеңде Лондон Колледж университетінің Білім беру институты (ББИ) (Ұлыбритания) стратегиялық серіктесімен бірігіп Зияткерлік мектептердің 7-8-сыныптары үшін ОӘК әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілді. Бұл бағытты жүзеге асыру шеңберінде 7-сыныптың авторлары мен редакторлары үшін 5 семинар және 8-сыныптың авторлары мен редакторлары үшін 3 семинар өткізілді.

Бұл бағытта жұмыс істеу нәтижесінде есепті жыл ішінде:

- **7-сыныптың 9 пәні бойынша 9 ОӘК-тің** жобалық нұсқалары әзірленді: «Математика – 1-бөлім», «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика», «Өнер», «Дүниежүзі тарихы», «География», «Қазақстан тарихы»;



- **8-сыныптың 8 пәні бойынша 8 ОӘК-тің** жобалық нұсқалары әзірленді: «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика», «Өнер», «Дүниежүзі тарихы», «География», «Қазақстан тарихы».

ОӘК-ті РЕЦЕНЗИЯЛАУ

2016 жыл ішінде ОӘК компоненттерінің оқу бағдарламаларына сәйкестігін және әрбір ОӘК компонентінің өзара келістілігін анықтау мақсатында Кембридж университетінің Халықаралық Емтихан Кеңесінің қолдауымен 6 пән бойынша 7-сыныпқа арналған ОӘК: «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика», «Өнер», «География» рецензияланды.

4.5.2. ЖҮЙЕЛІ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН, sk.nis.edu.kz

Зияткерлік мектептердің педагогтары мен оқушыларына әдістемелік және оқу жағынан қолдау көрсету мақсатында педагогикалық тәжірибе мен ғылыми білім алмасуға арналған бірыңғай ақпараттық кеңістік ретінде қызмет атқаратын Жүйелі-әдістемелік кешен (ЖӘК - педагогикалық білім дерекқоры) жүйелі түрде толықтырылып отырады.

Мұғалімдерге арналған 39 805 ресурс: қысқа мерзімді жоспарлар, сабаққа дайындалуға арналған тақырыптық материалдар, дидактикалық материалдар, қалыптастырушы бағалау, тәжірибелік және зертханалық жұмыстар, қорытынды бағалау, презентациялар, аудио-бейне материалдар, интербелсенді компоненттер және сандық білім беру ресурстары **әзірленді**.



Педагогикалық білім дерекқорына бірнеше модуль кіреді.

«Ішкі қорытынды бағалау базасы» модулі ішкі қорытынды бағалау (ІҚБ) материалдарының тест спецификациясының және материал мазмұнының сапасын бағалау талаптарына сәйкестігін ПӨО қызметкерлерімен сараптауға арналған. Бұл модульге кестеге сәйкес сараптамадан өтетін **8 589** материал, үлгілер, сонымен қатар алдыңғы оқу жылында сараптамадан өткен материалдар қоймасы кіреді. **4 545 жиынтық жұмыс онлайн сараптамадан өтіп**, ішкі жиынтық бағалау жүргізу үшін **бекітілді**.

«Зерттеушілер қауымдастығы» модулі ДББҰ зерттеушілеріне қолдау көрсету, ғылыми білім мен тәжірибе алмасу мақсатында құрылды. Оның ішінде семинарлардың, скайп-конференциялардың, конференциялардың, зерттеу жобаларының материалдары, деректер талдамасы, ресурстар орналасқан.

«Зияткерлік мектептер оқушылары үшін» модулінде теорияны, презентацияларды, аудио және бейне материалдарды, қосымша оқуға және тесттер мен емтихандарға дайындалуға арналған қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын қамтитын материалдар орналасқан. **8 735 оқыту материалы әзірленді, оқушылар онлайн өтіп, нәтижесін ала алатын 25 631 тест тапсырмасы жүктелді.** Әрбір тест үшін сұрақтардың күрделілік деңгейіне қарай өту балы мен тест өтуге берілетін уақыт анықталды.

20 пән саласы бойынша үш тілде тәулігіне 24 сағат **8 735** оқу материалын өз бетінше оқу мүмкіндігін беретін, оқушыларға арналған **«Өз бетінше оқу»** модулі қолданылады.



web-мекенжайы: <http://sk.nis.edu.kz>

Оқушыларға күрделі және өткен тақырыптар бойынша білімді бекіту және қайталау, алынған білімді онлайн тестілеудің жиынтық балы негізінде тексеру мүмкіндігі беріледі. Есепті кезеңде **12 687** пайдаланушы тіркелді.

4.5.3. КІТАПХАНАЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІ бірнеше бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- ▶ Оқушылардың кітап оқу мәдениетін, оқырман және ақпараттық сауаттылығын, зерттеу дағдыларын дамыту;
- ▶ Ата-аналармен ынтымақтастық;
- ▶ Зияткерлік мектептер кітапханалары қызметкерлерінің біліктілігін арттыру;
- ▶ Кітапхана қорын қалыптастыру.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН, ОҚЫРМАН ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН, ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Кітап оқуға оқушыларды барынша көп баулу мақсатында түрлі іс-шаралар өткізіледі. Барлық Зияткерлік мектептерде 2013 жылдан бастап оқушылар кітап жаңалықтарын талқылап, әсерлерімен бөісетін 20 оқырмандар клубы қызмет етеді.

Есепті кезеңде клуб қатысушылары арасында онлайн оқырман конференциялары өтті (Зияткерлік мектептер арасында, сонымен қатар «Global Readers» оқырмандар клубы шеңберінде Зияткерлік мектептер мен Wharton High School (Флорида, АҚШ) арасында (Көкшетау)).

Клубтық жұмыстан басқа «Барлығын тастап, кітап оқы», «123», «Bookcrossing», «Reading time», «Кітапты тап», «Зияткерлік мектептер

оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап», «Book Start», READx, «Арамыздағы жазушылар», «Жас ақындар», «Жаңа ұрпақ жазушысы», «Сүйікті кітап туралы 5 минут», «Әлемдік кафе», «Жастар мен кітап оқу: түйісу нүктелері» желілік жобалары жүзеге асырылады.

Педагог-кітапханашылар оқушыларды ойын түрінде кітап оқуға дағдыландырады. Сони тұрғыдан ойлау дағдыларын, оқырман, ақпараттық және функционалды сауаттылығын дамытады.

Оқушылардың ақпаратты іздеу, талдау, өңдеу, зерттеу дағдыларын, сони оқу дағдыларын дамыту мақсатында барлық кітапханаларда келесі тақырыптар бойынша ақпараттық сауаттылық сабақтары өткізілді: «Материалдарды дәлелді талдау», «Визуалдық сауаттылық», «Газеттер көмегімен ақпараттық сауаттылықты дамыту», «Көлеңкелі поэзия», Талдау сауалнамаларын пайдалану, «Графикалық органайзер», «Блум Түймедағы» стратегиясы, «6 ойлау қалпағы», «Brain Storming».

Оңтүстік корейлық «123» жобасы ерекше назар аударуға тұрарлық: бір кітапты оқуға бір айдың ішінде күніне 20 минут жұмсалады, оқып болғаннан кейін оқушылар үш минут ішінде туынды туралы эссе жазады. Бұл тәжірибе оқушыларға кітапты көбірек есте сақтау, мәтінмен жұмыс істеу қабілетін дамытады, туындыдағы әрбір сөздің мағынасын тереңірек түсіну мүмкіндігін береді. Сондай-ақ көркем әдебиетті оқу арқылы өз бойындағы қасиеттерді жақсартуға алып келеді.



КІРІКТІРІЛГЕН САБАҚТАР

2016 жылдан бастап жүйелі түрде педагог-кітапханашы мен пән мұғалімдері арасында кіріктірілген сабақтар өткізіліп тұрады. Бұл тәжірибе кітапхананың жаңа мүмкіндіктерін ашып, оқушыларға жан-жақты даму мүмкіндігін береді.

Бұл сабақтардың басты мақсаты – оқушылардың оқырман және ақпараттық сауаттылығын кітапхана ресурстарын пайдаланып, сабақтарды ақпаратпен қамтамасыз ету, белсенді ойын әдістерін өткізу көмегімен кітап оқуды пәнаралық кіріктіру арқылы дамыту.

Барлық зияткерлік мектептерде мынадай кіріктірілген сабақтар өткізілді:

- ▶ Биология сабағы – «Эволюция»;
- ▶ География сабағы – «Туған елге тағзым»;
- ▶ Қазақ тілі сабағы – «Күн мен түн туралы мәтіндерге көзбен шолу жасау және жылдам оқу», «Әлемнің жеті кереметі» және т.б.;
- ▶ Ағылшын тілі сабағы – «Colors», «School Objects», «Alphabet» және т.б.;
- ▶ Ғаламдық мүмкіндіктер мен жобалық жұмыстар сабағы – «Жастар және бұқаралық ақпарат құралдары», «Бұқаралық ақпарат құралдардағы гендерлік саясат»;
- ▶ Қазақ әдебиеті сабағы – Б. Момышұлының «Ақиқат пен аңыз» шығармасы;
- ▶ Өзін-өзі тану сабағы – «Мен дүниеге келдім»;
- ▶ сонымен қатар, тағдыры қиын танымал тұлғалар жайында: Ник Вуйчич, Джоан Роулинг, Стивен Хокинг және т.б.

МҰҒАЛІМДЕРМЕН БІРЛЕСІП ОРЫНДАЛҒАН ЖҰМЫС

Есепті кезеңде Зияткерлік мектептердің кітапханалары тәжірибе алмасу, функционалды, ақпараттық сауаттылық, плагиат, білім беру ресурстарын пайдалану бойынша семинарлар мен тренингтер өткізу жағынан әдістемелік бірлестіктермен, тәлімгерлермен, мұғалімдермен тығыз жұмыс жасады. Ағылшын тілі кафедрасының мұғалімдері үшін мектептерге түрлі деңгейдегі оқулықтар берген "MMPublications" баспасының (Греция) «Оқушылардың оқу шамасын жандандыру» вебинары өткізілді. Вебинар барысында дайындық деңгейлері әр түрлі сыныптарда оқу тақырыптары мен сараланған оқыту әдістемесі ашылды.

Оқу жылы ішінде барлық кітапханаларда Зияткерлік мектептердің оқушылары мен педагогтары үшін EBSCO халықаралық дерек қорларын, Twig-bilim, Bilimland білім беру ресурстарын пайдалану бойынша оқыту тренингтері өткізіледі, сол ресурстарға кіру рұқсаты беріледі.

АТА-АНАЛАРМЕН ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің кітапханалары – шығармашылық пен шабыт орталығы. Педагог-кітапханашылар ата-аналарды мектеп кітапханасының өміріне белсенді қатыстырады.

«Отбасылық оқу», «Кітапқұмар», «Favebook» клубтарының кездесулері өткізіледі. Онда ата-аналар мен балалар қызықты кітаптар оқиды, ойындар өткізеді және әңгімелеседі, сюжетті талқылайды, кітап мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ойын түрінде топтық және жеке жұмыс жүргізу тәсілдері қолданылады.

Оқырман клубтары оқушылардың, ата-аналардың бейресми қатынасуына, кітаптарды талқылауға, оқырмандар пікірі мен ұсыныстарымен алмасуға, клуб қатысушылары үшін түрлі ойындар мен іс-шаралар өткізуге арналған өзіндік шығармашылық алаң болып табылады.

Ата-аналарды оқырман отбасы клубына қатысуға шақыру мектеппен байланысты нығайту мүмкіндігін береді, отбасылық құндылықтарды дамытады.


ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

2016 жылы педагог-кітапханашылар Оңтүстік Корея, Индонезия, Сингапурдан кітапхана ісінің халықаралық сарапшылары шақырылып ұйымдастырылған келесі семинарларға қатысты: «Кітап оқудың өзара байланысын зерттеу және PISA нәтижелері бойынша кітапханаларды іс жүзінде пайдалану» және «Болашақ: 21-ғасырдың оқылым бағдарламалары және зерттеу сауаттылығының дағдылары». Семинарларда оқу және ақпараттық сауаттылықты дамыту мәселелері, кіріктірілген сабақтар, бұқаралық іс-шараларды өткізу түрлері мен әдістері, оқу мәдениетін дамыту әдістері, кітап клубтарының жұмысы, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту жолдары қарастырылды.

Педагог-кітапханашылар келесі тақырыптар бойынша «Байланыс. Ынтымақтастық. Қоғам» атты ИФЛА конференциясына қатысты. (Колумбус қаласы, АҚШ)

Шетелдік кітапхана қызметкерлерінің өзекті мәселелері мен ортақ жобаларды талқылау, тәжірибе алмасу, өзге елдердің кітапхана ісінің даму көріністерімен танысу мақсатында Жапонияда (Токио) жыл сайын өтетін «IASL-2016» мектеп кітапханалары қауымдастығының «Сандық технологиялар заманындағы мектеп кітапханалары» тақырыбы бойынша өткен 45-халықаралық конференцияға қатысты.

Оқу барысында алынған тәжірибе Зияткерлік мектептердің кітапханаларына енгізілді және мемлекеттік жалпы білім беретін мектептердің кітапханаларына таратылады.





ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІҢ КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кітапханалардың оқу қоры КБББ-на сәйкес мұғалімдер мен оқушылардың сұранысын, қажеттіліктерін, мүдделерін, отандық және шетелдік кітап нарығын ескере отырып қалыптастырылады.

Оқу үдерісін заманауи оқу-әдістемелік және ғылыми басылымдармен қамтамасыз ету мақсатында кітапханалар мынадай баспалармен жұмыс істейді: «Атамұра», «Қазақпарат», «Аруна», «Фолиант», «Ювента», «Эксмо», «Академия», «Азбука-классика», Cambridge University Press», «Oxford University Press», «Kingfisher», «Jones & Bartlett Learning», «Thomson & Heinle», «Imperial College Press», «Usborne Publishing Ltd», «Cengage Learning», «Barrons», «DK», «Puffin», «Pearson Education Limited», «Penguin books», «MMPublications», «Bloomsbury» және т.б.

2016 жылдың қараша айында жалпы кітап қорында 625038 оқу, әдістемелік, көркем, ғылыми-танымдық әдебиеттер бар.

Кітап оқуды дәріптеу, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту, ақпараттық және функционалды сауаттылығын қалыптастыру жұмыстарын жүргізе отырып, кітапханалар оқу үдерісінің мақсаттарына қол жеткізу және Зияткерлік мектептердің миссиясын қолдау үшін өз жұмысын жетілдіруге талпынады.

5-ТАРАУ.

ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ





5-ТАРАУ. ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАРЫ

ДББҰ қызметін жетілдіру және тұрақты дамытуын қамтамасыз ету мақсатында ДББҰ өз ішінде, сондай-ақ сыртқы ұйымдарда өткізетін зерттеулерге аса көңіл бөлінеді.

2016 жылы мына бағыттар бойынша бірқатар қолданбалы зерттеулер өткізілді:

1. Зияткерлік мектептерде үштілді саясатты жүзеге асыруға әсер ететін және кедергі болатын тетіктер мен деректерді қарастыратын зерттеу;
2. Зияткерлік мектептерде *критериалды бағалаудың кіріктірілген моделін* жүзеге асыру бойынша зерттеу. Мұнда *критериалды бағалауды* енгізудің қаншалықты табысты өткені модельдің жеті критерийі бойынша анықталды, сонымен қатар аталған бағалау жүйесіне қатысты мұғалімдердің пікірлері зерттелді.
3. Зияткерлік мектептерде Тәжірибені іс-әрекет арқылы зерттеу (Action Research) және Сабақты зерттеу (Lesson Study). Бұл зерттеулерде мұғалімдердің кәсібилігін дамыту мақсатында аталған тәсілдерді қолданудың артықшылықтары мен кедергілері анықталды.
4. Зияткерлік мектептер арасында жүргізілетін ұзақ мерзімді зерттеу. Бұл зерттеуде 2010 жылғы мектеп түлектерінің пікіріне сәйкес Зияткерлік мектепте оқудың артықшылықтары, оқушының ары қарай білім алуы мен кәсіби өсуіне тигізетін әсері анықталды.
5. Зияткерлік мектеп мұғалімдерінің аттестациядан өту үдерісін бағалау. Мұнда мұғалімдердің бағалау үдерісіне қатысты пікірлері зерттелді және халықаралық, отандық мұғалімдерді аттестациялау үдерістері арасында салыстырмалы талдау жүргізілді.

Аталған зерттеулер «ішкі зерттеулер» ('insider' research) түрінде жүргізілген және тәжірибені жақсарту үшін қолданылады. Бірақ ішкі зерттеулерде бейтараптылықты жоғалту мүмкіндігі, зерттеу және кәсіби қызмет арасындағы қақтығыс пен мәліметтер бойынша ағат пікірлер тәрізді тәуекелдер болуы мүмкін. Бұл тәуекелдер білім беру саласындағы қазақстандық және халықаралық зерттеушілерден тұратын ДББҰ Ғылыми-консультациялық кеңес мүшелерінен кері байланыс алу арқылы азаяды. Сыртқы сарапшыларды және сырттан бақылаушыларды шақыру аталған зерттеулердің келесі сатысы болып табылады.

Зерттеулерді өткізу барысында тәуекелдердің бірі – зерттеу үдерісінің ұзақ уақыт бойы жүретіндігі және өзгерістерден біршама кеш қалатындығы. Тиісінше, зерттеу нәтижелері зерттеу аяқталған кезде өзекті болуы үшін алынған мәліметтердің және қолданылып жатқан ұсыныстарды жаңарту үшін ДБҰҰ департаменттерімен және орталықтарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасауды қажет етеді.

Жүргізілген зерттеу жобалары әр түрлі жобаларды жүзеге асырудың жалпы көрінісін береді және толғандыратын мәселелерді толықтай зерттеу әрі білім жүйесінің әр түрлі құрамдастарымен бірігу мақсатында одан әрі дамытуды қажет етеді. Келесі жылы жоғарыда көрсетілген төрт жоба бойынша жұмыстар жалғастырылады.

2012 жылдан бастап Зияткерлік мектептердің мұғалімдері жүзеге асырып жатқан тәжірибелерді құру бойынша дәлелдемелерде негізделген маңызды құралдардың бірі – Action reserch (Тәжірибені іс жүзінде зерттеу) және Lesson study (Сабақты зерттеу). Мұғалімдер

аталған бағыттарды жүзеге асыру барысында жұмысында өздерінің зерттеу жобаларының нәтижелеріне негізделе отырып, педагогикалық шеберлікті жетілдіреді. Ортақ жоспарлауды, сабақтарға қатысып, оны талқылауды сабақ берудің өзекті мәселелерін шешуге қажетті ынтымақтастық ортаны, педагогикалық рефлексия дағдыларын дамытады. Бүгінгі күні Зияткерлік мектептердегі **Action Research зерттеуіне 650-ден астам мұғалім және Lesson study зерттеуіне 750-ден аса мұғалім тартылды.** Action research және Lesson study бойынша әзірленген материалдар, жинақтар және нұсқаулықтар желінің ішінде қолданылады.

Зерттеудің шынайылығын қамтамасыз ету үшін «ішкі» және «сыртқы» мәдениеттердің тоғысуы қажет, сондықтан ол басқа ұйымдармен бірқатар ортақ зерттеулерді жүзеге асыруда есепке алынды:

- ▶ «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің оқушыларының денсаулық жағдайын зерттеу» («Назарбаев Университеті» ДББҰ, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ);
- ▶ Қазақстанда оқушылардың оқу үлгерімі мен психологиялық денсаулығын жақсарту үшін білім берудің психологиялық жағдайы мен қолайлы ортаны қалыптастыру мәселесін зерттеу («Назарбаев Университеті» ДББҰ, Кембридж университеті);
- ▶ «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің үштілді білім беру ұйымдарындағы оқу сауаттылығын бағалау сенімділігі» (Cito, Педагогикалық өлшемдер орталығы);
- ▶ «Конкурстық іріктеудің болжамды шындығы: зерттеу бойынша ұсыныстар және зерттеу бюджеті» (Cito, Педагогикалық өлшемдер орталығы);
- ▶ «Заманауи реформалар аясында Қазақстанның орта білім мазмұнын жетілдіру» («Назарбаев Университеті» ДББҰ, Кембридж университеті, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ);
- ▶ «Қазақстанда Педагогикалық шеберлік орталығының көшбасшылығы бойынша деңгейлік бағдарлама және бағдарламаның тиімділігін бағалау» (Кембридж университеті, Педагогикалық шеберлік орталығы) және тағы да басқа.

Аталған зерттеулердің нәтижелері ДББҰ басшыларына ұсынылған жеке есептерде көрсетілген, кейін зерттеулердің нәтижелерін пайдалану үшін және соңғы зерттеулердің жақсарту мақсатында құрылымдық бөлімшелермен егжей-тегжейлі талқыланылады. Осылайша, білім саласындағы зерттеу мен тәжірибенің арасындағы алшақтықты азайтуға, яғни «академиктер зерттеп, мұғалімдер сабақ беретіндей ғана емес, осы үдерістердің тығыз интеграциясы жүзеге асатындай орта» қалыптастыруға талпынады.

Жүргізілетін зерттеулердің нәтижелері халықаралық конференцияларда ұсынылды:

- ▶ Білім беру саласындағы Еуропалық зерттеушілер қауымдастығы конференциясында 14 ғылыми жоба ұсынылды (тамыз 2016 ж., Дублин қаласы, Ирландия);
- ▶ Салыстырмалы және халықаралық қоғамдастық конференциясы, 1 зерттеу жобасы ұсынылды (2016 ж. наурыз, Ванкувер қаласы, Ирландия);
- ▶ Lesson Study бойынша Дүниежүзі Қауымдастығының конференциясында 4 зерттеу жобасы ұсынылды (2016 ж. қыркүйек, Экзетер қаласы, Ұлыбритания).

ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘРЕКЕТ

Зерттеулер жүргізу - ДББҰ үшін жаңа бағыт және бұл кезеңнің негізгі міндеті Зияткерлік мектептер мен ДББҰ қызметкерлерінің ішкі зерттеу әлеуетін дамыту болып табылады.

ДББҰ және төрт орталық жүйесінде (ПШО, БББО, ПӨО, ББРО) одан әрі дамыту мен қолдауды талап ететін ғылыми әлеует бар. Бұл - **ғылыми дәрежесі бар 158 қызметкер (магистрлер, кандидаттар және докторлар)**. Мысалы, ДББҰ қызметкерлері келесі тақырыптар бойынша ғылыми жұмыстармен айналысты: «Білім беру кеңістігінде адами капиталды дамытудың психологиялық аспектілері», «Қазақстанның жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің сыныпшілік бағалау тәжірибелерін зерттеу», «Қазақстанның жалпы білім беретін мектептер мұғалімдерінің көшбасшылығын зерттеу».



Сонымен қатар 50 қызметкердің зерттеу жүргізу тәжірибесі бар. Қазіргі таңда **Зияткерлік мектептерге қатысты ағылшын тілінде 50-ге жуық халықаралық басылымдар бар** (ғылыми мақалалар, халықаралық есептер, конференцияға қатысу нәтижелері бойынша басылымдар).

Ғылыми әлеуетті дамыту бойынша ДББҰ Басқармасымен 2016 жылдың 18 мамырында № 19 хаттамамен бекітілген Ереже негізінде жүзеге асырылатын **Ғылыми-консультациялық кеңестің (FKK)** рөлі ерекше орын алады. Сырттай (29 маусым 2016 ж.) және көзбе-көз отырыс барысында (26 қазан 2016 ж.) зерттеу жобаларымен байланысты мәселелер, ДББҰ-ның VIII халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын (бұдан әрі – Конференция) өткізу концепциясы бойынша талқылау өткізілді және Білім беру саласындағы зерттеушілердің Қазақстан қоғамының алғашқы конференциясын (бұдан әрі – KERA) ұйымдастыру мәселелері қарастырылды. ДББҰ қызметінің зерттеу мәселелері бойынша жылдық есебі қарастырылды. Оның барысында FKK мүшелері ДББҰ зерттеу қызметін дамыту бойынша үлкен жұмыс атқарғандығы аталып өтті және оны дамытудағы келешек стратегиялық бағыт айқындалды. Осы жұмыстың нәтижесінде ұйымның зерттеу әлеуетін одан әрі дамыту, KERA-мен ынтымақтастықты дамыту және өткізілген зерттеулер бойынша ұсыныстар жасалды.

Зерттеу әлеуетін арттыру және ынталандыру, желі ішіндегі өзара әрекетті дамыту үшін түрлі платформалар құрылуда. Олардың бірі алғаш рет 2016 жылдың 23-24 маусымында Ақтау, Алматы және Петропавл қалаларының Зияткерлік мектебінде өтті. Педагогикалық тәжірибелерді зерттеуге қызыққан Зияткерлік мектептердің 350-ден астам мұғалімдері жинаған «Желілік өзара әрекеттесу арқылы мектептердің әлеуетін дамыту» тақырыбы бойынша **Зерттеушілердің Аймақтық Форумын** ұйымдастырды. Форум бағдарламасы аясында өзара оқыту және пікірталастардың белсенді түрлері – шеберлік сыныптары, тәжірибелік тренингтер, секциялардағы презентациялар және постер-сессия

шеңберінде зерттеу нәтижелері ұсынылды. Өзара әрекеттесудің барлық түрлері тәжірибе алмасу, оқыту және оқу үдерісі барысында туындайтын күрделі сұрақтарға жауап іздеу үшін қызу талқылауға бағытталды. Бұл оқиғаның мұғалімдерді кәсіби дамытудағы маңыздылығын ескере отырып, 2017 жылы өңірлік семинарлар өткізу жоспарланып отыр.

Зерттеулер жүргізу дағдыларын дамыту мақсатында 2016 жылы ДББҰ қызметкерлері мен халықаралық сарапшылардың қатысуымен **Зияткерлік мектептердің мұғалімдері үшін «Білім берудегі зерттеу әдістері» тақырыбы бойынша қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде 20 онлайн сабақ ұйымдастырылды.** Онлайн курстардың кестесі <http://research.nis.edu.kz/?p=810&lang=ru> сайтында берілген.

Ғылыми мәдениетті дамыту мақсатында ұйым шеңберінде және сыртқы серіктестермен, әсіресе Назарбаев Университетінің Жоғары Білім Беру Мектебімен, Қазақстандық білім беру саласындағы зерттеушілер қоғамы қауымдастығымен (KERA) және Кембридж университетінің Білім беру факультетімен тығыз ынтымақтастық жүзеге асырылып келеді. Бірлескен зерттеулерді өткізумен қатар, ДББҰ мен орталықтардың қызметкерлері үшін Кембридж университетінің Білім беру факультеті (Zsolt Lavicza) мен «Назарбаев Университеті» ДББҰ жоғары білім беру мектебінің (Daniel Torrano) тренерлерін шақырту негізінде семинарлар ұйымдастырылды. Бұл семинарларда қатысушылар өздерінің статистикалық талдау дағдыларын жетілдірді.



«БІЛІМ-2030: БІЛІМ МЕН ДАҒДЫ БОЛАШАҒЫ» ЭЫДҰ ЖОБАСЫ

2016 жылы жұмыстың аса маңызды бағыттарының бірі ДББҰ-ның «Білім-2030: білім мен дағды болашағы» ЭЫДҰ жобасына қатысуы болып табылады. Бұл жоба 2015 жылдың шілде айында Тұрақты даму саласындағы 2030 жылға дейін сапалы білім беруге бағытталған 4-мақсатты жүзеге асырудың жаһандық келісімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрі Е.К. Сағадиевтің шешімімен ДББҰ ЭЫДҰ-ның осы жобасы бойынша еліміздің ұлттық үйлестірушісі болып табылады.

Жобаға қатысушылар үшін ең өзекті мәселе: **«2030 жылға дейін оқушылар қандай білім, дағдылар, қатынастар мен құндылықтарды дамытуы керек?»**. Жоба мектептегі оқуды қазіргі әлемнің (VUCA әлемі) күтпеген жағдайларына барынша бейімдеп, мектепті және мектеп-2030 бейнесін айқындауға бағытталған. Сонымен қатар «бұл жоба оқу бағдарламасының қандай болуы тиіс деген сұраққа жауап беруге ғана емес, мемлекеттерге жеке және ұжымдаса отырып білім беру жүйесін дамытудағы мәселелерді зерттеу мүмкіндігін беретін ортақ тіл мен алаңды құруға бағытталған».

ДББҰ және ҚР БҒМ Ақпараттық-талдау орталығының өкілдері Париж және Бейжің қалаларында өткен ЭЫДҰ жұмыс отырыстарына қатысты. Бейжіңде өткен кездесуге (2016 жылғы қараша) 18 елдің 100-ден астам өкілі, білім беру саласындағы, түрлі мектеп желілеріндегі мамандар мен әлеуметтік әріптестер, сарапшылар қатысты. Мүдделі тараптардың кең ауқымын қамту мақсатында қатысушылар санын арттыру жоспарланып отыр. Осы кездесуде ұлттық үйлестіруші рөліндегі ДББҰ қызметкері жобаға және Қазақстандағы білім беру мазмұнын жаңартуға қатысты өз пікірін білдірді.

Бүгін осы жоба бойынша оқушыларды уақыт пен кеңістікте бағдарлау үшін «Білім-2030» және «Оқыту компасы 2030» тұжырымдамасын әзірлеу жұмысы жүзеге асырылуда. Сондай-ақ сарапшылар барлық елдердің қатысуымен оқу бағдарламасы бойынша ғылыми әдебиеттерге шолу, оқу бағдарламасы бойынша сауалнама, математика және дене шынықтыру пәндері деректерін салыстыру және мазмұнын терең талдау үшін «жылу картасын» әзірлеуде.

Осы жобаға Қазақстан мен ДББҰ-ның қатысуы елдегі және әлемдегі білім беру мазмұнын терең түсінуге, сондай-ақ 2016 жылдың қыркүйегінде басталған алған жалпы білім беретін мектептерде орта білім мазмұнын жаңартудағы талдау нәтижелерін қолдануға мүмкіндік береді.



6-ТАРАУ.

БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ





6-ТАРАУ. БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ

Зияткерлік мектептерде оқушыларға конкурстық іріктеуден түлектердің қорытынды аттестациясына дейінгі кезеңде жеке қолдау көрсету мүмкіндігін беретін білім беру сапасын бағалаудың кешенді жүйесі жұмыс істейді. Бағалау жүйесіне оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жасау рәсімі, оқу нәтижелерін критериалды бағалау, негізгі және жоғарғы мектептен кейінгі түлектердің қорытынды аттестациясы жатады.

6.1. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

Оқушылардың оқу жетістіктерін, қалдық білім деңгейін анықтау және жеке даму траекториясын түзету мақсатында оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізіледі.

Мониторинг компьютерлік тестілеу нысанында Questify бағдарламасын және жауап парақтарын пайдаланып орындалады.

«МАТЕМАТИКА» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ (20 Зияткерлік мектептің 7-12-сыныптарында)

2016 жылы мониторингтің 2 кезеңі жүргізілді:

- ▶ қаңтар айында (2015-2016 оқу жылы) - 19 Зияткерлік мектептің 7-9 және 12-сынып оқушыларымен жүргізілді;
- ▶ қыркүйек айында (2016-2017 оқу жылы) 20 Зияткерлік мектептің 7-12-сынып оқушыларына өткізілді.

Мониторингті өткізу үшін барлық сыныптар бойынша 708 тест тапсырмалары әзірленді (олардың ішінде: 7-сынып – 60 тапсырма, 8-сынып - 34 тапсырма, 9-сынып - 76 тапсырма, 10-сынып - 538 тапсырма).

Қаңтар айында жүргізілген мониторингке **9 213 оқушы қатысты**.

Мониторинг нәтижелері бойынша Зияткерлік мектептерге **78 051** есеп әзірленіп, жіберілді. Оның ішінде:

- ▶ әрбір сұрақты орындау сапасы туралы ақпарат берілген **34 345** жеке егжей-тегжейлі есеп;
- ▶ сыныптар мен салыстыру деңгейіндегі **121** есеп;
- ▶ оқу жетістіктері сипатталған **9 240** жеке есеп;
- ▶ оқушылардың ілгерілеуі туралы **34 345** есеп.

Қыркүйекте жүргізілген мониторингке **12 101 оқушы қатысты**.


Мониторинг нәтижелері бойынша Зияткерлік мектептерге **112 458** есеп әзірленіп, жіберілді. Оның ішінде:

- ▶ әрбір сұрақты орындау сапасы туралы ақпарат берілген **50 119** жеке егжей-тегжейлі есеп;
- ▶ сыныптар мен салыстыру деңгейіндегі **144** есеп;
- ▶ оқушылардың ілгерілеуі туралы **50 119** есеп;
- ▶ оқу жетістіктері сипатталған **12 076** жеке есеп.

«Математика» пәнінің оқу бағдарламасының «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және мүмкіндіктер теориясы» мен «Математикалық үлгілеу және талдау» атты бес бөлімі бойынша салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша оқушылардың оқу жетістіктерінің төрт деңгейі бойынша оңды динамика айқындалды («бастапқы», «негізгі», «жақсы», «жоғары»), бұл, өз кезегінде, оқушылардың оқу үдерісіндегі ілгерілеу дәлелі болып табылады.

«Сандар» бөлімі бойынша 8-сыныптар арасында 2016 жылдың қаңтар айындағы нәтижелермен салыстырғанда «негізгі» және «жақсы» деңгейлеріндегі оқушылар үлесінің артқандығы байқалады. «Негізгі» деңгейдегі оқушылардың үлесі біршама азайды.

Диаграмма. «Сандар» тарауы бойынша мониторинг нәтижелері, 9-сынып



«Алгебра» тарауы бойынша 9-сыныптардың арасында «негізгі» деңгейдегі оқушылар үлесінің көбейгені және «жақсы» әрі «**жоғары**» деңгейлердегі оқушылар үлесінің сақталғаны байқалады.

12-сынып оқушылары арасында аталған тарау бойынша «жақсы» деңгейіндегі оқушылардың үлесі біршама көбейгені (9,4%-дан 52,2%-ға дейін), сондай-ақ «негізгі» деңгейдегі оқушылар үлесінің азайғаны байқалады.

Диаграмма. «Алгебра» тарауы бойынша мониторинг нәтижелері, 8-сынып






Диаграмма. «Алгебра» тарауы бойынша мониторинг нәтижелері, 12-сынып



7-сыныптар арасында «Геометрия» тарауы бойынша 2015 жылдың қыркүйегінде «бастауыш», «негізгі» және «жақсы» деңгейлеріндегі оқушылардың үлесі басым болды. Жарты жылдан кейін тарауды меңгерудің «жоғары» деңгейіндегі оқушылардың үлесі

көбейді. Қыркүйек айында 8-сыныпқа өткен оқушылардың арасында «негізгі» деңгейдегі оқушылардың үлесі артты және «жақсы» әрі «жоғары» деңгейлеріндегі оқушылардың үлесі азайды.

Диаграмма. «Геометрия» тарауы бойынша мониторинг нәтижелері, 8-сынып




2015 жылдың қыркүйек айында «Геометрия» тарауы бойынша 8-сынып оқушылары арасында білім алушылар үлесі «бастапқы» деңгейінде болса, 2016 жылдың қаңтар және қыркүйек айларында оқу жетістіктері «негізгі» және «жақсы» деңгейлеріндегі оқушылардың үлесі тұрақты көбейгені байқалады.

12-сынып оқушылары арасында аталған тарау бойынша оқу жылының бірінші жартыжылдығы ішінде оқу жетістіктері «негізгі» және «жақсы» деңгейлеріндегі оқушылардың үлесі күрт артты.

Диаграмма. «Геометрия» тарауы бойынша мониторинг нәтижелері, 9-сынып.



Диаграмма. «Геометрия» тарауы бойынша мониторинг нәтижелері, 12-сынып



«Статистика және мүмкіндіктер теориясы»
- 7-сыныптар арасында бірінші жартыжылдық ішінде оқушылардың арасында оқу жетістіктерінің «жақсы» деңгейінің көбеюі және «бастапқы» деңгейінің төмендеуі байқалады.

12-сыныптардың арасында аталған тарау бойынша оқу жылының бірінші жартыжылдығы ішінде оқу жетістіктерінің «негізгі», «жақсы» және «жоғары» деңгейлеріндегі оқушылар үлесінің маңызды түрде көбейгендігі байқалады.

Диаграмма. «Статистика және мүмкіндіктер теориясы», 7-сынып







Диаграмма. «Статистика және мүмкіндіктер теориясы» тарауы бойынша мониторинг нәтижелері, 12-сынып.



«Математикалық үлгілеу және талдау» тарауы бойынша 8-сыныптар арасында 2016 жылдың қыркүйек және қаңтар айларындағы нәтижелерді салыстырғанда «бастапқы» деңгейіндегі оқушылар саны азайғандығы және оқу жетістіктері «негізгі», «жақсы» және «жоғары» деңгейлер үлесінің көбейгені байқалады.

Аталған тарау бойынша **12-сыныптар арасында** оқу жылының бірінші жартыжылдығы ішінде оқу жетістіктері «жақсы» және «жоғары» деңгейіндегі оқушылар үлесінің көбейгені және «бастапқы» деңгейіндегі оқушылар үлесінің азайғаны байқалады.

Диаграмма. «Математикалық үлгілеу және талдау» тарауы бойынша мониторинг нәтижелері, 8-сынып





Диаграмма. «Математикалық үлгілеу және талдау» тарауы бойынша мониторинг нәтижелері, 12-сынып



Демек, мониторинг нәтижелері барлық сыныптар бойынша 7-сыныптан 12-сыныпқа дейін оқу бағдарламасының барлық 5 тарауын оқуда оқушылардың біршама ілгерілеуін көрсетеді.

«Математика» пәні бойынша 7-12-сынып оқушыларының оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу жүйесін әзірлеу және енгізу шеңберінде математика пәнінің мұғалімдері үшін **4 семинар өткізілді**. Оның үшеуі Cito, Нидерланд Педагогикалық өлшемдер институтының халықаралық сарапшылары көмегімен ұйымдастырылып, өткізілді.

Семинарларда келесі жұмыстар жүргізілді:

- ▶ 7-9 және 12-сыныптарда жүргізілген мониторинг нәтижелерін талқылау;
- ▶ 2061 тапсырманы сараптамадан өткізу;
- ▶ мәтін дизайнының құрылымын бекіту;
- ▶ деңгей шегін анықтау және оны сипаттау.

Аталған семинарларға 29 мұғалім қатысты.

Мониторинг жүйесінің ерекшеліктері мен оқушылар нәтижесінің ілгерілеуі төмендегі құжаттарда көрініс тапты:

- ▶ Білім беру саласында бағалау бойынша Халықаралық қауымдастықтың «Оқу бағдарламасының стандарттары бойынша жетістіктерді бағалау – аяқталмайтын диалог» атты 42- конференциясы 2016 жылдың тамыз айында Оңтүстік Африканың Кейптаун қаласында өтті. Мақала конференцияның жинағында жарияланды.
- ▶ Білім беруде бағалаудың Еуропалық қауымдастығының Кипр, Лимассол қаласында 2016 жылдың қараша айында «Білім беруде бағалаудың әлеуметтік және саяси негіздері: өткен шақ, осы кез, болашақ» тақырыбында 17 конференциясы өтті. Конференция жинағында «Оқушылардың математика пәні бойынша оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу оқушылардың дербес оқу жолын тиімді түзету құралы және мұғалімдердің дидактикалық құралдарын жақсарту құралы ретінде» атты мақала басып шығарылды.

Ұсынылған материалдар халықаралық сарапшылардың қызығушылығын тудырды.

ТІЛДІК ПӘНДЕР БОЙЫНША ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

2016 жылы оқушылардың тілдерді меңгеру деңгейін бағалау мақсатында «Кіріктірілген қазақ тілі және әдебиеті» (бұдан әрі - Қазақ тілі екінші тіл ретінде), «Кіріктірілген орыс тілі және әдебиеті» (бұдан әрі - Орыс тілі екінші тіл ретінде), «Ағылшын тілі» пәндері бойынша екі мониторинг жүргізілді:

- ▶ 2015-2016 оқу жылы сәуір айында - 19 Зияткерлік мектептің 7 және 8-сынып оқушылары үшін;
- ▶ 2016-2017 оқу жылының қыркүйегінде - 20 зияткерлік мектептің 7-сынып оқушылары үшін;

Мониторинг жүргізу мақсатында сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша CEFR* деңгейлерге сәйкес Кіріктірілген білім беру бағдарламасының негізінде 418 тест тапсырмалары әзірленді: Тыңдалым, Айтылым, Оқылым және Жазылым.

CEFR деңгейлері (A1, A2, B1, B2, C1 және C2) оқушылардың ілгерілеуін қадағалау үшін келесі деңгейлерге бөлінген: оқу барысында Low (төмен), Mid (орташа) және High (жоғары).

Нақты бір сыныптың аяғына қарай Кіріктірілген білім беру бағдарламасы шеңберінде оқушылардың CEFR талаптарына сәйкес күтілетін тілдік құзыреттіктер деңгейі келесі бетте берілген.

* CEFR (Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment) – Жалпы Еуропалық шет тілін меңгеру деңгейін бағалайтын жүйе, әлемде тілдік құзыреттікті анықтау үшін қолданылатын бірыңғай стандарттарды белгілейді. 2001 жылы жүйені Еуропа кеңесі тілдік құзыреттікті бағалаудың ұлттық жүйесін құру үшін ұсынды. CEFR жүйесінде білім және білік 3 санатқа бөлінген (A,B,C), әрбір санат екі деңгейге бөлінеді (A1, A2, B1, B2, C1, C2).

Пәндерді екінші тілде оқу үшін (география, Қазақстан тарихы, қазіргі әлемдегі Қазақстан - қазақ тілінде, информатика, дүниежүзі тарихы - орыс тілінде) B1 деңгейі қажет (Девид Литл, 2010, Crawford, A. N., 2014).




7-сынып оқушыларының оқу жетістіктерінің бастапқы мониторинг нәтижелері

2016-2017 оқу жылының қыркүйегінде 7-сынып оқушыларының арасында тілдік пәндер бойынша бастапқы мониторинг жүргізілді. Мониторингке **2 258** оқушы қатысты.

Кесте. Тілдік құзыреттіктер деңгейі

Сынып	Пән	CEFR-ге сәйкес тілдік құзыреттік деңгейі
6-сынып (оқу жылының соңына)	Қазақ тілі екінші тіл ретінде Орыс тілі екінші тіл ретінде Ағылшын тілі	High A2
7-сынып (оқу жылының соңына)	Қазақ тілі екінші тіл ретінде Орыс тілі екінші тіл ретінде Ағылшын тілі	High B1 Mid-High A2
8-сынып (оқу жылының соңына)	Қазақ тілі екінші тіл ретінде Орыс тілі екінші тіл ретінде Ағылшын тілі	Low-Mid B2 Low-Mid B1
9-сынып (оқу жылының соңына)	Қазақ тілі екінші тіл ретінде Орыс тілі екінші тіл ретінде Ағылшын тілі	High B2 Mid-High B1
10 класс (оқу жылының соңына)	Қазақ тілі екінші тіл ретінде Орыс тілі екінші тіл ретінде Ағылшын тілі	Low-Mid C1 Low-Mid B2

Диаграмма. 7-сынып оқушыларының қазақ тілі екінші тіл ретінде пәні бойынша мониторинг нәтижелері, 2016 жылдың қыркүйегі



Орыс тілі екінші тіл ретінде


Қазақ тілі секілді, барлық оқушылар тілді High A2 қажетті деңгейінен жоғары дәрежеде меңгерген. Оның ішінде, оқушылардың көпшілігі дағдылар бойынша High B1 және Low B2 деңгейінде игерген. Тыңдалым-97,7%, оқылым-96,6%, айтылым-90,4%, жазылым-88%. Оқушылардың жартысы тілді Low B2 деңгейінде меңгерген.

Қазақ тілі екінші тіл ретінде

Нәтижелерді талдау барысында барлық төрт дағды бойынша оқушылардың басым бөлігі High B1 және Low B2 деңгейінде меңгерілген: тыңдалым-89,1%, оқылым-89,8%, айтылым-67,8%, жазылым-70,8%.

Демек, Зияткерлік мектептерде оқуды бастау үшін оқушылардың қазақ және орыс тілін екінші тіл ретінде меңгеру деңгейі Кіріктірілген білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келеді (High A2 және жоғары). Тілдерді меңгерудің аталған деңгейлері пәнді осы тілдерде оқуға жеткілікті.

Диаграмма. 7-сынып оқушыларының екінші тіл ретінде орыс тілі пәніне жүргізілген мониторинг нәтижелері. Қыркүйек, 2016



Ағылшын тілі.


Ағылшын тілі бойынша оқу бағдарламасын оқу үшін Low-Mid A2 деңгейі қажет.

Мониторинг мектепке жаңа қабылданған оқушылардың ағылшын тілін білу деңгейі барлық төрт дағды бойынша Mid-High A2 және тіпті Low B деңгейінде екендігін көрсетті: тыңдалым-99,3%, оқылым-91,8%, айтылым-69,1%, жазылым-66,1%.

Демек, мектепке жаңа қабылданған оқушылардың ағылшын тілі бойынша білімі оқу бағдарламасының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуге қажетті деңгейде.

Low A2 деңгейіндегі оқушылардың 31%-ы айтылымнан және 33,9%-ы жазылым дағдыларынан әлсіз. Аталған оқушылар педагогикалық көмекке мұқтаж.

Диаграмма. 7-сынып оқушыларының ағылшын тілі бойынша мониторинг нәтижелері, қыркүйек 2016



Тіл пәндері бойынша мониторинг деректері мектептерге оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту мақсатында сараланған оқытуды ұйымдастыру үшін берілді.

Зияткерлік мектептерге мониторинг жүргізу нәтижесі бойынша **23 042** есеп дайындалды. Оның ішінде:

18 232 - жеке егжей-тегжейлі есеп;

4 558 - оқу жетістіктері деңгейін көрсететін жеке есептер;

252 - сынып бойынша есеп.




Оқушылардың тіл оқудағы оқу жетістіктерін талдау

2016 жылдың сәуір айында өткізілген мониторингке **7 және 8-сыныптың 5 113 оқушысы** қатысты.

7-сынып оқушыларының нәтижелері 8-сынып оқушыларының 2017 жылғы сәуірде өтетін ілгерілеуін бағалауда қолданылатын болады.

Төменде 8-сынып (2016 жылдың сәуірі) және 7-сынып (2015 жылдың сәуірі) оқушыларына жүргізілген мониторинг нәтижелерінің салыстырмалы талдауы берілген.

Диаграмма. Қазақ тілі екінші тіл ретіндегі мониторинг нәтижелері



7 және 8-сынып оқушыларының үлесін тіл үйрену топтары бойынша салыстырып қарайтын болсақ, бір жыл ішінде елеулі ілгерілеуді байқауға болады.

7-сыныпта Mid B1 деңгейінде болған оқушылардың деңгейі 8-сыныпта жоғарылады. Low-B2 деңгейіндегі оқушылардың бір бөлігі High B2 деңгейіне өтті. 8-сынып оқушыларының басым бөлігі Mid B2 деңгейінде болса, 7-сыныптың басым бөлігі - High B1 деңгейінде.

«Тыңдалым» және «Жазылым» дағдылары бойынша жоғары өсу қарқынын көрсеткен (өсім көрсеткіші - 35,1% және 15,2%). «Айтылым» дағдысы бойынша оқушылардың 2015 және 2016 жылғы сәуірдегі нәтижелерін салыстырсақ, оңтайлы қарқынды байқауға болады (өсім 9,7%-ға тең).

Қазақ тілі екінші тіл ретінде

CEFR және КБББ-ның күтілетін нәтижелеріне сәйкес 8-сыныпта қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту үшін оқушылардың сөйлеу қабілеті Low-Mid B2 деңгейінде болуы талап етіледі. Мониторинг нәтижесі оқушылардың басым бөлігі тиісті деңгейге ие екенін көрсетті (тыңдалым-96,7%, оқылым-78,5%, айтылым-64%, жазылым-77,2%). Оқушылардың бір бөлігі тіпті одан да жоғары High B2 деңгейіне жетті.

8-сынып оқушыларының басым бөлігі қазақ тілінің оқу бағдарламасын меңгеруде елеулі ілгерілеу көрсетуде, яғни олар басқа пәндерді қазақ тілінде оқи алады.

Орыс тілі екінші тіл ретінде


8-сыныптарда орыс тілін екінші тіл ретінде оқыту үшін де сөйлеу қабілеті Low-Mid B2 деңгейінде болуы талап етіледі. Мониторинг нәтижесі оқушылардың басым бөлігі тиісті деңгейді көрсетті (тыңдалым-92%, оқылым-90%, айтылым-44%, жазылым-68,9%). Оқушылардың бір бөлігі тіпті одан да жоғары деңгейді - High B2 көрсетті.

7 және 8-сыныптардың оқушылары үлесін тіл үйрену топтары бойынша салыстырып қарайтын болсақ, бір жыл ішінде елеулі ілгерілеуді байқауға болады.

Сөйтіп, 7-сыныпта Mid B1 деңгейінде болған оқушылардың деңгейі 8-сыныпта жоғарылады. Low- B2 деңгейіндегі оқушылардың бір бөлігі High B2 деңгейіне өтті. 8-сынып оқушыларының басым бөлігі Mid B2 деңгейінде болса, 7-сыныптың басым бөлігі - High B1 деңгейінде.

Оқушылардың «Айтылым» және «Жазылым» дағдылары жоғары қарқынмен дамыды (өсім - тиісінше 40,5% және 24%). «Оқылым» дағдысы бойынша оқушылардың 2015 және 2016 жылғы сәуірдегі нәтижелерін салыстырсақ, оңтайлы қарқынды байқауға болады (өсім 9,7%-ға тең).

Диаграмма. Орыс тілі екінші тіл пәні бойынша мониторинг нәтижелері




Жоғарыда аталғандарды түйіндейтін болсақ, 8-сынып оқушыларының басым бөлігі орыс тілінің оқу бағдарламасын меңгеруде ілгерілеу көрсете отырып, басқа пәндерді орыс тілінде оқуға қабілетті.

Ағылшын тілі

8-сыныпта ағылшын тілін екінші тіл ретінде оқыту үшін сөйлеу қабілеті Low-Mid B2 деңгейінде болуы талап етіледі. Мониторинг нәтижесі оқушылардың басым бөлігі тиісті деңгейге ие екенін көрсетті (тыңдалым-98,6%, оқылым-84,4%, айтылым-78,1%, жазылым-68,4%). Оқушылардың бір бөлігі тіпті одан да жоғары деңгейге High B1 ие.

Диаграмма. Ағылшын тілі мониторингі нәтижелері





Демек, 8-сынып оқушылары ағылшын тілін меңгеру дағдыларын дамыту бойынша елеулі ілгерілеу көрсетуде.

Оқушылар «Айтылым» және «Жазылым» дағдылары бойынша қарқынды ілгерілеу көрсетті (өсім - тиісінше 8,2% және 12,6%).

Зияткерлік мектептерге мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша **80 586** есеп дайындалды.

Оның ішінде:

- **39 072** - жеке егжей-тегжейлі есеп;
- **40 944** - ілгерілеу бойынша жеке есеп;
- **570** - сыныптар бойынша есеп.

Өткізілген талдау негізінде келесіні мәлімдеуге болады: 8-сынып оқушыларының басым бөлігі ағылшын тілінен білім мен дағдыларға жеткілікті деңгейде ие, олар оқу бағдарламасын меңгеруде ілгерілеу көрсетті.

Оқушылар нәтижелерін талдау келесіні көрсетті: 7-сыныпқа жаңадан қабылданған оқушылардың жыл басында үш тілден ақпаратты қабылдау дағдылары көбірек дамығанын, дегенмен, қабылданған ақпаратты қайта жеткізіп беруде қиналатынын байқауға болады. Бұл, өз кезегінде, грамматика-аударма әдістемесі бойынша оқытудың нәтижесі.

Дегенмен, 7-сынып (2015 жыл) және 8-сынып (2016 жыл) оқушыларының оқу жылының соңында көрсеткен оқу жетістіктерінің көрсеткіштерін талдайтын болсақ, әр тіл мен дағды бойынша оң өзгерістерді байқауға болады.

2016 жылы Назарбаев Зияткерлік мектебінде 2 жыл оқыған 8-сынып оқушылары арасында қазақ тілі мен орыс тілін екінші тіл ретінде оқитын «Айтылым» дағдысы бойынша, сондай-ақ орыс тілі бойынша «Жазылым» дағдысы бойынша High B2 деңгейіндегі оқушылар саны күрт өскенін атап өткен жөн. Оған қоса, қазақ тілінен «Оқылым», «Жазылым» және «Тыңдалым» дағдылары бойынша Mid B2 деңгейіндегі, сондай-ақ орыс тілінен «Оқылым» бойынша Mid B2 деңгейіндегі оқушылар саны айтарлықтай артты.

7-9-сыныптар оқушыларының тілдік пәндер бойынша оқу жетістіктерін бақылау жүйесін әзірлеу және енгізу шеңберінде Сито мамандары Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тіл оқытатын 31 мұғалімі мен Педагогикалық өлшеулер орталығының қызметкерлері үшін 3 семинар өткізді.

Оқу – жоғары деңгейдегі дағдыларды бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеуге, сөйлеудің 4 дағдысына қатысты деңгейлерге сәйкес бағалау стандартын құруға бағытталған.

Мониторинг жүйесі оқушылардың ілгерілеуі мен нәтижелерін уақытында қадағалау, сондай-ақ оқу бағдарламасының бөлімдері мен жеке бір тақырыптарын меңгеруде қиыншылықтар туындағанын байқау мүмкіндігін береді. Бұл мәліметтер уақытылы педагогикалық көмек беру, сонымен қатар әр оқушыға жеке қолдау көрсету үшін қолданылады.

Аталған мониторинг жүйесін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі еліміздегі жаңартылған білім мазмұны шеңберінде орта мектептерде оқушылардың жеке ілгерілеуін қамтамасыз ету және бағалау мақсатында қолдануға ұсынатын болады.

6.2. КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІ

Критериалды бағалау жүйесі апробация мен жетілдіру кезеңінен сәтті өтіп, толыққанды жұмыс істеу мен тұрақты түрде даму кезеңінен өту үстінде.

2013-2015 жылдары критериалды бағалауды қолдану тәжірибесін ескере отырып, жүйе 2016 жылы жетілдіріліп, Зияткерлік мектептердің 1-4 және 7-сыныптарына енгізілді.

Жетілдірілген критериалды бағалау жүйесінің іске асырылуын қолдау мақсатында:

- ▶ Пәндер бойынша қазақ және орыс тілдерінде жазылған мұғалімдерге арналған жиынтық бағалау бойынша **43 әдістемелік нұсқаулық**;
- ▶ **Критериалды бағалау бойынша** зияткерлік мектеп мұғалімдеріне арналған нұсқаулық;
- ▶ Зияткерлік мектептерде критериалды бағалау ретін реттейтін **ережелік-нұсқаулық құжаттары** әзірленді.

Сонымен қатар ішкі жиынтық бағалаудың жарамдылығы мен беріктігін қамтамасыз ету мақсатында Кембридж Халықаралық Емтихандар Кеңесімен бірлесе отырып, жиынтық жұмыстар мен ішкі жиынтық бағалаудың тестілік сипаттамасына шолу жүргізілді, бұдан кейінгі жылдарда болатын барлық сыныптар мен пәндерді қамтитын ішкі жиынтық бағалауға шолу өткізу үшін нұсқаулықтар мен үлгілер әзірленді.

Қалыптастырушы бағалау бойынша тапсырмалар мен мысалдардың 116 жинағы және ішкі жиынтық бағалау бойынша 83 жинақ пәндер мен сыныптар бойынша әзірленіп, ДББҰ ресми сайтында жарияланды.

2016 жылдың 12 шілдесі мен 18 тамызы аралығында қалыптастырушы бағалауды кіріктіру бойынша негізгі және жоғары мектептің барлық пәндерінен **643 мұғалімге 27 біліктілікті арттыру курсы** өткізілді. Курстарды Педагогикалық өлшеулер орталығы қызметкерлері мен Кембридж халықаралық

емтихандар кеңесінің кеңесшілері өткізді. Олар қалыптастырушы бағалау мен оқушыларға тұрақты кері байланыс беру, кіріктіретін сабақтарды өткізу бойынша мұғалімдерге қолдау көрсетеді. Курстар оқыту мен оқушылардың оқу сапасын арттыруды көздейді.

2016 жылдың желтоқсан айында Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепте «Критериалды бағалаудың жетілдірілген үлгісін қолдану нәтижесі бойынша тәжірибе алмасу» атты семинар өткізілді. Семинарға 19 Назарбаев Зияткерлік мектептің 21 директор орынбасарлары мен 119 пән мұғалімдері қатысты.

Семинар жұмысы шеңберінде мұғалімдер тәжірибелерімен алмасып, критериалды бағалауды қолдану іс-тәжірибелерімен бөлісіп, өздерін алаңдататын сұрақтарды талқылады, сонымен қатар критериалды бағалау тәжірибесін жетілдіру мақсатында мұғалімдерге көмек болатын ұсыныстарды әзірледі.

Сонымен қатар критериалды бағалау жүйесінің ерекшеліктері, оны Зияткерлік мектептерге енгізу тәжірибесі мынадай халықаралық конференцияларда:

- ▶ «Қазақстанда критериалды бағалау жүйесін енгізу бастамасы» атты Еуропа қауымдастығының білім бағасы (AEAE) конференциясында (Лимассол қаласы, Кипр Республикасы);
- ▶ «Тиімді оқыту мен оқуды қамтамасыз ету мақсатында мұғалім мен оқушының бағалауға қатысты іс-әрекеті» атты Білім беруді бағалау бойынша халықаралық қауымдастықтың (IAEA) конференциясында (Кейптаун қаласы, Оңтүстік Африка Республикасы);
- ▶ «Зияткерлік мектептердегі критериалды бағалаудың кіріктірілген үлгісі–тиімді бағалау жүйесі ретінде» атты Еуропалық білім беру саласындағы зерттеулер қауымдастығы (EERA) конференциясында (Дублин қаласы, Ирландия) ұсынылды.



«Білім беру саласындағы өзгерістер аясын кеңейту; апробация және тарату» атты ДББҰ-ның Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы шеңберінде «Бағалау жүйесі» атты секциялық бағыт ұйымдастырылды. Онда критериалды бағалау жүйесін дамытудың негізгі басымдықтары қарастырылды.


Жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде Зияткерлік мектептерге критериалды бағалауды енгізу тәжірибесі еліміздің жалпы орта білім беру мектептерінің 1-сыныптарына бағалау жүйесін бейімдеп, енгізуде қолданылды.

6.3. 10 ЖӘНЕ 12-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ

Негізгі және орта мектепті тәмамдағаннан кейін Зияткерлік мектептердің 10 және 12-сынып оқушылары Кембридж Халықаралық Емтихан кеңесімен бірлесе отырып әзірленетін және өткізілетін сыртқы жиынтық бағалауды тапсырады.

Негізгі мектептен кейін жиынтық бағалау IGCSE халықаралық стандартымен салыстырылады, сондай-ақ ол тұңғыш рет 16 Зияткерлік мектептің 10-сыныптарында өткізілді. Оған 2 347 оқушы қатысты.

Диаграмма. 2015-2016 оқу жылында 10-сынып оқушыларының жиынтық бағалаудағы контингенті



Әрбір білім алушы міндетті 5 пән бойынша емтихан және таңдау бойынша 4 пәннің біреуінен емтихан тапсырды. Міндетті пәндер – Қазақстан тарихы, Математика, Қазақ/Орыс тілі, Қазақ/Орыс тілі және әдебиеті, Ағылшын тілі. Таңдалатын пәндер – Химия, Биология, Физика, Информатика.

Жиынтық бағалау қорытындылары бойынша 10-сынып оқушылары жақсы нәтижелер көрсетті.

Математика пәні бойынша емтихан жұмысы екі компоненттен тұрды - тапсырмалар оқушылардың математикалық тәсілдермен жұмыс жасай алуы, математика бойынша білімдері мен дағдыларын өмірде қолдана алуын тексеруге бағытталған. Оқушылар шаршы функциясының мәнін табу және график сызу, бөлшектерді қысқарту кезінде қысқаша

көбейту формулаларын қолдану, n-ші дәрежелі түбірі бар өрнектерді ықшамдау, сондай-ақ арифметикалық және геометриялық прогрессия формулаларын қолдану дағдыларын көрсетті.

A*, A, B және C бағаларын алған оқушылардың үлесі 43,2%-ды құрады, оның ішінде оқушылардың 8,3%-ы A* және A бағаларын алды. Ал жалпы әлем бойынша IGCSE деңгейі үшін емтихан тапсыратын оқушылардың бұл көрсеткіші A*-C – 74,1% құрайды. Нәтижелерге жаңадан ашылған мектептердің математикалық білім берудегі кемшіліктері әсер етті.

Қазақстан тарихы бойынша емтихан жұмысы екі компоненттен тұрды - тапсырмалар тарихи деректер мен оқиғаларды бағалауға, оларды талдауға, пайымдаулар мен жалпылама қорытындыларды жасауға бағытталған.

Оқушылар тарихи дереккөздермен жұмыс істеу, тарихи оқиғаларды сыни талдау, нақты дәлелдермен деректер келтіру, өз тұжырымдарын негіздеу дағдыларын көрсетті.

А*, А, В және С бағаларын алған оқушылардың үлесі 88,6%-ды құрады, олардың 12,2%-ы А* және А бағаларын алды. Әлемде «Тарих» пәні бойынша А* -С бағаларының үлесі 83,6%-ды құрады.

Демек, жоғарыда аталған дағдылар Зияткерлік мектептер оқушыларының бойында жақсы дамыған.

Бірінші тіл (қазақ/орыс) және екінші тіл бойынша (Кіріктірілген қазақ/орыс тілі мен әдебиет) емтихан жұмысы екі компоненттен тұрды - тапсырмалар коммуникациялық, тілдік және мәдениетаралық құзыретке және қазіргі таңдағы қоғамды тануға бағытталған.

Бірінші тіл (қазақ/орыс) бойынша оқушылар мәтіндерді талдауға берілген форма және жанр, нысаналы аудитория, мақсат, мазмұн, стиль және тілдің негізгі сипаттамаларын терең ұғынғандықтарын көрсетті. Стиль мен жанрдың арасындағы байланысты, ақпарат көзі мен нысаналы аудитория арасындағы байланысты анық көрсетті.

Қазақ тілінен А*, А, В және С бағаларын алған оқушылардың үлесі 64,3%-ды құрады, орыс тілінен – 77,4%, олардың 2,3%-ы және 10,6%-ы тиісінше А* және А бағаларын алды.

Екінші тіл бойынша (Кіріктірілген қазақ/орыс тілі мен әдебиеті) оқушылар түрлі дереккөздерден алынған мәтіндердің мазмұнын түсінуді, сұрақтарға жауап бере алуды, ақпаратты талдау, бағалау, іріктеу және оны белгілі бір стильде ұсынуды терең ұғынғандықтарын көрсетті. Оқушылар идеялар мен өз ойларына түсінік бере отырып, өз дәлелдері мен идеяларын, жеке әсерлері мен бақылауларын дәйекті түрде келтірді.

Кіріктірілген қазақ тілі мен әдебиеті бойынша А*, А, В және С бағаларын алған оқушылардың үлесі 79,4%-ды, кіріктірілген орыс тілі мен әдебиеті бойынша – 97,3%-ды құрады, олардың 13,5%-ы және 16,3%-ы тиісінше А* және А бағаларын алды.

Ағылшын тілі бойынша емтихан жұмысы төрт компоненттен тұрды - тапсырмалар коммуникациялық, тілдік және мәдениетаралық құзыретке және қазіргі таңдағы қоғамды тануға бағытталған. Оқушылар сөйлеу қызметінің төрт түрі: айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым бойынша дағдыларын көрсетті. Олардың көбі тыңдалған және оқып шыққан мәтіндердің мазмұнын түсінгендіктерін көрсете білді, негізгі және дәйекті ақпаратты таба алды және өз ойларын қисынды әрі логикалық тұрғыдан дұрыс жеткізе алды.

А*, А, В және С бағаларын алған оқушылардың үлесі 73,6%-ды құрады, олардың 5,4%-ы А* және А бағаларын алды.

Физика, химия және биология бойынша емтихан жұмысы үш компоненттен тұрды - тапсырмалар білімді тексеру мен үдерістерге және заңдарды түсінуге, ақпаратты, тәжірибелік дағдылар мен эксперименттік қызметті өңдеуге, қолдануға және бағалауға бағытталған.

Оқушылар мәселелерді шешуде білімдерін қолдануды, болжамдар келтіруді, түрлі дереккөздерден ақпаратты табуды және жүйелеуді, дәйекті жауапты қамтамасыз ету үшін дәлел келтіруді, сандық деректерді түрлендіруді, деректерді сипаттауды, заңдар мен теорияларды тиянақтауды, қорытындылар мен нәтижелерді келтіруді, эксперимент жасауды және оларды түсіндіру мен деректерді түрлі жолдармен (кестелер, графиктер, диаграммалар) ұсынуды көрсетті.

А*, А, В және С бағасын алған оқушылардың үлесі: физикадан – 53,8%, химиядан – 79,2%, биологиядан – 88,7% құрады, оның ішінде оқушылардың 12,7%-ы, 8,6%-ы және 12,5%-ы тиісінше А* және А бағаларын алды. Әлемде бұл көрсеткіш физика бойынша: А* -С – 79%-ды, химия бойынша: А* -С – 78%-ды, биология бойынша А* -С – 75,5%-ды құрады.


Оқушылардың нәтижелері ең үлкен қиындықтар тудырған тақырыптар мен бөлімдер бойынша мұғалімдерге арналған біліктілікті арттыру курстарын жан-жақты жоспарлау барысында пайдаланылды.



Информатика бойынша емтихан жұмысы екі компоненттен тұрады - тапсырмалар үлгілеу, жобаларды басқару, алгоритмдер мен бағдарламалауды қолдану дағдыларын бағалауға бағытталған. Алынған нәтижелер оқушылардың бойында ақпаратты жинау және талдау, қосымшаның дизайнын жасау және бағдарламалық кодын жазу, сондай-ақ тәжірибелік дағдылар мен сыни ойлау дағдыларының қалыптасқандығын көрсетті.

A*, A, B және C бағаларын алған оқушылардың үлесі 34,9%-ды құрады, олардың 0,7%-ы A* және A бағаларын алды. Әлемде A*-C бағаларын алған оқушылардың үлесі 79,8%-ды құрайды.

Диаграмма. 2015-2016 оқу жылында 12-сынып оқушыларының жиынтық бағалаудағы



Оқушылар 6 пән бойынша емтихан тапсырды, олардың 3-уі - міндетті түрде тапсырылатын пәндер және 2-3-уі - таңдау бойынша тапсыратын пәндер. Міндетті түрде тапсырылатын пәндер – Математика, Қазіргі әлемдегі Қазақстан, Ағылшын тілі. Таңдау бойынша тапсыратын пәндер: География, Химия, Биология, Физика, Информатика.

Жиынтық бағалаудың қорытындылары бойынша 12-сынып оқушылары жақсы нәтижелер көрсетті.

Математика бойынша емтихан жұмысы үш компоненттен тұрды - тапсырмалар математикалық ұғымдарды қолдану дағдыларын бағалауға, математикалық тәсілдерді қолдануға, математикалық тұжырымдарды келтіруге бағытталған.

Емтихан нәтижелерін ескере отырып, Зияткерлік мектептер оқушыларының компьютерлік сауаттылығын арттыру мақсатында Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті дүние жүзі бойынша танымал Carnegie Mellon University (KMY) зерттеу университетімен бірлесе отырып ұйымдастырылған «STEM және Computer Science» (информатика) таңдамалы курсы жүргізілді.

Жоғары мектептен кейінгі жиынтық бағалауды A-level және AS-level халықаралық стандарттармен салыстыруға болады. Оған 14 Зияткерлік мектептен 1880 оқушы қатысты.

Оқушылар гармоникалық тербелістерді сипаттайтын «Екінші ретті дифференциалды теңдеулер» тақырыбы бойынша есептерді шешу барысында физика бойынша білімді біріктіру дағдыларын қолдануды қажет ететін тапсырмаларды жақсы орындап шықты. Оқушылардың «Биномдық жіктеу», «Гаусс үлестіруі (қалыпты үлестірім)», «Пуассон үлестіруі» тақырыптарын меңгеруі бойынша, 2015 жылдың ОБ нәтижелерімен салыстырғанда, оң серпін байқалады.

A*, A, B және C бағаларын алған оқушылардың үлесі 48,6%-ды құрады, олардың 12,6%-ы A* және A бағаларын алды. Әлемде A Level емтихандарын тапсыратын және A*-C бағаларын алатын оқушылардың үлесі – 71,4%. Зияткерлік мектептер нәтижелерінің төмен болуы Кіріктірілген білім беру бағдарламасына, осыған дейін орта білім беру жүйесінде оқытылмаған,

23 жаңа тақырыптың енгізілуіне байланысты. Бұл тақырыптарды оқыту мақсатында мұғалімдердің біліктілігін арттыру қажет және ондай жұмыстар жүргізілуде.

"Қазіргі әлемдегі Қазақстан" пәні бойынша

емтихан жұмысы екі компоненттен тұрады, тапсырмалар тарихи деректер мен оқиғалар бойынша білім мен түсінікті бағалауға, оларды талдауға және коммуникация мен презентация дағдыларын бағалауға бағытталған.

Оқушылар тиісті мәнмәтінде түрлі деректер мен дәлелдерді пайдалану, өз ойларын бірізді, жүйелі білдіру, «Мәңгілік ел» құндылықтарын білу және тарихты терең ұғыну дағдыларын көрсетті. Оқушылар курстық жұмысты жазу барысында білім беру бағдарламасының «Қазақстан және жаһандану» бөлімі бойынша жақсы зерттеулер көрсетті.

A*, A, B және C бағаларын алған оқушылардың үлесі 75,2%-ды құрады, олардың 14,6%-ы A* және A бағаларын алды.

Физика, химия және биология бойынша емтихан жұмысы үш компоненттен тұрады, тапсырмалар білімді тексеру мен үдерістерге және заңдарды түсінуге, ақпаратты, тәжірибелік дағдылар мен эксперименттік қызметті өңдеуге, қолдануға және бағалауға бағытталған.

Физика бойынша оқушылар әлемнің қазіргі физикалық көрінісі жөнінде ғылыми түсініктерін, табиғатты танудың ғылыми тәсілдерін білетіндіктерін көрсетті: әр түрлі дереккөздерден ақпаратты табу, іріктеу, жүйелеу және ұсыну; жаңа жағдайларда білімді қолдану; дәлелдер келтіре білу. Оқушылардың бойында эксперименттік дағдылардың қалыптасуы: зерттеу жүргізу және жоспарлау; өлшеулер жасау, бақылауларды бағалау және түсіндіру; гипотезаларды келтіру және осы гипотезаларды қолдауға бағытталған дәлелдер келтіру.

Химия бойынша оқушылар ғылыми ұғымдармен жұмыс істей білу, терминдерге анықтама бере алу және физикалық-химиялық айнымалылар арасында байланыс орната білу дағдыларын, химиялық есептерді шешу барысында логикалық ойлауды қолдану дағдыларын, заттарды сапалық

тұрғыдан талдау бойынша тәжірибелік дағдылар, эксперименттік деректерді бақылау, өлшеу, талдау және түсіндіру дағдыларын көрсетті. Оқушылар кең таралған физикалық және химиялық құбылыстардың табиғатын түсіндіре білу, кейбір экологиялық жағдайларды талдай алу және химиялық өндірістік үдерістерді сипаттау барысында ақпаратты құрылымдай алу ептілігін көрсетті.

Биология бойынша оқушылар биологиялық терминдерді түсіне білу, адам қызметінің қоршаған ортаға әсерін талдай алу, түрлі биологиялық үдерістерді салыстыра алу біліктерін көрсетті. Оқушылар тәжірибелер қою және өткізу, үдерістерді бақылау, эксперименттік деректерді есептеу және түсіндіру, суреттер және басқа да графикалық ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын, кестелерді қолдана алу, гипотезаларды келтіру, ақпаратты бағалау және қорытындылар жасау біліктерін көрсетті.

A*, A, B және C бағасын алған оқушылардың үлесі: физикадан – 74,4%-ды, химиядан – 72,9%-ды, биологиядан – 76%-ды құрады, олардың 21,9%-ы, 19,7%-ы және 25,6%-ы тиісінше A* және A бағаларын алды. Әлемде A Level деңгейіне емтихан тапсыратын оқушылардың үлесі физикадан A*-C – 68,7%-ды, химиядан: A*-C – 67,1%-ды, биологиядан: A*-C – 68,1%-ды құрады. Бұл Зияткерлік мектептер түлектерінің нәтижелерінен төмен.

География бойынша емтихан жұмысы үш компоненттен тұрады, тапсырмалар терминдерді, үдерістерді, құбылыстарды талдау дағдыларын, синтезді, бағалауды және шешім қабылдауды білуге және түсінуге бағытталған.

Оқушылар терминдердің мағыналық мәнін аша алды, график пен картамен жұмыс істеу дағдысын, табиғи құбылыстардың туындауын, Қазақстанда болып жатқан әлеуметтік және экономикалық үдерістерге тарихи факторлардың ықпалын талдай білу біліктерін көрсетті. Оқушылар Қазақстан тарихы мен экономикалық географиясы бойынша білімдерін ойдағыдай жақсы қолданды.



A*, A, B және C бағаларын алған оқушылардың үлесі 72,7%-ды құрады, олардың 20,8%-ы A* және A бағаларын алды. Әлемде AS Level деңгейіне емтихан тапсыратын және A*-C бағаларын алған оқушылар үлесі 53,8%-ды құрайды. Бұл көрсеткіш Зияткерлік мектептердің түлектерінің көрсеткен нәтижелерінен айтарлықтай төмен.

Информатика бойынша емтихан жұмысы үш компоненттен тұрады, тапсырмалар деректерді, ақпаратты, бағдарламалық қамсыздандыруды, бағдарламалаудың тәжірибелік дағдылары мен мәселелерін шеше білуге және түсінуге бағытталған. Оқушылар ақпаратты жинау және талдау, кезеңдерді әзірлеу және жобаларды жасаудың тиімді тәсілдерін анықтау бойынша жақсы тәжірибелік дағдылар көрсетті.

A*, A, B және C бағаларын алған оқушылардың үлесі 48,4%-ды құрады, олардың 6,9%-ы A* және A бағаларын алды. Әлемде A*-C бағаларын алған оқушылар үлесі 53,1%-ды құрайды. Бұл Зияткерлік мектептер оқушыларының көрсеткіштерінен айтарлықтай төмен.

ТЕКСЕРІС

Емтихандардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін аккредиттеу мақсатында КХЕК инспекторлары мен ПӨО қызметкерлері Зияткерлік мектептерге сырттай тексеріс ұйымдастырды. Инспекторлар емтихан материалдарымен жұмыс жасаудағы қауіпсіздік шараларының сақталуын және емтихандардың халықаралық талаптарға сәйкес өткізілуін тексерді. Инспекция нәтижелеріне сәйкес емтиханға дайындық пен оларды өткізу халықаралық талаптарға жауап береді.

ЕМТИХАНДЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ТЕКСЕРУ

Емтихан жұмыстарын ойдағыдай тексеру және балдар мен бағаларды әділ қою үшін осы жұмысқа тартылған барлық мұғалімдер мен мамандар КХЕК сарапшыларының қатысуымен жүргізілген дайындықтан өтті. Оқушылардың **54 328** емтихан жұмысын тексеруге **399** адам қатысты.

Сыртқы жиынтық бағалау нәтижелеріне сәйкес Зияткерлік мектептердің **1 879** (100%) түлегі КХЕК сертификаттарын алды.



Барлық мүдделі тараптарға:

- ▶ 10-сынып (11 пән) және 12-сынып (7 пән) оқушыларының сыртқы жиынтық бағалауының қорытындылары бойынша **2** талдамалы есеп;
- ▶ 10 және 12-сыныптардың жиынтық бағалау пәндері бойынша оқушылар жауаптарының мысалдары берілген **26** жинақ ұсынылды.

Жиынтық бағалау пәндері бойынша оқушылар жауаптарының мысалдары келтірілген жинақтарда «А», «С» және «Е» бағаларына сәйкес келетін оқушылардың жауаптары, орындалған тапсырмалар бойынша сарапшылардың түсініктемелері берілген.

Зияткерлік мектептерде жиынтық бағалауды ұйымдастыру ерекшеліктері, оқушылардың нәтижелері «Білім берудегі өзгерістер аясын кеңейту: апробация мен тарату» атты VIII халықаралық конференциясында ұсынылды. «Білімді ел – Образованная страна» атты республикалық газетте «Эссе как форма итоговой аттестации» («Эссе қорытынды аттестация нысаны ретінде») мақаласы жарияланды.

Зияткерлік мектептерде сыртқы жиынтық бағалауды ұйымдастыру және өткізу тәжірибесі еліміздің жалпы білім беретін мектеп түлектерінің қорытынды аттестаттауын және Ұлттық бірыңғай тестілеуді жетілдіру барысында пайдаланылады.

6.4. ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРДІ АККРЕДИТТЕУ

Зияткерлік мектептерде білім беру сапасын бағалау жүйесі бағыттарының бірі олардың қызметінің халықаралық ұйымдармен бағалануы болып табылады.

Халықаралық ұйыммен аккредиттелген мектептер білім беру қызметтерінің жоғары сапасын растайды және өз оқушыларын әлемнің алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарына түсуге жақсы мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді. 2011 жылдан бері Зияткерлік мектептер Council of International Schools (CIS, Нидерланды) халықаралық аккредитациясын алуға бағытталған шаралар өткізіп келеді.

Аккредитация мектеп қызметінің 7 негізгі саласын қамтитын стандарттар бойынша өткізіледі. Келешек дамудың бағыты мен стратегиясын анықтайтын **мектеп миссиясы мен пайымының болуына** ерекше көңіл аударылады.

Оқыту мен оқу тәжірибесі оқушылардың жан-жақты дамуына ықпалдасып, нақты жазылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесіне негізделіп, әр оқушының академиялық мұқтаждықтарын ескеруі қажет. Аккредитация барысында **мектепті басқару, педагогикалық және қосымша кадрлардың сапасы мен олардың қамсыздандырылуы, оқыту мен оқудың қолжетімділігі, қоғам мен ата-аналармен арақатынас** сияқты мәселелер қарастырылады. **Оқушылардың қауіпсіздігі мен мектептің қаржылық қамсыздандырылуы** оқу үдерісінің тұрақты түрде жақсаруына әсер ететін факторлар ретінде қарастырылады.



CIS мамандары қолданатын негізгі әдіс - «triangulation» (триангуляция немесе үш не саны одан артық көздерден ақпарат жинау), оған оқу үдерісін бақылау (сабақтарға қатысу, мектепті тексеру), оқу үдерісіне қатысушылармен (оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер, қызметкерлер, әкімшілік) сұхбат және құжаттарды зерттеу кіреді.

Бұл мамандарға мектептің халықаралық аккредитация стандартына сәйкестігі туралы әділ және шынайы ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Аккредитация үдерісіне CIS мамандарының мектепке сенімділікті растайтын, алдын ала және топтық ресми сапарлары кіреді. Бұл сапарлардан кейін CIS әр мектепке ұсыныстар жасалған есеп береді. Мұнда мектептің CIS стандартына сәйкестігін жетілдіру және оны одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар қамтылған.

2016 жылы 16 Зияткерлік мектепке сенімділікті растайтын, алдын ала және топтық сапарлар жүзеге асырылып, келесі нәтижелер алынды:

- ▶ 20 Зияткерлік мектеп Council of International Schools (Халықаралық мектептер кеңесі) халықаралық ұйымның мүшелері болып табылады;
- ▶ 13 Зияткерлік мектеп «Аккредитацияға үміткер» болып табылады және қазіргі таңда өзін-өзі бағалау үдерісінен өту үстінде.
- ▶ 2 мектеп, атап айтқанда, Астана қаласындағы НЗМ мен Астана қаласындағы физика-математика бағытындағы НЗМ Council of International Schools (Халықаралық мектептер кеңесі) халықаралық аккредитациясынан өткен.



Ата-аналар кеңесі мен оқушылар кеңесінің мүшелеріне, сондай-ақ мектеп директорларына білім беру қызметі бойынша куәліктер мен атаулы сапа белгілері табысталды.

2016 жылы өзін-өзі бағалауға дайындық шеңберінде Endicott Research Center (АҚШ) атты зерттеу орталығы **13 Зияткерлік мектепте** сауалнама өткізді. Бұл сауалнама мектепті дамыту жоспарын даярлау мақсатында оқу үдерісіне қатысушылардың (оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар, түлектер, мектеп әкімшілігі және т.б.) мектеп өмірінің ұйымдастырылуы жайында пікірлерін зерттеу, мықты және әлсіз жақтарын анықтау мүмкіндігін береді. Сауалнамаға **13 000**-нан астам адам қатысты.

Сауалнама нәтижелерін мектептер өзін-өзі бағалау есебін даярлауда әлсіз және мықты тұстарын анықтағанда қолданады.

Сонымен қатар сауалнама нәтижесі мен мектептерге сапарлар барысында Зияткерлік мектептер әрекеттерінде төмендегі аспектілер атап өтілді:

- ▶ **ОҚЫТУ** және **ОҚУ** – мектептерде жақсы ойластырылған оқу бағдарламасы, әділ бағалау жүйесі, үш тілде оқыту тәжірибесіне деген талпыныс бар, сондай-ақ оқушылар оқу үдерісіне аса қызығушылық танытады.
- ▶ **БАСҚАРУ** және **ЖЕТЕКШІЛІК** – мектептердің өзіндік ерекше басқару құрылымы бар, мектеп директорлары көшбасшылық қасиеттерін көрсете біледі, сондай-ақ директорлар мен ДББҰ арасында тиімді серіктестік байқалады;



- ▶ **ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰРАМЫ** – зияткерлік мектептерде педагог қызметкерлердің кәсіби дамуына түрлі мүмкіндіктер жасалған.
- ▶ **БІЛІМНІҢ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ** – мектептер оқушыларға жеке (академиялық, тілдік, психологиялық және т.б.) қолдау көрсетеді, білім алушыларды конкурстық іріктеу әлемнің озық тәжірибелерін ескере отырып өткізіледі және оқушылардың бастапқы білімдері мен дағдыларын анықтауға көмектеседі;
- ▶ **МЕКТЕП МӘДЕНИЕТІ** – мектептер Мектептің қамқорлықшылық кеңесі арқылы сыртқы ұйымдармен белсенді арақатынаста түлектерге мамандық таңдауға қатысты қолдау көрсетеді және «Шаңырақ» атты өзіндік ерекше тәрбиелік жүйесі бар;
- ▶ **РЕСУРСПЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ** - мектептерде оқуға жағдай жасайтын тиімді материалды техникалық және қаржылай қамсыздандыру бар.

CIS мектептер мен оқу үдерісінің үздіксіз жетілуін қамтамасыз ететін іс-шаралар өткізеді. 2016 жылы CIS International Student Award (CIS-тің халықаралық сыйақысы) байқауында Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектептің еріктілер клубы «Бірігіп жақсылық жасаймыз!» атты жобасы бойынша жүлдеге ие болды.

Орал қаласындағы Зияткерлік мектептің 7 және 9-сыныптарының оқушылары «НЗМ тарихы: ерекше достарға арналған ерекше кітап» атты жобамен байқауға қатысты.



Халықаралық аккредитация үдерісін көбірек түсіну және халықаралық білім беру саласындағы білімді тереңдету мақсатында Зияткерлік мектептердің мұғалімдері мен әкімшілігі CIS-тің келесі іс-шараларына қатысты:

- ▶ аккредитациядан өткен мектептерге арналған симпозиум. Тақырыбы: «Жаһандық азаматтық және мәдениетаралық түсінушілік» (Лондон қаласы, Ұлыбритания);
- ▶ «Халықаралық деңгейдегі мектепті басқару» атты халықаралық мектептердің жетекшілеріне арналған симпозиум (Мельбурн қаласы, Аустралия).

CIS дербес мамандарды даярлау мақсатында жыл сайын тренинг өткізеді. Олар аккредитацияға орай мектептерге барады. 2016 жылы орыс және ағылшын тілін меңгерген мамандарды даярлау үшін тренингке Зияткерлік мектептердің 8 қызметкері шақырылды.

Council of International Schools (Халықаралық мектептер кеңесі) Назарбаев Зияткерлік мектептері өкілдерімен бірлесе отырып, ДББҰ-ның VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында Зияткерлік мектептерді аккредитациялау жұмысының қорытындыларын көрсетті.

Зияткерлік мектептердің тәжірибесі көрсетіліп жатқан білім қызметтерінің сапасын арттыру мақсатында еліміздегі жалпы білім беретін мектептердің ұлттық аккредитация стандарттары мен үдерістерін әзірлеу үшін қолданыла алады.



7-ТАРАУ.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ
НӘТИЖЕЛЕРІ






7-ТАРАУ. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

7.1. ҮЛГЕРІМ МЕН БІЛІМ САПАСЫ

2015-2016 оқу жылының соңындағы дерек бойынша Зияткерлік мектептерде 13736 оқушы оқыды. Оның ішінде 8090 оқушы (59%) қазақ тілінде және 5646-ы (41%) орыс тілінде білім алды. 2015-2016 оқу жылының қорытындысы бойынша оқушылардың үлгерімі 100%-ды, ал білім сапасы 92,4%-ды құрады.

Диаграмма. Зияткерлік мектептер оқушыларының оқу сатылары бойынша білім сапасы, %



Сонымен қатар оқу сатылары бойынша білім сапасы көрсеткіштері де жоғары, олар стратегиялық көрсеткіштерден шамамен 13%-ға артық.

Кесте. Білім сапасының көрсеткіштері, %

Оқу жылының қорытындылары бойынша білім сапасы	Жоспарлы мәндер	2015-2016 оқу жылының қорытындылары бойынша білім сапасы
бастауыш мектеп үшін	90%	94,8
негізгі мектеп үшін	70%	91,8
жоғары мектеп үшін	80%	94,5

Негізгі мектепті тәмамдау нәтижесінде 274 оқушы үздік куәлік алды, жоғары мектепті бітіру нәтижесінде 103 оқушы үздік аттестат, 55 оқушы «Алтын белгі» белгісін алды. Әрбір төртінші түлек мектепті «үздік» бітірді, 95,6%-ы «жақсы» және «үздік», оның ішінде 19,1%-ында тек бір ғана төрт деген баға болды.

7.2. ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДАЛАРҒА, ҒЫЛЫМИ БАЙҚАУЛАРҒА, КОНФЕРЕНЦИЯЛАРҒА ҚАТЫСУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Білім беру сапасының көрсеткіштерінің бірі – оқушының бәсекеге қабілеттілігі, яғни оның түрлі байқауларда, олимпиадаларда, сайыстарда байқалатын түрлі білім салаларындағы құзыреті болып табылады.

Кесте. Республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жоба байқаулары жүлдегерлерінің саны

Олимпиадалар		Ғылыми байқаулар		Байқаулар		Қашықтықтан өткізілетін интернет олимпиадалар		Барлығы		
Республикалық	Халықаралық	Республикалық	Халықаралық	Республикалық	Халықаралық	Республикалық	Халықаралық	Республикалық	Халықаралық	Барлығы
120	21	55	11	224	5	1338	175	1737	212	1949

Жоғары бәсекеге қабілеттілікті көрсете отырып, Зияткерлік мектептердің оқушылары ең беделді халықаралық пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар байқауларында ойдағыдай нәтижелер көрсетті: Халықаралық Менделеев олимпиадасы (Ресей, Мәскеу қаласы), Халықаралық химиялық олимпиада (ІСНО) (Грузия, Тбилиси), Биология пәнінен халықаралық олимпиада (ІВО) (Вьетнам, Ханой), Математика, физика және информатика пәндері бойынша Жәутіков халықаралық

Сондықтан Зияткерлік мектептердің оқушылары жылда түрлі республикалық, халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарға және байқауларға қатысады.

2016 жылы **3 693** оқушы 35 республикалық және халықаралық олимпиадалар мен байқауларға қатысты, олардың **1 949-ы жүлделі орындарға** ие болды (2015 жылы – **1 321**). Оның ішінде: бірінші орын – 494; екінші орын - 691, үшінші орын - 764 адам (Қосымша).

олимпиадасы (Қазақстан Республикасы, Алматы), «Жібек жолы» Халықаралық математикалық олимпиадасы (Қазақстан Республикасы, Алматы) және Халықаралық Азия-Тынық мұхиттық математикалық олимпиада (Қазақстан Республикасы, Алматы), «Нанотехнологиялар – Келешекке талпыныс!» атты Бүкілресейлік олимпиада (Ресей, Мәскеу қаласы), «Тұймада» атты оқушылардың математика, физика, химия, информатика



пәндері бойынша халықаралық олимпиадасы (Ресей, Саха Республикасы, Якутск қаласы) және Жолдасбеков атындағы оқушылардың математика және механика саласы бойынша зерттеу жұмыстарының халықаралық байқауы (Қазақстан Республикасы, Алматы), «Ғылым әлемін ашамыз» атты мектеп оқушыларының ғарыштық зерттеулер бойынша халықаралық ғылыми жарыстар (Қазақстан Республикасы, Байқоңыр қаласы), «Архимед – 2016» атты өнертабыс пен инновациялық технологиялар халықаралық салоны (Ресей, Мәскеу қаласы), «I-SWEEEP» халықаралық байқауы (АҚШ, Техас штаты, Хьюстон қаласы), «Денені жарақаттамай балалыққа тартқан жол» конференциясы (Аустрия, Вена), «Адам-Жер-Ғарыш» атты балалар мен жастардың қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ғылыми-зерттеу жобаларының бүкілресейлік олимпиадасы (Ресей, Королев қаласы), «Математика және жобалау» атты халықаралық ғылыми байқау (Ресей, Мәскеу қаласы), Математиктердің Европалық Конгресі (Германия, Берлин қаласы), Физика бойынша 13- халықаралық жасөспірімдер олимпиадасы (IJSO) (Бали аралы, Индонезия), Жас биологтар халықаралық турнирі (Ресей, Мәскеу қаласы).

Олимпиадалар мен байқауларға қатысу көрсеткіштерінің жоғары болуы мұғалім мен оқушының бірігіп еңбек етуінің, «оқушы-ғалым» жобасы аясында олардың ынтымақтастығының, бірлескен авторлығының, ортақ шығармашылығының, ғылыми және зерттеу жұмысын жүзеге асырудың нәтижесі болып табылады.

Сонымен қатар жалпы білім беретін және Зияткерлік мектептердің 16 оқушысынан тұратын ұлттық құрама (бұдан әрі - Құрама) Нью-Делиде (Үндістан Республикасы) еліміздің атынан 2016 жылдың 25 қарашасынан 27 қарашасына дейінгі аралықта өткен WRO-2016 Дүниежүзілік олимпиадасына қатысты.

2014 жылдан бастап World Robot Olympiad (WRO) ережесі бойынша ДББҰ Қазақстанда робот техникасы бойынша олимпиада өткізудің ұлттық ұйымдастырушысы мәртебесіне ие болды.

Ағымдағы жылдың қыркүйегінде Зияткерлік мектептерде робот техникасы бойынша олимпиаданың іріктеу желілік кезеңі өткізілді, бұл кезеңге Зияткерлік мектептерден және жалпы білім беретін ұйымдардан, коммерциялық емес және коммерциялық ұйымдардан 248 топ қатысты. Олардың ішінде 89 топ өте жақсы нәтиже көрсетті және робот техникасы бойынша олимпиаданың республикалық кезеңіне өтті.

2016 жылдың 8-9 қазанында Астана қаласының Халықаралық мектебінде робот техникасы бойынша республикалық олимпиада өтті.

ҚР БҒМ және ДБҰҰ ұйымдастырған іс-шараға еліміздің жалпы білім беретін және Зияткерлік мектептерінен 178 оқушы қатысты, олардың 16-сы кейін еліміздің ұлттық құрамасына кірді.

WRO-2016 олимпиадасына Құрама жеті санат бойынша қатысты: Regular Junior High, Regular Senior High, Open Elementary, Open Junior High, Open Senior High, Advanced Robotics Challenge, Football.

Open санаты бойынша Құрама үш **шығармашылық жобаны** ұсынды:

1. **«Eco House» қоқысын қайта өңдеу станциясы**, авторлары - Алматы қаласының химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 7-сынып оқушылары Еркін Ақжан және Жүсіп Ескендір.
2. **«Қоқыс сұрыптайтын кешен»**, аталған жобаның авторлары – Астана қаласындағы Зияткерлік мектептің 9-сынып оқушылары **Насыров Сұлтан және Жангулов Алдияр**.
3. **«Жер шары маңындағы орбитада ғарыштық қоқысты жою үшін роботтандырылған орбиталық станция»**, Талдықорған қаласындағы физика - математика бағытындағы Зияткерлік мектебінің 9 және 10-сыныптарының оқушылары **Бек Талғат және Алексеев Анатолий** станцияның түптұлғасын жүзеге асырды.

Үш күн бойы өткізілген жарыс нәтижесінде Құраманың **«Жер шары маңындағы орбитада ғарыштық қоқысты жою үшін**



роботтандырылған орбиталық станция» жобасы WRO LEGO Education Creativity Award ең беделді сыйлығын жеңіп алды. Жоба барлық ұсынылған жобалардың ішінде ең жасампаз және инновациялық деп танылған.

Бұл жетістік елімізде робот техникасын дамытуға бағытталған курстың стратегиялық маңыздылығын растайды. Қазақстан және дарынды қазақстандық балалар қазірдің өзінде әлемді бағындырып жатыр.

WRO-2016 байқауында алған тәжірибені ескере отырып, робот техникасы бойынша республикалық олимпиада 2017 жылы EXPO-2017 негізінде өтеді.

Сонымен қатар 2016 жылы Зияткерлік мектептердің оқушылары зияткерлік **меншік объектілерін тіркеді:**

- 1. Әбдіраман Айзат** – Қызылорда қаласындағы Зияткерлік мектеп оқушысы. Авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілді. Тақырыбы: «Тригонометриялық бірлік сағаты», авторлық құқықпен қорғалған нысана 2010 жылы 23 маусымда құрылды, тізілімде 2013 жылдың 24 маусымындағы №847 болып тіркелді.
- 2. Әубакирова Дана, Ақанов Ақыл** – Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектептің оқушылары. «Шайқурай негізіндегі композиция» өнертабысына инновациялық патентін алды. 2014 жылдың 30 желтоқсанында басымдылық орнатылып, 2015 жылдың 28 желтоқсанында ҚР инновациялық патенті және «Шайқурай негізіндегі депрессияға қарсы дәрі»



өнертабысына ЕУРАЗИЯЛЫҚ ПАТЕНТ берілді. 2015 жылдың 2 желтоқсанында KZ2015/055 Еуразиялық сұраным басымдығы орнатылды.

- 3. Федоровский Артем** – Павлодар қаласындағы Зияткерлік мектеп оқушысы. Тақырыбы: «Мұнай ластауынан суды тазарту үшін адсорбентті алу әдісі», пайдалы модельге патент беру туралы қорытынды. Берілген күні – 2016 жылғы 3 қараша, пайдалы модельге патент.
- 4. Бисенова Ақмарал** – Қызылорда қаласындағы Зияткерлік мектеп оқушысы. Тақырыбы: «1-метилпентилацетатты алу әдісі». Өтініш берген күні: 2016 жылдың 12 ақпаны.

Зияткерлік мектептерде олимпиада қозғалысын ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша жүйелік жұмыс:

- ▶ қажеттіліктерді жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға, дарынды оқушылардың қабілеттері мен мүдделерін дамытуға септігін тигізеді;
- ▶ қандай да болмасын білім саласын оқуға үлкен қызығушылығын танытатын оқушылардың бейімділігін ерте анықтауды қамтамасыз етеді;
- ▶ оқушылардың жоғарғы оқу орындарына түсуге байланысты бейінді дайындығын қамтамасыз етеді;
- ▶ оқушыларға болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға көмектеседі.

Оқушылардың зияткерлік байқауларға



қатысуы деректерге сүйенген материалдарды білумен қатар, жаңа қалыпсыз жағдайларда шығармашылық ойлауды талап ететін білімді қолдану білігін, атқарымдық сауаттылық дағдысын дамыту, жаңа жағдайда үйрену білігін, қойылған міндеттерді орындауға бар назарын салу, күйзелген жағдайда тез шешім қабылдау икемділігін көрсету мүмкіндігін береді. Жоғарыда аталған қасиеттер - оқушыларға қазіргі заманда бәсекеге қабілетті болуына қажетті ерекшеліктер.

7.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАНДАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Жыл сайын Зияткерлік мектептердің 12-сынып оқушылары олардың ағылшын тілін игеру мен меңгеру сапасын және деңгейін анықтау мақсатында IELTS (International English Testing

System) халықаралық емтиханын тапсырды. Аталған емтихан нәтижесін әлемдегі жетекші халықаралық жоғарғы оқу орындары мойындайды.

2015-2016 оқу жылында 16 Зияткерлік мектептің 2071 түлегі IELTS емтиханын тапсырды. Барлық мектептер бойынша орташа балл **5,8 балды** құрады, ал емтиханды 3 және одан да көп жыл тапсыратын мектептерде орташа балл **6,1** балды құрады.

Ең жоғары нәтижені Астана қаласының физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектептердің түлектері көрсетті. Атап айтқанда, нәтиже **6,4 балды** құрады.

Барлық түлектердің 52%-ы орташа 6 және одан жоғары балл алды, 11%-ы - өте жоғары нәтиже 7 және одан жоғары балл алды.


Кесте. 2015-2016 оқу жылындағы IELTS нәтижелері

№	Зияткерлік мектеп	Оқушылар саны	Орташа балл
1	Астана қаласындағы ФМБ	130	6,4
2	Көкшетау қаласындағы ФМБ	116	6,2
3	Семей қаласындағы ФМБ	111	6,1
4	Талдықорған қаласындағы ФМБ	90	6,2
5	Өскемен қаласындағы ХББ	106	6,1
6	Орал қаласындағы ФМБ	170	5,6
Орташа балл (3 жылдан астам жұмыс істейді):		723	6,1
7	Қарағанды қаласындағы ХББ	170	6,0
8	Ақтөбе қаласындағы ФМБ	183	5,7
9	Шымкент қаласындағы ФМБ	129	5,8
10	Шымкент қаласындағы ХББ	122	5,9
11	Атырау қаласындағы ФМБ	182	5,3
12	Павлодар қаласындағы ХББ	78	5,9
13	Қызылорда қаласындағы ФМБ	149	5,5
14	Тараз қаласындағы ФМБ	145	5,5
Орташа балл (3 жылға жетпей жұмыс істейді):		1158	5,7
15	Алматы қаласындағы ФМБ	161	5,8
16	Қостанай қаласындағы ФМБ	29	5,2
Орташа балл (тұңғыш рет тапсырылуда):		190	5,5
Жалпы орташа баллдың БАРЛЫҒЫ:		2071	5,8


2015 жылмен салыстырғанда барлық мектептерде нәтижелердің айтарлықтай жақсарғанын байқауға болады.

Диаграмма. 2015 және 2016 жылдар нәтижелерінің салыстырмасы

3 жылдан астам жұмыс істейтін мектептердің нәтижелері



3 жылдан аз жұмыс істейтін мектептердің нәтижелері



SAT-1, SAT-2, АСТ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫ

Жетекші шетелдік жоғарғы оқу орындарына түсу үшін Зияткерлік мектеп түлектері оқуға деген қабілетті тексеретін SAT халықаралық емтиханын қалаулары бойынша тапсырады.

2016-2016 оқу жылында SAT-1 тестінің нәтижесі бойынша 19 түлек (30%) 1800 және одан жоғары балл жинады және 32 түлек (50%) 1600 және одан жоғары балл жинады.

Сонымен қатар 10 түлек (6%) SAT-2 (математика, физика, биология) пәндері бойынша ықтимал 800 балдан 800 балл жинады.

Аталған нәтижелер түлектерге Американың беделді жоғарғы оқу орындарына оқуға түсуге мүмкіндік береді.

2016 жылдың мәлеметтері бойынша Астана, Көкшетау, Семей, Орал, Қарағанды, Шымкент және Қызылорда қалаларындағы Зияткерлік мектептердің 65 түлегі SAT-1 халықаралық сертификаттарын иеленді.

SAT-1 емтиханымен қатар Зияткерлік мектептердің түлектері физика (64), математика (56), математика 2 (56), химия (89) және биология (91) бойынша SAT-2 халықаралық емтиханын тапсырды.

SAT-1 емтиханы бойынша 2057 балдан 2400 ең жоғары орташа балды Қарағанды қаласындағы Зияткерлік мектеп жинады.



SAT-1 ең жоғары балдарды төмендегілер жинады:

- **Жармұхаметова Лаура** - ықтимал 2400 балдан 2140 балл (Қарағанды қаласындағы Зияткерлік мектеп ХББ);
- **Ахметжанова Айжан** - ықтимал 2400 балдан 2140 балл (Қарағанды қаласындағы Зияткерлік мектеп ХББ);
- **Байтан Бақдәулет** - ықтимал 2400 балдан 2060 балл (Шымкент қаласындағы Зияткерлік мектеп ХББ).

Өскемен қаласындағы Зияткерлік мектептің 3 түлегі АСТ сертификатын иеленді. АСТ (Academic College Testing) АҚШ колледждері мен университеттеріне түсу үшін тапсырылатын стандартты тест, SAT-тың баламасы болып табылады. **Оразғалиева Анель** ықтимал 36 балдан 34 балл жинады, бұл SAT - 2260 балл баламасына сәйкес келеді.

7.4. ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ТҮСУ

2015-2016 жылдары Зияткерлік мектептерді 2071 оқушы бітіріп шықты. Оның ішінде:

- 401 түлек Назарбаев Университетіне түсті, оның 36 түлегі Foundation курсына тоқталмай, бірден бірінші курсқа қабылданды.
- 1 443 - басқа қазақстандық жоғары білім орындарына түсті.
- 224 - алыс және таяу шетелдің жоғарғы оқу орындарына түсті.

1814 немесе 88% оқуға түскен түлек грант иегері атанды, оның ішінде 179 білім алушы 22 мемлекетке халықаралық грант ұтып алды.

Назарбаев Университетінде Foundation бағдарламасының 700 грантынан 356 орынды немесе 50%-ды Назарбаев Зияткерлік мектептері түлектері алды. Назарбаев Университетінің грантын жеңіп алған 29 түлек оқуын жалғастыру үшін басқа жоғарғы оқу орнын таңдап алды.

Назарбаев Университеті



401 немесе 19,4 %
түлек

(олардың 399 – грант,
2 – ақылы *)

ҚР ЖОО



1 443 немесе 69,7 %
түлек

(олардың 1 236 –
грант, 207 – ақылы)

ТМД ЖОО



78 немесе 4 % түлек
(олардың 70 грант,
8 – ақылы)

Алыс шетел ЖОО



146 немесе 7 % түлек
(олардың 109- грант,
37 – ақылы)

Келесі қазақстандық жоғарғы оқу орындары түлектердің арасында ең танымал болып табылады: Назарбаев Университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық


университеті, Сулейман Демирель атындағы университет, Халықаралық Ақпараттық технологиялар университеті, Қазақ-Британ техникалық университеті және т.б.

Кесте. 2016 жылдың түлектері арасында Қазақстан Республикасының танымал жоғарғы оқу орындарының тізімі

№	ЖОО атауы	Түскен білім алушылар саны	Түлектердің жалпы санындағы үлесі
1	Назарбаев Университеті	401	19,4
2	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	302	14,6
